

Біріккен
химиялық
компания



Химия
айналамызда

Жылдық есеп

2016

Мазмұны

БХК САНДАР ЖҮЗІНДЕ 2

БАЙҚАУ КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ 6

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ
ҮНДЕУІ 8



1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

- 1.1. Жалпы мәліметтер 12
- 1.2. Топтың құрылымы 13
- 1.3. Бизнес-үлгі..... 16



2. МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

- 2.1. Нарықты шолу және саладағы орны 22
- 2.2. Бәсекелік артықшылықтар. 28
- 2.3. БХК даму стратегиясы..... 29
- 2.4. Дамудың басым бағыттары бойынша қызметтің нәтижелері..... 33
- 2.5. Қаржылық нәтижелері..... 37
- 2.6. 2017 жылға даму келешегі . 40



3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- 3.1. Корпоративтік басқару қағидаттары 44
- 3.2. БХК корпоративтік этикасы 47
- 3.3. БХК басқару органдары және құрылымы 48
- 3.4. Сыйақы саласындағы саясат 62
- 3.5. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын және ұсыныстарын сақтау туралы есеп..... 63
- 3.6. 2016 жылдағы ірі мәмілелер туралы ақпарат..... 65
- 3.7. Тәуекелдерді басқару 65

Химия айналамызда

Сіздің қолыңыздағы – БХК-ның 2016 Жылдық есебі.

Оны рәсімдеу үшін «Химия айналамызда» тақырыбы таңдалды. Біз көзімізге үйреншікті болып кеткен заттарды пайдаланамыз, бірақ олардың неден жасалғанына тіпті мән бермейміз. Бұл ретте, оларда пайдаланылған материалдардың 90% -ына дейінгі бөлігін полимерлер құрайды. Дәл осы заттар бізге жылдамырақ, тиімдірек және табыстырақ болуға жәрдемдеседі.



4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

4.1. Есеп туралы	72
4.2. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік.....	74
4.3. Қызметтің экономикалық аспектілері	77
4.4. Экологиялық жауапкершілік.....	80
4.5. Әлеуметтік жауапкершілік.....	84

5. ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

5.1. Аудиторлардың тұжырымы	96
5.2. Қаржылық есептілік	99
5.3. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелері	106

6. ЖЫЛДЫҚ ЕСЕПТІҢ ҚОСЫМШАЛАРЫ

6.1. Глоссарий және қысқартылған сөздер тізімі	138
6.2. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу механизмдері ..	139
6.3. GRI есептілігінің стандартты элементтерінің кестесі	143

БАЙЛАНЫСУ АҚПАРАТЫ 147

10 ұйым

БХК АКТИВТЕР ҚОРЖЫНА
КІРЕДІ

793 адам

БХК ЖӘНЕ ЕТУ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ САНЫ

Біріккен
химиялық
компания

САНДАР ЖҮЗІНДЕ

Химия өнеркәсібі экономиканың әртараптандырылуы мен бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін экономиканың басым секторларының бірі ретінде Қазақстан Республикасын индустриалды-инновациялық дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына енгізілген. ҚР химия саласындағы ИИДМБ бойынша негізгі оператор ретінде «Біріккен химиялық компания» ЖШС анықталған.

БХК қызметі мұнай-газ-химия және агрохимия саласындағы жобаларды іске асыруға бағытталған. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БХК активтерінің құрылымы 10 еншілес, тәуелді және бірлесіп-бақыланатын компаниялармен ұсынылған.

БХК жобалары пайдалануға берілген, жұмыс істеп тұрған өндірістерді, іске асырылып жатқан және келешектік мұнай-газ-химия жобаларын, агрохимия және арнайы химия жобаларын, сондай-ақ мұнай-химия жобалары инфрақұрылымын салуды қоса алғанда, арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылымын салу жобаларын қамтиды.

7 547

 млн. теңге

2016 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
БОЙЫНША БХК КОМПАНИЯЛАР
ТОБЫНЫҢ ІС ЖҮЗІНДЕГІ
ПАЙДАСЫ

225,9

 млрд. теңге

2016 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ
АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНЫ

165,5

 млрд. теңге

ТОПТЫҢ МЕНШІКТІ
КАПИТАЛЫ

2016 ЖЫЛЫ ӨНДІРІЛДІ

7,7

 млн. дана

ПОЛИПРОПИЛЕН ҚАП

405

 тонна

ПОЛИЭТИЛЕН ҰЛБІР

1 737


 тонна

БОПП ҰЛБІРІ

136,7

 мың тонна

КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ



Негізгі уақиғалар

АҚПАН:

- БХК басқармасы жасалған ЕРС-келісімшарт негізінде «Үш-хлорлы фосфор және глифосат өндірісі» жобасының іске қосу кешендерімен жүзеге асырылуын мақұлдады.

НАУРЫЗ:

- Хош иісті көмірсутектер өндіру және мұнайды тереңдеп өңдеу жөніндегі кешенді электр энергиясымен қамтамасыз ету мақсатында «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-мен ынтымақтастық туралы меморандум жасалды;
- «Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу – Екінші фаза (полиэтилен)» жобасынан LG Chem-нің шығу шарттары бойынша уағдаластықтарға қол жеткізілді.

МАУСЫМ:

- Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу – Бірінші фаза (полипропилен) жобасының түзетілген ТЭН-іне арналған «Мемсараптама» РМК-нің тұжырымы алынды.

ШІЛДЕ:

- Ұзындығы 47 шақырым, кернеуі 220 кВ болатын электр берудің екі әуе желісін салу мақсатында «Батыс транзит» АҚ-мен ынтымақтастық туралы шарт жасалды;
- «Үшхлорлы фосфор және глифосат өндірісі» жобасы бойынша қарызды қамтамасыз ету жөнінде Қордың кепілдігі алынды.

2016



Есепті кезеңнен кейінгі уақиғалар

2017 ЖЫЛҒЫ АҚПАН:

- Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту шеңберінде, өзбек тарабымен бірлесе отырып, жарғылық капиталындағы БХК-ның 49% қатысу үлесімен бірлескен кәсіпорын – «Казахстанско-Узбекский Торговый дом «Нефтехим Трейдинг» ЖШС құрылды;
- ҚР Энергетика министрі Қ. Бозымбаевтың басшылығымен ҚР Энергетика министрлігі алқасының кеңейтілген отырысы болып өтті. Бұл іс-шарада БХК Басқарма Төрағасы мұнай-газ-химия жобаларын іске асыру бойынша 2016 жылғы БХК қызметінің қорытындысы туралы және 2017 жылға арналған жоспарлар туралы баяндамамен сөз сөйледі.

ҚЫРКҮЙЕК:

■ Бизнесмендер мен шағын және орта бизнес субъектілерін Атырау облысында орналасқан «ҰИМТ» АЭА жағдайында жұмыс істеу үшін тарту мақсатында, Атырау қ. аймақтық инвестициялық форумы шеңберінде химия және мұнай-химия саласының өкілдерімен «Atyrau Invest – Petro|Chemical Day 2016» іс-шарасы өтті;

■ «KPI Inc.» ЖШС мен Қытай Мемлекеттік даму банкі арасында Атырау облысында қуаты 500 мың тоннаны құрайтын полипропилен өндіру жөніндегі газ-химия кешенін салу жобасын қаржыландыру туралы 20 жыл мерзімге кредиттік келісім жасалды;

■ ҚР Вице-Премьер-Министрі А. Маминнің Өзбекстанға сапары шеңберінде «Узкимёсаноат» АҚ-мен жылына 10 000 тонна көлемінде күйдіргіш сода жеткізуге арналған химия саласындағы өнімді өзара импорттау және экспорттау жөніндегі ниет туралы Шартқа және «PERFECT LEATHER MANUFACTURE» ЖШҚ-мен жылына 800 тонна кальций гипохлориті мен жылына 3 000 тонна көлемінде күйдіргіш сода жеткізуге арналған Меморандумға қол қойылды;

■ ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының Өзбекстан Республикасына сапары болды. Кездесу барысында екі елдің бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік өнімін, соның ішінде мұнай-газ және химия салаларын қоса алғанда, жылжыту бойынша Сауда үйлерін құру туралы шешім қабылданды, онда БХК ортақ құрылтайшылардың бірі болып табылады.

ҚАЗАН:

■ «Полимер Продакшн» ЖШС мен өзбектің компаниясы арасында биаксиальді-бағдарланған полипропилен үлбірін (әрі қарай – ББПУ) жеткізу туралы шарт жасалды.

ҚАРАША:

■ Тараз қаласында агрохимия саласын дамыту және инвестициялар тарту мәселелеріне арналған «Taraz Invest – Agro|Chemical Day 2016» аймақтық инвестициялық форум өтті, онда форумның ұйымдастырушылары БХК-мен бірлескен түрде Жамбыл облысы әкімдігі болды.

ЖЕЛТОҚСАН:

■ Қор Басқармасының шешімімен «KLPE» ЖШС-дегі LG Chem қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу жөніндегі мәміле мақұлданды;

■ БХК мен сутек тотығының жетекші әлемдік жеткізушісі және оны өндіру саласындағы технологиялық көшбасшы, сондай-ақ қауіпсіздігімен, сенімділігімен және жоғары үнемділігімен ерекшеленетін кез-келген өнімділіктегі айрықша жобаларды әзірлеуге қабілетті әріптес болып табылатын Solvay (Бельгия) компаниясы арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды;

■ БХК-ның 2017–2026 жылдарға арналған ұзақ мерзімді Даму стратегиясы әзірленді.

■ «Самұрық-Қазына» АҚ ҚР-да аккредиттелген дипломатиялық корпус пен халықаралық компаниялар үшін брифинг ұйымдастырды. Брифинг шеңберінде каталитикалық крекинг шапшандатқыштарын өндіру жобасы бойынша ықтимал ынтымақтастық аясында БХК, «ҚазМұнайГаз» АҚ және американдық компания Grace арасындағы Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды;

■ «KPI Inc.» ЖШС мен CB&I арасында «Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу – Бірінші фаза (полипропилен)» жобасын басқару бойынша РМС-келісімшарт жасалды.

2017 ЖЫЛҒЫ НАУРЫЗ:

■ «Атырау облысында біріктірілген газ-химия кешенін салу – Бірінші фаза (полипропилен)» жобасы бойынша ЖСҚ-ға арналған «Мемсараптама» РМК-нің тұжырымы алынды.

Байқау кеңесі төрағасының үндеуі



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Біріккен химиялық компаниясы» ЖШС атынан 2016 жылғы қызметі туралы Жылдық есептің алғы сөзі құрметіне ие болып тұрмын. Қор Тобы құрамында БХК қызметінің бүкіл кезеңінде Компания алдында сын-қатерлер туындады, олар лайықты түрде қабылданды және еңсерілді.

Компанияда орын алған бірқатар оң өзгерістерге назар аударғым келеді.

2017–2026 жылдарға арналған ұзақ мерзімді даму Стратегиясын қабылдау есепті жылда Компания дамуы-

ның маңызды аспектісі болды, осыған сәйкес Компания өз алдына 2026 жылға дейін Кеден одағының химиялық және мұнай-химия компанияларының ең үздік 5-не кіру мақсатын қойды.

Қордың компаниялар Тобын трансформациясы аясында БХК бастамаларды қолдайды және инвестициялық жобаларды іске асыруда жақын уақытта нәтижелері күтілетін жаңа әдістер және тәсілдемелерді енгізеді. Жас мамандар кәсіпқойлығының өсіп келе жатқаны байқалады, бұл басқарушылық қызметкерлерінің ары қарайғы сабақтастығына сенімділік береді.

БХК өзара жеткізу және өндірілген өнімді өткізу саласындағы жақын елдермен ынтымақтастықты кеңейту бойынша қызметін жалғастыруда. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және Өзбекстан мен Қазақстан арасындағы тауар айналымын ұлғайту бойынша халықаралық деңгейде жүргізілген жұмыстар шеңберінде БХК екі елдің бәсекеге қабілетті өнеркәсіптік мұнай-газ және химиялық өнімдерін алға жылжыту бойынша бірлескен кәсіпорны – Сауда үйін – құруға қатысты.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру және БХК корпоративтік басқару Кодексіне сәйкес қызметтің ашықтығын арттыру бойынша жұмыс жалғасуда.

Тұтастай алғанда, БХК қызметі оң серпінге және ары қарайғы өсуде зор келешекке ие екенін айта кету керек.

Біз Байқау кеңесі, Басқарма бірлескен жұмысы және Компанияның бүкіл ұжымының мақсатқа бағытталған қызметінің арқасында, міндетті түрде біздің алдымызға қойған мақсаттарға жетуде үлкен жетістіктерге қол жеткіземіз деген үміт білдіремін.

Қуаныш Әбдіғалиұлы Бектеміров

2026 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ

КЕДЕН ОДАҒЫНЫҢ ХИМИЯ ЖӘНЕ
МҰНАЙ-ХИМИЯ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ

ЕҢ ҮЗДІК **5-не** КІРУ



Басқарма төрағасының үндеуі



ҚҰРМЕТТІ СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейінгі аралығын қамтитын «Біріккен химиялық компания» ЖШС Жылдық есебі парақтарында сіздермен қауышқаныма қуаныштымын.

Осы Есеп біздің GRI (Global Reporting Initiative) нұсқаулығына сәйкес әзірленген тұрақты даму туралы Есепті қамтитын бірінші Жылдық есеп болып табылады.

2016 жыл біз үшін Серіктестіктің жаңа даму Стратегиясын әзірлеумен есте қалды.

Үздік әлемдік тәжірибелер негізінде Серіктестіктің даму Стратегиясын жаңарту және бизнес-үлгілерді қайта қарау қажеттілігі Қордың және оның қоржындық компанияларының трансформация бағдарламасын іске асыру, басқарудың жаңа операциялық үлгілерін және активтер қоржынын басқаруда жаңа тәсілдемелер енгізу барысында туындады.

Стратегия нарықта компанияның бәсекелестік ұстанымы тұрғысынан ұзақ мерзімді даму бағыттарын қояды, қажетті ресурстарды бөледі, стратегиялық мақсаттарға жету және күрделі мәселелерді және тапсырмаларды шешу жолдарын анықтайды. Серіктестіктің 10 жылдық даму Стратегиясы Компания қызметіне жаһандық көзқарас қалыптастыруға және 2017–2026 жылдарға қажетті міндеттерді қоюға мүмкіндік береді. Түпкі мақсат бәсекеге қабілетті химиялық өндірістерді құру және ұзақ мерзімді құнының өсуі болып табылады.

2017–2026 жылдарға арналған БХК стратегиясы ұзақ мерзімді келешекте БХК табысты жұмыс жасауы үшін қажетті дамудың үш негізгі бағыттарын қарастырады:

- Шикізат артықшылықтарын ақшалай ету;
- Агрохимия және арнайы химияда тәжірибе жинақтау;
- Күрделі құрылыс, инновациялар және толыққанды маркетинг және сату желілерін құру саласында құзыреттерін дамыту.

БХК компаниялар Тобының операциялық қызметінде де айтарлықтай оқиғалар болды. 2016 жылы сәуір айында «Полимер Продакшн» ЖШС Орта Азияда жалғыз өндіріс болып табылатын, үш қабатты биаксиалды-бағдарланған полипропиленді үлбір (ББПУ) өндірісі бойынша негізгі технологиялық желіні пайдалануға беруді жүзеге асырды.

Сондай-ақ, полипропилен қаптар және полиэтилен үлбірлер шығаратын кәсіпорын түсімінің басым бөлігін Қазақстан және Ресей нарықтарында дәл осы ББПУ өткізу құрайды.

ББПУ өндірісі Атырау облысындағы «ҰИМТ» АЭА аумағында орналасқан біріктірілген газ-химия кешенінің («KPI Inc.» ЖШС) шикізатын (полипропилен) тұтынуға бағдарланған, оның құрылысын аяқтау 2020 жылдың соңында күтілуде. Біріктірілген газ-химия кешенін пайдалануға бергенге дейін ББПУ өндірісі импорттық шикізатқа бағытталған.

Қазақстанда химия өнеркәсібін дамыту және салаға инвестициялар тарту мақсатында 2016 жылы БХК-мен 2 аймақтық форум өткізілді. 2016 жылы қыркүйекте біз «Atyrau Invest – Petro|Chemical Day 2016» өңірлік инвестициялық форум аясында «ҰИМТ» АЭА жағдайында жұмыс жасау үшін кәсіпкерлер мен шағын және орта бизнес субъекттерін тарту мақсатында химия және мұнай-химия саласының өкілдерін жинап бірінші шараны өткіздік. Сол жылдың қараша айында «Тараз Химиялық паркі» АЭА аумағында агрохимия саласын дамытуға және инвестициялар тартуға арналған – «Taraz Invest – Agro|Chemical Day 2016» тағы бір аймақтық инвестициялық форум өткіздік.

Біз экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалымызды ұғынамыз және компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтауменен ұзақ мерзімді келешекте өзіміздің тұрақты дамуымызды қамтамасыз етуге мақсаттымыз. Сондықтан біз БХК қызметіне тұрақты даму қағидаттарын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастырамыз. Біз бұл жұмыстан келесі пайданы алуға үміттіміз: инвестициялар тарту, басқару сапасын арттыру және тәуекелдерді азайту, тиімділігін арттыру (өнімділігі

4 МЛРД. ДОЛЛ.

2016 ЖЫЛҒЫ ЖОБАЛАР ҚОРЖЫНЫ

жоғары және ресурстық тиімді технологияларды енгізу), беделін нығайту және ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың тарапынан бейілділікті арттыру.

Сонымен қатар, біз, тұрақты даму 2017–2026 жылдарға арналған даму Стратегиясын ойдағыдай жүзеге асыру қабілетіне әсер ететініне сенімдіміз:

- Сапалы өркендеуді және жаңа бәсекеге қабілетті тауарлармен халықаралық нарықтарға шығуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- Ұзақ мерзімді кезеңге қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді;
- БХК мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынаста көбірек сенімге ие болады;
- ҚР химия саласын дамытуда өзінің ықпал ету ауқымын және үлесін қосуға көмектеседі.

Одан әрі біз есептілік жөніндегі Жаһандық бастама стандарттарына сәйкес, қаржылық емес ақпаратты ашатын жұмысты жалғастырамыз, өз тәжірибемізді жетілдіруді және ақпаратты ашудың халықаралық тәжірибесін қолдануды жалғастырамыз.

Серіктестік корпоративтік басқаруды жетілдіру және барынша тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді. Біз Қазақстанның химия өнер-

кәсібінде көшбасшы болуға ұмтыламыз, біздің кадрлардың кәсіби сапасын дамытамыз, қоғамдық елеулі мәселелерді шешуге қатысамыз.

Біздің Компанияның қызметіне тұрақты жан-жақты қолдауы үшін Серіктестіктің Байқау кеңесіне алғыс білдіреміз.

Серіктестіктің қызметкерлеріне, еншілес және тәуелді ұйымдарға жұмыста көрсеткен кәсібилігі үшін алғысымды білдіремін, әрбір адам өз қажырлы еңбегімен және алға қойылған мақсаттарға жетуде нәтижеге көзделуімен ортақ іске үлес қосады.


«Біріккен химиялық компания» ЖШС барлық компаниялар Тобына 2017 жылы Қазақстанның химия өнеркәсібін дамытуға бағытталған жаңа кәсіби жеңістерге қол жеткізуін тілеймін.



Жеңіс Әлібекұлы Өсербай



Компания туралы



Полиуретан

— микромолекуласында орны басылмаған және/немесе оны басылған уретан тобы – N[®] - C(O)O- бар гетеротізбекті полимерлер, мұндағы R = H, алкилдер, арил немесе ацил. Агрессивті орталарда, үлкен белгілік ауыспалы жүктемелер мен температуралар жағдайында жұмыс істейтін бұйымдарды өндіру барысында резеңке алмастырғыштар ретінде пайдаланылады.

1.1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Біріккен химиялық компания» ЖШС (бұдан әрі – БХК) 2008 жылы 28-қарашада «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат Қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында 2009 жылы 22-ші қаңтарда құрылды.

БХК-ның Құрылтайшысы және Жалғыз қатысушысы «Самұрық-Қазына» АҚ болып табылады.

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша, БХК-ның төленген жарғылық капиталы – 233 515,6 млн. теңгені құрайды.

2016 жылы БХК ауқымында, меншік құрылымында елеулі өзгерістер болған жоқ.

БХК-ның мақсаттары болып табылады:

- Химия саласында инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;
- Меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында БХК-на тиесілі активтерді тиімді басқару.

БХК қызметінің мәні болып табылады:

- Химия саласында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін зерттеулер, сараптамалар және қажетті басқа да жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;
- Химия саласында инвестициялық жобаларды ұйымдастыру үшін қажетті жер қойнауын пайдалану саласындағы жобаларды ұйымдастыру және іске асыру;
- Осындай заңды тұлғадан акциялары (қатысу үлестерін) БХК-мен кейіннен иеліктен шығару мүмкіндігімен химия саласында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін өзге де заңды тұлғаларды құруға және (немесе) заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алуға БХК қатысуы;
- Оларды тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін меншік немесе сенімді басқару құқығында, 50% – дан астам дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) БХК-на тиесілі заңды тұлғаларды корпоративтік басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесін енгізу.

2011 жылы БХК Cefic кеңесінің қауымдасқан компаниясы мәртебесін алды. Аталған кеңес, 1,2 млн. қызметкерлер жұмыс істейтін және жылына 450 млрд. еуродан астам

сомада әлемдік химия өнімдерінің үштен бір бөлігін шығаратын Еуропа елдерінің 29 000-нан астам химиялық компанияларының мүддесін қорғайды.

БХК-ның Cefic қауымдасқан компаниясы мәртебесін алуы химиялық өнеркәсіп дамуының қазіргі беталыстары туралы ақпаратқа қол жеткізуге, химиялық өндірістің тұрақты дамуын ынталандыру бойынша шет елдердің тәжірибесіне, қауіпсіз өндіріс және химиялық өнімдерді пайдалану стандарттарына, статистикалық және талдау материалдарына мүмкіндік ашады, бұл бізге еуропалық химия өнеркәсібінің беталыстарынан, оның ішінде REACH регламенті, «Responsible Care – Жауапты қамқорлық» және т.б бағдарламаларынан хабардар болуға мүмкіндік береді.

Тиімді стратегиялық әріптестік пен өзара әрекеттестік мақсатында химия саласы мүдделерін ілгерілету бойынша БХК-сы «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мүшесі болып табылады. «Атамекен» ҰКП ішкі және сыртқы сауданы қоса алғанда, өз қызметімен барлық кәсіпкерлік саласын қамти отырып шағын, орта және ірі бизнес мүддесін қорғайды.

Сондай-ақ БХК «KAZENERGY» мұнайгаз және энергетика кешені ұйымдарының Қазақстан қауымдастығы»-на кіреді.



БХК-НЫҢ ТӨЛЕНГЕН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ

233 515,6

МЛН. ТЕҢГЕ


1.2. ТОПТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

БХК өз қызметін ҚР аймағында жүзеге асырады. БХК-ның актив-

тер бейіні 10 ұйымды, оның ішінде 8 еншілес ұйымдарды, 1 – бірлесіп

бақыланатын және 1 қауымдастырылған компанияны қамтиды.

1-сурет. БХК активтерінің құрылымы



* Аталған ЕТҮ-да 0,1%-ын иемденетін екінші қатысушы – «Полимер Продакшн» ЖШС болып табылады.


БХК-ның инвестициялық қоржыны 10 жобаны, оның ішінде 2 инфрақұрылымдық жобаны қамтиды: «ХимПарк Тараз» АЭА-тың өңірлік

инфрақұрылым құрылысы және және «ҰИМТ» АЭА-тың өндірістік және жалпы зауыттық инфрақұрылым құрылысы (1-кесте).

1-кесте. БХК-ның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы ақпарат


ЕТҰ-ның атауы	Қызметінің негізгі мақсаты	Қатысушылары
«БК ҚКЗ Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	Техникалық күкірт қышқылы өндірісі.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 90,11%; «Казатомөнеркәсіп ҰАҚ» АҚ – 9,89%.
«KPI Inc.» ЖШС	Атырау облысындағы біріктірілген газ-химиялық кешен, жоба бойынша инфрақұрылымдық нысандар және «Төңізшевройл» ЖШС өндірістік ғимараттарынан газ шикізатын беру үшін құбыр желісінің құрылысы.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 51%; «Фирма АЛМЭКС ПЛЮС» ЖШС – 49%.
«Полимер Продакшн» ЖШС	«Атырау облысында полимер өнімін өндіру» инвестициялық жобасын іске асыру.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,78%; «PropylenePack» ЖШС – 0,22%.
«ХИМ-плюс» ЖШС	«Глифосат (гербицид) өндірісі», «Күйдіргіш сода және хлор өндірісі» және «Үшхлорлы фосфор өндірісі» инвестициялық жобаларын іске асыру.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,65%; «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС – 0,35%.
«ХимПарк Тараз» АЭА БК» АҚ	«ХимПарк Тараз» АЭА-ты ұйымдастыру және дамыту.	«ХимПарк Тараз» АЭА БК» АҚ құрылтайшысы (Жалғыз акционер) – «Біріккен химиялық компания» ЖШС – 100%.
«ҰИМТ» АЭА БК» АҚ	«АЭА туралы» Заңға сәйкес «ҰИМТ» АЭА-тың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 6,65%; ҚР энергетика министрлігі – 93,35%.

2-сурет. Қазақстан өңірлерінде БХК-ның қатысуы



ЕТҰ-ның атауы	Қызметінің негізгі мақсаты	Қатысушылары
«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалды мұнай-химиялық технопарк» арнайы экономикалық аймақ инфрақұрылымы нысанының құрылысы: - газ турбиналы электр станциясы (бұдан әрі – ГТЭС) «ҰИМТ» АЭА аумағында инвестициялық стратегиялық жобаларды электр қуатымен және жоғары қысымды бумен қамтамасыз ету мақсатында; - сығылған ауа және азот өндіру қондырғысы (бұдан әрі – Техгаздар) «ҰИМТ» АЭА аумағында инвестициялық жобаларды сығылған ауамен, БӨАЖА ауасымен және азотпен қамтамасыз ету мақсатында	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,9%; «Полимер Продакшн» ЖШС – 0,1%.
«KLPE» ЖШС	Атырау облысындағы біріктірілген газ-химиялық кешен құрылысы – Екінші фаза (полиэтилен), полиэтилен және басқа да өндірілетін өнеркәсіптік өнімдерді, газды өңдеу және мұнай химиясы өнімдерін қоса алғанда өндіру, сату.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,9%; «Полимер Продакшн» ЖШС – 0,1%. Қазіргі уақытта LG Chem жобадан шығуына байланысты стратегиялық өріптес іздестіру жұмыстары жүргізілуде.
«PVH Development» ЖШС	Мұнай-химия өнімдерін шығаратын, соның ішінде винилхлорид полимерлері өндірісі; мұнай-химия өндірісі өнімдерін сату және көмірсутек шикізатын қайта өңдеу бойынша мұнай-химия өндірістерін құру және дамыту бойынша жобаларды өзірлеу және іске асыру.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,9%; «Полимер Продакшн» ЖШС – 0,1%.
«Бутадиен» ЖШС	«Бутадиен және синтетикалық каучуктер өндірісі: бутадиен өндірісі – Бірінші фаза» инвестициялық жобасын іске асыру.	«Біріккен химиялық компания» ЖШС – 99,9%; «Полимер Продакшн» ЖШС – 0,1%.

БХК-ның компаниялар Тобы қызметкерлерінің нақты саны есепті кезеңде – 793 адамды құрады, оның ішінде өндірістік қызметкерлер – 437 адам және әкімшілік-басқару қызметкерлері – 356 адам.



Степногорск:

- Өнімділік қуаты жылына 180 мың тонна күкірт қышқылы зауытын қайта қалпына келтіріу 2015 ж. іске қосылды.

Атырау облысы:

- Біріктірілген газ-химиялық кешен құрылысы (1 және 2-фаза);
- Полимер өнімдері өндірісі (2015 ж. іске қосылды);
- Бутадиен өндірісі;
- «ҰИМТ» АЭА-тың жалпы зауыттық инфрақұрылым құрылысы
- ГТЭС құрылысы;
- Су дайындау және тазалау қондырғысының құрылысы;
- Сығылған ауа және азот өндірісі бойынша кешен.

Жамбыл облысы:

- «Химиялық парк Тараз» АЭА құру;
- Күйдіргіш сода және хлор өндірісі;
- Үшхлорлы фосфор және глифосат (гербицид) өндірісі.




1.3. БИЗНЕС-ҮЛГІ

3-сурет. Мұнай химиясы – көмірсутек шикізаты мен тұтынушылық сұранысқа ие тауарларды байланыстыратын сала

1. КСШ өндіру

2. Мұнай-химия бөліністері

БАЗАЛЫҚ МОНОМЕРЛЕР



Ескертпе:


Сополимерлер – байланысты мономерлер;

Композиттер – химиялық тұрғыда әркелкі компоненттердің ұяқалыпынан тұратын көпкомпонентті материалдар.

3. Химия өнімін қайта өңдеу

ПОЛИМЕРЛЕР

СОПОЛИМЕРЛЕР



KLPE ӨНІМДЕРІ

- ЖТПЭ
- ТППЭ
- ТТСПЭ

ПОЛИЭТИЛЕН

ПОЛИПРОПИЛЕН

БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ХИМИЯ БӨЛІНІСТЕРІ

Төмендегі сұлбаны қараңыз (4-сурет)

KLPE ӨНІМДЕРІ

- Келесі маркалы ПП таспалар: 1102H, 1102K, 1102J, 1102L;
- Келесі маркалы ПП үлбірлер: 1104K, 1125MC, 1128N;
- Келесі маркалы ПП талшықтар: 1101N, 1101P, 1101S, 1101R;
- Қысыммен құюға арналған ПП: 1101L, 1100N.

ПЛАСТИКТЕР

- Этилен-винилацетат (EVA)
- Этилен-пропилен (EPDM)
- Этилені бар пропиленнің блок-сополимері (PPCP)
- Этилен-бутен-1/гексен-1 сополимерлері

КАУЧУКТЕР

- Этилен-пропилен-диен (EPDM)
- Бутадиен-стирол

EVA

- Автомобиль жасау, құрылыс;
- Аяқ киім өнеркәсібі;
- Кабельдерді оқшаулау, үрленіп жасалатын бөлшектер, профильдер, нығыздағыш бөлшектері, балқытпа-желімдер.

EPDM

- Терезелерді, кіреберіс есіктерді, түтіктерде, шлангтерде нығыздау;
- Төсемдер, белдіктер, электр оқшаулауы.

PPCP

- Ұйымдастыру техникасының корпусық бөлшектері;
- Автокөлік бамперлерінің, аккумуляторларының корпусы.

ОРАМ ЖӘНЕ КОНТЕЙНЕРЛЕР

- Шөлмектер, тағамдық контейнерлер, орам материалдары;
- Полиэтилен, полипропилен: полипропилен қапшықтар, полиэтилен қапшықтар және ББПУ-үлбір, ПЭТ

БОЯУЛАР МЕН ЖАБЫНДАР

- Автокөлік жабындары, электроникаға арналған жабындар, өнеркәсіптік жабындар;
- Полиуретан, полипропилен, акрил, винил

ТЕКСТИЛЬ

- Киім, арнайы киім, ілмектер

ҒАРЫШТЫҚ ЖӘНЕ АВИАЦИЯЛЫҚ ТЕХНИКА

МАШИНА ЖАСАУ

ҚҰРЫЛЫС

КЕМЕ САЛУ


ТҰРМЫСТЫҚ БҰЙЫМДАР

ЖИНАЗ

1. Бейорганикалық және арнайы химия өнімдерін өндіру

2. Бейорганикалық және арнайы химия бөліністері


1-бөлініс



БХК іске асырылып
жатқан жобалары БХК келешектік жобалары

3. Бейорганикалық және арнайы химия өнімдерін қайта өңдеу

2-бөлініс



Мұнай химия сараланымында БХК-ның бизнес-үлгісі ірі тоннажды өндіруші болып табылады. Осы бизнес-үлгі қамтиды:


- Мономерлер алу үшін пиролизді жүзеге асыру (пропилен және этилен);
- Пиролиздің басым бөлік өнімдерін полимерлерге қайта өңдеу / оргсинтез өнімдері;
- Пиролиз өнімдерінің бір бөлігі нарыққа немесе аралық өнімдер өндірушілеріне сатылады.

Агрохимия сараланымында БХК-нің бизнес-үлгісі төмен шығынды өндіруші болып табылады. Бизнес-үлгі өзіндік құны бойынша артықшылығымен көп тоннажды өнімдер өндірісін көздейді.

Арнайы химия сараланымында БХК-ның бизнес-үлгісі – «Көп тоннажды арнайы химияның іріктеме тауашасындағы ойыншы». Бизнес-үлгі нақты нарықтық жағдайларға және қол жетімді шикізатқа байланысты көп тоннажды арнайы химия өнімдерінің іріктеме сұрыпталымын өндіруді көздейді.



2 Менеджмент есебі



Поликарбонат

термопласттар тобы, $(-O-RO-CO-)_n$ жалпы формуласындағы екі атомды спирттер мен көмір қышқылының күрделі полиэфирлері. Аса жоғары өнеркәсіптік маңыздылықты хош иісті поликарбонаттар иемденеді, бірінші кезекте – ацетон мен фенол конденсациясымен синтезделетін А бисфенолының қолжетімділігі арқасында А Бисфенолы негізіндегі поликарбонат иемденеді. Жоғары беріктігі мен соққылық тұтқырлығының арқасында өнеркәсіптің әр-түрлі салаларында құралымдық материалдар ретінде қолданылады, спорттың экстремалдық түрлеріне арналған қорғаныс шлемдерін жасауда пайдаланылады.

2.1. НАРЫҚТЫ ШОЛУ ЖӘНЕ САЛАДАҒЫ ОРНЫ


ӘЛЕМДІК НАРЫҚ

Химия өнеркәсібі өсудің жоғары қарқынымен сипатталатын (сегментке байланысты 3-9%-ға) және әлемдік экономикада маңызды рөл ойнайтын жаһандық сала болып табылады. Химиялық өнімнің әлемдік

нарықтағы көлемі шамамен 1 трлн. АҚШ доллары және 2020 жылы 1,5 трлн. АҚШ долларына дейін артады. Бұл ретте нарықтың үштен бір бөлігін мұнай-химия саласы алады, шамамен нарықтың жартысы

арнайы химия өнімдерінен тұрады, қалған үлесті агрохимия және өсімдіктерді қорғау құралдары алады (ӨҚҚ) (5-сурет).

5-Сурет. Нарықтардың көлемі және 2011–2020 жж. әлемдік химия өнеркәсібінің негізгі сегменттерінің орташа жылдық өсу қарқыны.



Дереккөз: 2017–2026 жылдарға арналған БХК стратегиясы

Сонымен қатар, соңғы жылдары әлемдік экономикада айтарлықтай өзгерістер болды – Қытай экономикасының өсу қарқынының бәсеңдеуі, Еуропа қаржы нарығының тұрақсыздығы, мұнай бағасының әлемдік құлдырауы. Бір мезгілде мұнай-химиялық шикізаттың жаңа көздері пайда болды: этан және АҚШ-ғы тақтатас кен орындарының сұйытылған газдары, бұл әлемдік нарықта мұнай-химия өнімінің бәсекеге қабілетті ұсынымдарын арттырады. 2030 жылға қарай химиялық өнімдер сатылымының екі есе өсуі болжануда, бұл ретте негізгі өсім пестицидтер және арнайы полимерлерден күтілуде. Полипропилен және полиэтиленді қоса алғанда, мұнай-химия өнімдерінің нарықта сұранысының өсуі күтілуде.

Жаһандық бәсекелестіктің өсуі ықпал ету орталықтарын қайта бөлуге әкелді, соның нәтижесінде Азиядағы химиялық өнімдер нарығы ЕО нарығының көлеміне қарағанда 2 есеге өсті. Бұл ретте химиялық өнім экспорты және импорты тұрғысынан алғанда, нарықта Қытай ірі ойыншы болды. 2030 жылға қарай әлемдік нарықта Қытайдың үлесі 44% – ға дейін ұлғаюы күтілуде, сол уақытта ЕО, Солтүстік Америка, Жапония және Азия елдері абсолюттік мәнде өсіміне қарамастан, нарықтың салыстырмалы үлесін жоғалтады.

Химиялық өнеркәсіп негізінде жатқан, атап айтқанда, мұнда шикізат бойынша немесе құрылыс және маркетинг құзыреттері бойынша дәстүрлі бәсекелік артықшылықтар

есебінен тұрақты өсу қамтамасыз етілуі мүмкін емес, арнайы химия саласында инновациялар рөлі айтарлықтай артады.

Әлемдік химия өнеркәсібінің басқа да беталыстары арасында байқалады:

- Жасыл өсім және өнімділігінің өсуін тұрақты ынталандыратын, мемлекеттік реттеуді күшейту;
- Халықтың өсімі, жоғары сапалы химиялық өнімдер, азық-түлік, денсаулық сақтау қызметтері және т.б. сұраныстың ұлғаюын туғызатын қалаландыру стандарттарын арттыру және өмір сүру сапасын жақсарту.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

Қазақстан Республикасының химия өнеркәсібі мемлекет экономикасының маңызды саласы болып табылады. Химиялық өнеркәсіп өнімдері өнеркәсіптік өндіріс саласын ғана қамтамасыз етпейді, сондай-ақ ауыл шаруашылығында, тамақ өнеркәсібінде, тұрмыста, медицинада және т. б. пайдаланылады. Бұл ретте, химия өнеркәсібі шикізатты және сабақтас салалардың қосалқы материалдарын – мұнайгаз және тау-кен металлургиялық кешендер, машина жасау және т.б. тұтынушы болып табылады.

ҚР ұлттық Экономика министрлігінің статистика комитеті деректеріне сәйкес, 2016 жылдың қаңтар–желтоқсанында 2015 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда, физикалық көлем индексінің (ФКИ) 2,2%-ға төмендеуі байқалды, құндық мәнде өндіріс көлемі 14%-ға артты (6-сурет).




6-сурет. 2015 ж. ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2016 ж. қаңтар–желтоқсанындағы негізгі өнім түрлерінің өндіріс көлемі




Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute

Ағымдағы кезеңде азотты тыңайтқыш пен аммиак өндірісі көлемдерінің өсуі, күкірт қышқылы өндірісі көлемінің төмендеуі және фосфорлы тыңайтқыштар өндірісі көлемінің елеусіз өсуі байқалады. 2016 жылдың қаңтар–желтоқсанында сары фосфор және плавикалық қышқыл өндірісінің қысқаруы байқалды, ал қалған өнімдер бойынша өндіріс көлемінің ұлғаюы тіркелді. (7-сурет).

7-сурет. Химиялық өнімдердің кейбір түрлерінің өндіріс көлемін салыстыру





Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute

ЭКСПОРТ

2016 жылдың қаңтар-қарашасында химиялық өнімдерді экспорттау 2015 жылмен салыстырғанда

32%-ға қысқарды, бұл барлық түрдегі күкірт, фосфор, полипропилен және басқа да косметикалық құрал-

дардың экспортта төмендеуімен байланысты (2, 3 кестелер).

2-кесте. ҚР химиялық өнімдерінің экспорт динамикасы

Экспорт	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	11 ай. 2015 ж.	11 ай. 2016 ж.
Млн. АҚШ долл.	1083	938	1007	907	846,1	573,8

Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute

3-кесте. ҚР химиялық өнімдерінің экспорт құрылымы

Өнім	мың АҚШ доллары	2016/2015 жж. %	тонна	2016/2015 жж. %	Экспорт үлесі, %
Күкірттің барлық түрлері	142 781,4	-54	2 305 194	-25	24,9
Фосфор	127 357,3	-37	45 712,4	-30	22,2
Басқа да оксидтер және хром хлоридтері	43 835,4	-11	30 016	+7	7,6
Өзге кремний	30 355,6	+26	20 262,4	+92	5,3
Хром үшқисі	19 973,4	-20	13 688,3	+2	3,5
Натрий дихроматы	17 150,4	+30	20 926,5	+76	3
Құрамында екі қоректік элемент: азот және фосфор бар минералды тыңайтқыштар	16 852,4	-9	62 574,5	+35	2,9
Полипропилен	16 767,2	-23	16 016,6	-22	2,9
Кальций карбидтері	13 844,1	+20	22 077,4	+19	2,4
Өзге косметикалық құралдар	12 804,9	+ 40 есе	237,4	-91	2,2

Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute

ИМПОРТ

2016 жылдың қаңтар–қарашасында химия өнімінің импорты құндық мәнде 2015 жылғы ұқсас кезеңімен салыстырғанда өзге бояулар мен

лактар, басқа да косметикалық құралдар және полиэтилентерефталат (бастапқы нысанда) есебінен 5%-ға төмендеді, бірақ бұл ретте

түптөсемдегі дайын диагностикалық немесе зертханалық реагенттер және динатрий карбонатының импорты ұлғайды (4,5 кестелер).

4-кесте. ҚР химиялық өнімдерінің импорт динамикасы


Импорт	2010 ж.	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	11 ай 2015 ж.	11 ай 2016 ж.
Млн. АҚШ доллары	1 509	2 386	2 589	2 758	2 460	1 923	1 783,5	1 694,9

Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute

5-кесте. ҚР химиялық өнімдерінің импорт құрылымы

Өнім	мың АҚШ доллары	2016/2015 жж. %	тонна	2016/2015 жж. %	Импорт үлесі, %
0,94 мәншікті салмағымен полиэтилен	103 338,6	-4	74 366,6	+3	6,1
Гербицидтер	72 520,6	-2	12 041	+2	4,3
Динатрий карбонаты	66 211,5	+9	299 558,2	+15	3,9
Өзге де өнімдер және химиялық препараттар	62 098,1	-17	17 120	-3	3,7
Өзге де косметикалық құралдар	48 272,6	-16	6 721,4	-7	2,8
Өзге де бояулар мен лактар	46 629	+11 есе	4 591,2	-8	2,8
Полиэтилентерефталат (бастапқы нысанда)	43 313,9	-25	41 622,8	-6	2,6
Түптөсемдегі дайын диагностикалық немесе зертханалық реагенттер	41 230,9	-24	1 380,2	+43	2,4
Поливинилхлорид	37 483,2	-4	50 839,7	+4	2,2
Хош иісті заттардың қоспалары	34 199,4	-24	2 073,9	+9	2

Дереккөз: Kazakhstan Industry Development Institute



САЛАЛАРДАҒЫ БХК ОРНЫ ЖӘНЕ КЕЛЕШЕГІ

Қазақстанда химия өнеркәсібін дамытудың негізгі кедергілердің бірі жабдықтардың тозуы және оның жалғаспалы ескіруі болып табылады, бұл өндірістің тиімділігін төмендеуіне – еңбек өнімділігінің төмендеуіне, күрделі шығындардың өсуіне, кәсіпорындардың рентабельділігінің төмендеуіне әкеліп соқтырады.

Қазіргі уақытта ҚР-да 200-ден астам химиялық кәсіпорындар және өндірістер тіркелген, бұл ретте БХК мамандандырылған компания – ҚР химия өнеркәсібінің операторы болып табылады. Бейорганикалық химия, жарылғыш заттар және минералдық тыңайтқыштар өнімдерін өндіретін кәсіпорын еліміздің батыс өңірлерінде шоғырланған. Минералдық тыңайтқыштар өндірісі оңтүстік өңірлерде тұрмыстық химия құралдары және техногендік қалдықтарды қайта өңдеумен қатар жолға қойылған. Солтүстік-Қазақстан және Шығыс-Қазақстан облыстарында полиэфирлі шайырлар, газ қағарлар мен респираторлар, лактар мен бояулар, жарылғыш заттар, өсімдіктерді қорғау құралдарын, сондай-ақ, металлургиялық өндірістің жанама өнімі ретінде күкірт қышқылын шығаратын кәсіпорын-

дар жұмыс істейді. Еліміздің орталық өңірлерінде өсімдіктерді қорғау құралдарын, жарылғыш заттар, лактар, бояулар және тұрмыстық химия құралдарын өндіретін бірқатар кәсіпорындар бар.

2010 жылдан бастап, Қазақстан Республикасы химия саласының негізгі қорларын пайдалануға енгізуде айтарлықтай ұлғаю байқалады. Көбінесе бұған химия өнеркәсібінде ҰИИДМБ іске асыру ықпал етті. 2012–2016 жылдары павлодарлық химиялық кәсіпорын «Каустик» АҚ, жамбылдық «Қазфосфат» ЖШС-ін жаңғырту жүзеге асырылды, Степногорск қаласындағы күкірт қышқылын шығаратын зауытты қайта қалпына келтіру жүзеге асырылды, Қызылорда облысында күкірт қышқыл зауыты «КҚЗ-У» ЖШС және натрий цианидін өндіретін кәсіпорын «Талас Инвестмент» ЖШС салынды, «ҚазАзот» ЖШС-нің аммиак селитрасын шығаратын зауытты жаңғыртудың бір кезеңі жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында химия өнеркәсібінде технологиялық қазіргі заманғы кәсіпорындар қалыптасуда, олар Еуразиялық экономикалық одақ және ДСҰ аясында

экспортта бәсекеге қабілетті өнімнің өсуін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, жаңа жобалар химиялық өнеркәсіптің аралас және одан тәуелді экономика саласымен терең бірігуіне ықпал етеді.

ДСҰ-на кіру сыртқы нарықтарға бағдарланған жоғары шекті өнімдер өндірісін дамыту қатерін тудырады, өйткені дамыған елдер өз өндірушілерін қорғау үшін техникалық реттеу, сертификаттау және стандарттау сияқты әр түрлі құралдарды жиі пайдаланады. Сонымен қатар, жыл сайын Еуроодақ елдерінде экологиялық талаптар күшеюде. Жақын арада өнім өндірісі үдерісін экологиялық қауіпсіз ретінде сертификаттау қажеттілігі туындауы мүмкін. ЕО елдері экологиялық қауіпсіздіктің жоғары нормаларын қанағаттандырмайтын сатып алынатын өнімнің көлемінің төмендеуіне бағытталады.

ЕО-тың айтарлықтай қатаң экологиялық нормаларға қозғалысы сала дамуының маңызды трендтерінің бірі болып табылады және қазақстандық химия өнеркәсібінің экспорттық әлеуетіне теріс әсер етуі мүмкін.



Дегенмен, Қазақстан агрохимия және мұнай-газ химиясын дамытуда зор әлеуетке ие.

Агрохимия секторын дамыту, ең алдымен, халық санының және азық-түлікке деген қажеттіліктің өсуіне негізделген. Агрохимия секторы Қазақстанның ішкі нарығында ең ірі және бәсекеге қабілетті және экспорттық әлеует жоспарында және ҒЗТҚЖ дамытуда келешекті болып табылады.

Елдің тұтынуының ішкі әлеуетін ескеру керек. Қазіргі уақытта Қазақстанда минералдық тыңайтқыштар нарығы беймәлім болып табылады, өйткені агроөнімді химияландыру іс жүзінде 10 есеге төмен. Тыңайтқыштар мен пестицидтердің субсидия көлемін арттыру немесе топырақ құнарлылығы жағдайын байқауды күшейту арқылы, ауыл шаруашылық өндірушілерімен агрохимия өнімдерін пайдалануды ынталандыру шешім болып табылар еді. Қазақстанда 1 га егістік жерлерге әсер етуші зат бойынша тек 4,8 кг минералды тыңайтқыштар пайдаланылады, сол уақытта көрші Ресейде бұл көрсеткіш 38 кг/га құрайды. Минералдық тыңайтқыштарды жеткіліксіз енгізу, топырақтың тозуына әкеледі. Топырақтану Институтының мәліметі бойынша, 2014 жылы ҚР топырақ жамылғысының 60% әртүрлі дәрежеде тозушылыққа жатқызылды. Агрохимиялық өнімге сұранысты сақтау шығарылатын тауарлардың жаңа түрлеріне көшуге мүмкіндік береді, бұл секторды әртараптандыруға және жаңа құзыреттерді алуға әкеледі.

Қолданыстағы өндірістерді жаңғырту және «ЕуроХим-Тыңайтқыштар» ЖШС-нің күрделі минералды тыңайтқыштар өндірісі бойынша зауытын салу, «Батыс Калий» ЖШС-нің калийлі тыңайтқыштар өндірісі бойынша зауытын салу сияқты осындай ірі жобаларды іске асыру өндірілетін өнімнің шығу желісін күшейтуге және осылайша, минералды тыңайтқыштарды өндіру бойынша аймақтық хаб құра отырып, ТМД және Таяу Шығыс елдерінің экспортына өнімдерді шығаруға мүмкіндік береді.

Агрохимия секторының «ЕуроХим» МХК» сияқты халықаралық ойыншыларын тарту Қазақстанға ҒЗТҚЖ-ның өзіндік базасын дамытуға, қолда бар дистрибуцияның арналарын пайда-

лануға және сервистік қызмет көрсету нарығын дамытуға мүмкіндік береді (тыңайтқыштарды енгізу бойынша сабағаттық және практикалық көмек көрсету).

Сервистік қызмет көрсету саланы дамытудың келешекті бағыттарының бірі болып табылады. Ірі жаһандық ойыншылар олардың қажеттіліктеріне сүйене отырып, тұтынушыларға сервистік қызмет көрсетеді, яғни кастомизациялы болады. Мысалы, минералды тыңайтқыштар нарығында 2-ші орын алатын, Mosaic халықаралық компаниясы өз клиенттерін тыңайтқыштарды дұрыс енгізу бойынша дайын шешімдерімен қамтамасыз етеді (әрбір бөлек дақылға түрлерін, көлемін), клиенттерге оқыту өткізеді. Agrium Inc. компаниясы 2010 жылдан бастап ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге оқыту бағдарламасы бойынша тыңайтқыштарды енгізу және ең көп егін алу әдістерін енгізді.

Мұнай-газ-химия секторы да Қазақстан химия өнеркәсібінің келешекті секторы болып табылады. Осы сектордың бәсекелестік артықшылығы меншікті шикізат базасының болуы болып табылады.

Дәлелденген мұнай қоры көлемі бойынша ҚР әлемде 12-ші орынды алады (23 млрд. тонна). Сәйкесінше, ҚР-да газ өңдеу және мұнайгаз химиясын дамыту үшін қолайлы шикізат базасы бар. Мұнайхимиясы үшін негізгі шикізат ілеспе мұнай газы (ІМГ), жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы (ЖККФ) және сұйылтылған көмірсутекті газдар (СКГ) болып табылады, оларды Қарашығанақ, Тенгиз және Қашаған кен орындары базасында алуға болады. Сондай-ақ жақын жердегі МӨЗ-ның, атап айтқанда, Атырау мұнай өңдеу зауытының мұнайхимия шикізатын пайдалануға болады.

Қазақстанда қуаты аз полипропилен өндірісі бар, ол бірнеше облыстардың тұтынымын жабады. Атырау мұнай өңдеу зауытын (АМӨЗ) жаңғырту пластикалық бөтелке және жасанды талшықтар өндіру үшін базалық өнімді өндіруге мүмкіндік береді. Полипропилен және полиэтилен өндіру бойынша біріктірілген газхимия кешенінің (БГХК) құрылысы азық-түлік орамасы, пластикалық құбырлар өндіру үшін шикізат базасын береді, осылайша түпкілікті өнімнің өзіндік құнын төмендетеді.

ТМД және таяу шет ел аумағындағы мұнай-химия нарығында ресейлік СИБУР, «ТАИФ» ААҚ, ирандық Polynar және Shazand (Arak) Petrochemical Company, қытайлық PetroChina және Sinopec, сондай-ақ, Uz-Kor Gas Chemical (Өзбекстан), Socar Polymer (Әзірбайжан), Туркменбашылық кешен (Түрікменстан), Petkim Petrokimya Holdings A.S. (Түркия) сияқты полимерлер мен басқа да мұнай-химия өнімдерін өндіру бойынша бірқатар қолданыстағы және жоспарланған өндіріс қуаттары бар.

Алайда, БХК кәсіпорындарында жоспарланған негізгі шығаратын өнімдер – полиэтилен және полипропилен – әлемдік нарықтарда сатылатын өнімдер болып табылатындықтан, БХК бәсекелестік орнын аймақтық емес, әлемдік ауқымда өсіруге ұмтылғаны жөн. Нарықтың басқа қатысушылары алдында БХК бәсекелестік орнын күшейту айтарлықтай тиімді көліктік-логистикалық шешімдер және жан-жақты ойластырылған маркетингті құру есебінен іске асырылуы мүмкін.

Жаңа 10 жылдық даму стратегиясы БХК-на қойылған мақсаттарға қол жеткізуге, бәсекеге қабілетті химиялық өндірісті құруға және компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жаңа стратегияны іске асыру нәтижесінде БХК өңірлік нарықта ірі мұнай-химия ойыншысы болуды және 2026 жылы сату көлемі бойынша Кеден одағы мұнай-химия компанияларының ТОП-5-не кіруді жоспарлайды.

ҚР-ның химия өндірісі көлемі және құрылыс саласында, автомобиль жасау саласында, сондай-ақ тұрмыстық және ауыл шаруашылық химиясы нарығында пайдалануға болатын химиялық өнім сараланымын енді ғана кеңейте бастады. Біздің ойымызша, осы саланы мемлекеттің ҮИИДМБ аясында қолдауына байланысты сала өндірісін кеңейтеді және терең қайта өңдеумен өнім сараланымын ұлғайтады.

Олардың пайдалану мерзімін ұлғайту үшін қолда бар шикізат кен орындарын неғұрлым өнімді пайдалану аясында жаңа технологияларды қолдану өзге тренд болып табылады.


2.2. БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР

Қазақстан Республикасында химия саласын дамыту мықты бәсекелік артықшылықтар болған кезде тартымды болады. Қазіргі сәтте химияда ҚР-ның айрықша артықшылығы арзан шикізатқа қол жетімділік болып

табылады. Қалған факторлар бойынша ҚР жақсарту және жетілдіруде мүмкіндіктерге ие. Соның салдарынан, қазіргі уақытта ҚР мұнайгаз химиясында неғұрлым табысты бәсекелесе алады. Неғұрлым жоғары

қосылған құнымен салаларды құру мақсатында күрделі құрылыс, маркетинг және инновацияларды басқару салаларында тәжірибе жинақтау және жаңа құзыреттерді дамыту қажет. (8-сурет).

8-сурет. БХК-ның бәсекеге қабілеттілігін талдау



Дереккөз: 2017–2026 жылдарға арналған БХК даму стратегиясы, BCG талдау

Мұнайгаз химиясы үшін негізгі шикізат ілеспе мұнай газы (ІМГ), жеңіл көмірсутектердің кең фракциясы (ЖККФ), сұйытылған көмірсутекті газдар (СКГ), табиғи газ (метан), сондай-ақ жақын орналасқан мұнай өңдеу зауыттарының мұнайхимиялық шикізаты болып табылады. **ҚР мұнайгаз химиясы үшін шикізат – әлемдегі ең арзандарының бірі.** Салыстыру үшін, ҚР-да шикізат Ресейге қарағанда 2 есе және ЕО елдерінде қарағанда 3 есе арзан. ҚР-на қарағанда айтарлықтай төмен шикізат құнына тек Сауд Арабиясы ие. Негізгі шикізат жеткізушілермен тиімді шарттарда жасалған келісім-шарттар арқасында, БХК ұзарту мүмкіндігімен ұзақ мерзімге ҚР-ның ірі

мұнайгаз кен орындарынан түсетін шикізатпен қамтамасыз етілген.

Әлемдік ауқымдағы мұнайхимия кәсіпорындарын құру үшін қол жетімді шикізат болуына қарамастан, ҚР-да осындай нысандарды тұрғызу **күрделі құрылыстың салыстырмалы жоғары құнымен** күрделенген. ҚР күрделі шығындардың жоғарылау коэффициенті (орналасқан жер коэффициенті) бенчмарктардан асып түседі – Сауд Арабияда ол 1,05 құрайды, орташа есеппен ТМД елдері бойынша – 1,40, БХК бағалауына сәйкес – 1,80. ҚР-да күрделі құрылысқа кететін салыстырмалы жоғары шығындар экология және еңбек қауіпсіздігі бой-

ынша жоғары талаптарға, ҚР-ның құрылыс нарығының дамымағандығына, ірі көлемді жабдықтарды меншікті жеткізушілердің жоқтығына, суық климаттық жағдайларға негізделген.

ҚР ауқымды бизнесті оқшаулауды және әлемдік нарықта өткізуді талап ететін өнімдерді шығаруды объективтік күрделендіретін фактор сондай-ақ, теңізге шығатын жолының болмауы болып табылады. **ҚР-дан логистика** ең жақын порттарға дейін теміржол тасымалы қажеттілігіне байланысты шиеленіскен. ҚР-нан ЕО-қа жеткізу бағасы Ресейге немесе Сауд Арабиясына қарағанда қымбат. ҚР-нан Қытайға жерүсті

тасымалдау құны географиялық жақындығына байланысты Ресейге қарағанда сәл арзан, бірақ Сауд Арабиясынан Қытайға теңіз жолы арқылы жеткізуден қымбат. Осылайша, әлемдік нарыққа жеткізу кезінде құрлықтық тасымалдау БХК логистикалық шығындарын ұлғайтады.

Сонымен қатар, БХК қалыптасу кезеңіндегі компания болып табылатындықтан, оның іс жүзінде **маркетинг және сату бойынша құзыреттілігін арттыруға** мүмкіндігі болмады. БХК-ның жұмыс жасап тұрған кәсіпорындары біршама жақында іске қосылды және өнімді ел ішіндегі тұтынушылардың шекті шеңберінде өткізеді. Компания басты экспорттық нарықтарда қа-

тыспайды, ол үшін әлемдік нарықта өнімнің қажетті сату көлемін қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар, дамыған өткізу желісіне ие әріптестермен тиімді жұмыс орнату талап етіледі.

БХК үшін **инновацияларды басқару бойынша құзыреттерін дамыту** бәсекеге қабілеттілікті және болашақта компанияның тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін аса маңызды шарт болып табылады. БХК-да инновациялық қоржынды басқарудың сапасын арттыру үшін құнын жасау, өзіндік инновациялық инфрақұрылымы, стартаптармен жетілдірілген жаңа технологияларды тарту, жаңа технологияларды және өнімдерді жасау, зияткерлік

меншікті қорғауды қамтамасыз ету тұрғысынан елеулі резервтер бар.

Осылайша, БХК негізгі бәсекелестік артықшылығы – бұл тиімді келісім-шарттармен және табиғи ресурстар көзіне жақын болғандығымен уағдаласқан мұнайгаз химиясы шикізатының төмен құны. Бәсекелестік кемшіліктерге жоғары күрделі шығындарды және шикізатты тасымалдаудағы жоғары шығындарды жатқызуға болады. Жаһандық ауқымда БХК мұнай химиясында табысты бәсекелесе алады, мұны Компанияның болашақты жобалар қоржыны анықтайды. Қалған салалар үшін күрделі құрылыста, маркетингте және сатуларда, инновацияларда құзыретті дамыту қажет.

2.3. БХК ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2016 жыл БХК жаңа даму стратегиясын әзірлеумен және 2012–2022 жылдардағы Қордың Даму стратегиясына сәйкестендірумен белгіленді. БХК 2017–2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы БХК Байқау кеңесінің 2017 жылы 22 ақпандағы шешімімен бекітілді.

БХК міндеті – біз жоғары сапалы химиялық өнімдер өндіреміз, бұл табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және Қазақстан экономикасының басым қосылған құнымен жаңа технологияларға көшуіне ықпал етеді. Біз жаңа индустрияны және барлық мүдделі тұлғалар үшін құндылықты жасаймыз.

БХК пайымдауы – ҚР химия саласының танылған көшбасшысы, 2026 жылға дейін сату көлемі бойынша Кеден одағының (КО) ірі мұнай-химия компанияларының 5-не кіретін кірісті компания.

Қызметінің қағидаттары (негізгі бағдарлары, оларға сәйкес БХК өз бизнесін жүргізеді):

- Мүдделі тұлғалардың мүдделерінің сақталуы;
- Жұмыстағы кәсіпқойлық және жеке даму үшін дағдыларды пайдалану, БХК тиімділігін арттыру және клиенттер үшін құндылықтарды жасау;
- БХК әлеуметтік жауапкершілігі және қоршаған ортаға қамқорлығы, тұрақты даму;
- Қызмет заңдылығы және этикалық стандарттарға сәйкес жұмыс;
- Қызметкерлер жұмысы үшін нәтижелі ахуал құру және оларға құрмет, қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық;
- Қызмет инновациясы.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

БХК 2017–2026 жылдарға арналған стратегиясымен үш негізгі даму бағыттары қарастырылады (9-сурет):

1. Шикізат артықшылықтарын ақшалай ету – әлемдік деңгейдегі мұнайхимия компаниясын құруға, құндылық және құнын жасауға, оң экономикалық нәтижені қамтамасыз етуге, БХК сауда белгісін нығайтуға, бола-


шақтағы инвестициялар үшін қаражат жинаудаға мүмкіндік береді;

2. Агрохимия және арнайы химияда тәжірибе жинақтау – жоғары құн қосылған салаларға шығуға, айтарлықтай ілгері бизнес-үлгіге ауысу үшін қажетті тәжірибені жинауға мүмкіндік береді;

3. Күрделі құрылыс саласында құзыреттерін, инновацияларды

дамыту және толыққанды маркетинг және сату желілерін құру БХК қызметінің тиімділігін арттыруға, күрделі құрылыс құнын төмендетуге, болашақтағы инвестициялық жобалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, айтарлықтай ілгері бизнес-үлгіге ауысу үшін алғышарттар құруға мүмкіндік береді.

9-сурет. БХК стратегиялық даму бағыттары және күтілетін нәтижелер



Дереккөз: 2017–2026 жылдарға арналған БХК даму стратегиясы

Стратегиялық даму бағыттарын жүзеге асыру қатарлас жүргізілуі тиіс. Барлық үш бағыт бір-бірімен тығыз байланысты, синергетикалық нәтижеге ие және 10-жылғы көкжиекте стратегиялық мақсаттарға қол

жеткізу үшін қажетті. Мысалы, толыққанды шикізат артықшылықтарын ақшалай ету (соның салдарынан жаһандық нарықта БХК бәсекеге қабілеттілігі) тиімді күрделі құрылыс және меншікті сауда желілерісіз

мүмкін емес (бұл күрделі шығындар көлемін және делдалдар маржасын төмендетеді), ал агрохимия және арнайы химия сегменттеріне шығу зияткерлік меншік саласындағы құзіретін дамытусыз мүмкін емес.

БХК СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

2017–2026 жылдар кезеңіне арналған БХК стратегиялық даму бағыттары негізінде 5 стратегиялық мақсаттар қойылды:

1. Шикізат артықшылықтары негізінде кластерлік мұнайгаз химиясы саласында тиімді бизнесті дамыту мен КО мұнай-химия компанияларының үздік 5-не ену;
2. Жоғары құн қосылған салаларында тәжірибе жинақтау үшін

агрохимия және арнайы химияның нарықтық сегменттеріне кіру;

3. Күрделі құрылыс тиімділігін арттыру және ірі күрделі жобаларды басқару бойынша атқарымды дамыту;
4. Зияткерлік меншік саласында тұрақты бәсекелестік артықшылықтарын жасау;
5. Жаһандық нарықта толыққанды сату желілерін құру және марке-

тинг жөніндегі атқарымды жетілдіру.

БХК стратегиялық мақсаттарына уақтылы және толық қол жеткізу қаржылық және атқарымдық көрсеткіштерді қамтитын қызметтің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін (ҚНК) белгілеу арқылы қамтамасыз етіледі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚНК

Жалғыз қатысушының 2017–2021 жылдарға арналған ұзақ мерзімді үміттер хаты (Қор ҚНК да-

рағынан алынған стратегиялық ҚНК тізбесін айқындайтын) және БХК стратегиялық мақсаттары негізін-

де 2026 жылы келесідей күтілетін мәндермен 8 стратегиялық ҚНК анықталды (6-кесте):

6-кесте. Стратегияға сәйкес ҚНК мақсатты мәндері

ҚНК	Күтілетін мән
Economic Value Added (экономикалық қосылған құн), млн. АҚШ долл.	1 305
Net Assets Value (таза активтердің құны), млн. АҚШ долл.	7 152
ДДБАҚ (дамыту және дивидендтер үшін бос ақша қаражаттары), млн. АҚШ долл.	2 364
Корпоративтік басқару рейтингі	BBB/A ¹ кем емес
Стратегиялық серіктестерді тарту	2
Инновациялық қоржын құндылығы, млн. АҚШ долл.	3
6 айдан артық емес кідіріспен, инвестициялық жобалар бойынша негізгі кезеңдерін орындау, %	100
Трейдерлер арқылы сату үлесі, %	40

Дереккөз: 2017–2026 жылдарға арналған БХК стратегиясы

¹ Жалғыз қатысушымен анықталатын болады

² Кейінірек анықталатын болады

³ Алғашқы 3 жылдағы қоржынның «сәттілігі» негізінде есептеледі



СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

БХК даму стратегиясын іске асыру 13 бастамалар арқылы жүзеге асырылады, олардың әрқайсысының негізгі түйінді тиімділік көрсеткіштері, талап етілетін ресурстар, іске асыру мерзімдері, жауапты тұлғалар, тәуекелдері және олардың оңтайландыру бойынша іс-шаралары көрсетілген стратегиялық төлқұжаты бар. Әзірленген бастамалар келесідей үш топқа топтастырылған:

1. Инвестициялық жобаларды іске асыру:
 - Аммиак және метанолдың құрамдастырылған өндірісін құру;

- Пропанды сутексіздендіру және полимерлеу бойынша өндірісті құру (KPI);
- Әлемдік ауқымдағы пиролизді және полимерлеуді құру (KLPE);
- Пилоттық орталықпен біріктірілген глифосат және күйдіргіш сода өндірісін құру;
- Табиғи газды қайта өңдеудің әлемдік ауқымдағы кешенін құру.

2. Құзыреттерін дамыту:

- Күрделі құрылыс жобаларын басқару бойынша құзыреттілігін қалыптастыру;

- Инновацияларды басқару бойынша құзыреттілігін қалыптастыру;
- Маркетинг және сату бойынша құзыреттілігін қалыптастыру.

3. Қолдайтын бастамалар:

- Ұйымдық құрылымды жаңарту;
- Стратегиялық серіктестерді тарту;
- Реттеушілік және шикізаттық қолдауды қамтамасыз ету;
- Қаржы ресурстарын тарту;
- IPO дайындау және өткізу.

БХК АКТИВТЕРІНІҢ МАҚСАТТЫ ҚОРЖЫНЫ

БХК бизнес-үлгісі табиғи, соның ішінде көмірсутек шикізатынан алынатын химия және мұнайхимия өнімдері өндірісіне негізделеді. Стратегиялық басымдылық БХК қатысты оның басты факторы арзан шикізат көзінің болуы болып табылатын ірі тонналы өндіруші үлгісін ұсынады.

БХК мақсатты қоржыны шикізат артықшылықтарын ақшалы етуге және ұзақ мерзімді келешекте БХК табысты жұмыс жасауы үшін қажетті құзыреттерді дамытуға бағытталған. Мақсатты қоржын қамтиды:

1. Мұнайгаз химиясындағы активтер:

- Полипропилен өндірісі «KPI Inc.» ЖШС (пропанды сутексіздендіру және полимерлеу);
- Полиэтилен өндірісі «KLPE» ЖШС (пиролиз және полимерлеу кешені);
- Аммиак және метанол өндірісі;
- Газды қайта өңдеу кешені.

2. Агрохимиядағы активтер:

- Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың пилоттық орталығы базасында глифосат және формулат өндірісі;
- Күйдіргіш сода және хлор өндірісі.

3. Арнайы химиядағы активтер:

- Сутегі тотығының өндірісі;
- Кальций гипохлориді өндірісі (глифосат өндірісіне енгізілген).

4. Жұмыс жасайтын өндірістер:

- Күкірт қышқылының өндірісі «БК КҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС;
- Полимерлік қаптар, ПЭ-үлбірлер және ББПҮ өндірісі «Полимер Продакшн» ЖШС.

5. «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» және «Тараз химия паркі» арнайы экономикалық аймақтар.



2.4. ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Қазіргі уақытта БХК-ның негізгі қызметінің түрі инвестициялық жобаларды іске асыру болып табылады.

БХК инвестициялық қызметін жүзеге асыру барысында Қордың директорлар Кеңесі бекіткен Қордың Инвестициялық саясатын басшылыққа алады, оның мақсаты компаниялардың инвестициялық қызметінің тиімділігін арттыру және ашықтығы, соның ішінде тиімділігін арттыру арқылы инвестициялық үдерістер

шеңберінде Қор және еншілес компаниялар арасындағы өзара әрекеттестік болып табылады.

БХК ағымдағы қоржыны қамтиды:

1. Пайдалануға іске қосылған жұмыс жасайтын өндіріс;
2. Мұнайгаз химия, агрохимия және арнайы химияның іске асырылатын және келешектегі жобалары;
3. Мұнай-химия жобалары үшін инфрақұрылымды салуды қоса

алғанда, арнайы экономикалық аймақтардың инфрақұрылым құрылыс жобалары (газ турбиналық электр станциясы, техникалық газдарды өндіру бойынша қондырғы, су дайындау және суды тазарту кешені).

Төменде өндірістік қуаттар, пайдалануға берілу мерзімі және 2016 жылғы БХК жобалар бойынша қызметінің нәтижелері туралы ақпарат келтірілген:

ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ӨНДІРІСТЕР

1. Ақмола облысындағы жылына 180 мың тонна қуатымен күкірт қышқылы зауытын қайта қалпына келтіру:

Өндірістік қуаты	жылына 180 мың т күкірт қышқылы
Пайдалануға беру	қыркүйек 2015 ж.
2016 жылы дайын өнімді шығару	күкірт қышқылы 136 698, 368 т

Есепті кезеңде күкірт қышқылын өткізу жоспарын асыра орындау есебінен операциялық және таза пайда

көрсеткіштердің мәні жоспарланғаннан жоғары болды.

2. Атырау облысындағы полимер өнімі өндірісі:

Өндірістік қуаты	ПЭ-үлбір – 4 125 т ПП-қаптар – 48 млн. данаға дейін ББПУ – 11 000 т дейін
Пайдалануға беру	ПЭ- үлбір – 2015 ж. 1 тоқсан ПП-қаптар – 2015 ж. 2 тоқсан ББПУ – 2016 ж. 1 тоқсан
Өткізілген өнім	ПЭ- үлбір – 421 т ПП-қаптар – 6 804 783 дана. ББПУ – 1 388 т



ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖӘНЕ КЕЛЕШЕКТЕГІ ЖОБАЛАР

3. Атырау облысындағы біріктірілген газ-химия кешенінің құрылысы – Бірінші фаза (полипропилен):

Өндірістік қуаты	жылына 500 мың т полипропилен
Пайдалануға беру	2020 ж.

Іске асыру жағдайы:

- Жоба бойынша «Мемсараптама» РМК-нан түзетілген ТЭН мен ЖСҚ-қа оң қорытындысы алынды;
- «KPI Inc.» ЖШС, CNCEC (ЕРС-мердігер) және технологиялар лицензиары CB&I Lummus компаниясының арасында үш жақты келісім жасалды;
- Қытайдың Мемлекеттік даму банкінен (ҚМДБ) 2 млрд. АҚШ доллары сомасын қарызға тарту туралы несиелік келісімге қол қойылды;
- ЕРС-мердігер ҚР-да қызметін жүзеге асыруға қажетті лицензияларды және рұқсаттарды алды;
- ҚМДБ тарапынан қаржыландыруды ашу үшін несие келісімінің кейінге қалдырылған шарттарын орындау бойынша іс-шаралар жүргізілуде.

4. Атырау облысындағы біріктірілген газ-химия кешенінің құрылысы – Екінші фаза (полиэтилен):

Өндірістік қуаты	ЖТПЭ – 525 мың т ТТСПЭ – 525 мың т ПП – 100 мың т
Пайдалануға беру	2024 ж.

Іске асыру жағдайы:

- Серіктес LG Chem Ltd.-нің жобадан шығуы жүзеге асырылды;
- Жаңа серіктес іздеу жүргізілуде;
- ТШО-мен шикізат жеткізу шарттары жақсартылды (халықаралық қаржы институттарының талаптарына сәйкес);
- Жобаны 1,5 млн. тоннаға дейін қайта конфигурациялау бойынша жұмыс басталды;
- Әлеуетті серіктестердің шарттарын орындау үшін мемлекеттік қолдау көрсетудің жүйелік шараларын қолға алу жөніндегі жұмыс басталды.

5. Күйдіргіш сода және хлор өндірісі:

Өндірістік қуаты	күйдіргіш сода – 40 мың т (100% NaOH) кальций хлориді – 20 мың т кальций гипохлориті – 10 мың т тұз қышқылы – 33 180 т натрий гипохлориті – 3 227 т
Пайдалануға беру	2018 ж.

Іске асыру жағдайы:

- Жобаның ЖСҚ-на «Мемсараптама» РМК-ндан оң қорытынды алынды;
- ЕРСМ-келісімшартының жобасын әзірлеу бойынша жұмыс басталды;
- Ресейлік химиялық компаниялармен 16 000 т кальций гипохлоридін жеткізуге арналған меморандумдар жасалды;
- Жоба өнімінің бүкіл желісіне ҚР химия өнеркәсібінің жетекші трейдерімен меморандум жасалды;
- Химия саласының өнімдерін өзара импорттау және экспорттау бойынша өзбекстандық компаниялармен 10 000 т/жылына көлемінде күйдіргіш соданы жеткізу туралы шартқа және 3 000 т/жылына көлемінде күйдіргіш соданы және 800 т/жылына көлемінде кальций гипохлоридін жеткізуге ниетті меморандумға қол қойылды.



6. Үшхлорлы фосфор және глифосат (гербицид) өндірісі:

Өндірістік қуаты	техникалық глифосат – 10 мың т сұйық түрінде формулят – 4000 т түйіршіктелген формулят – 1 000 т үш хлорлы фосфор – 13 600 т тұз қышқылы – 2 570 т аммоний сульфаты – 7 420 т техникалық тұз – 13 мың т
Пайдалануға беру	2018 ж.

Іске асыру жағдайы:

- 1-ші іске қосу кешенінің ЖСҚ әзірлеу бойынша жұмыс аяқталды. Жоба «Мемсараптама» РМК-ға сараптамаға жіберілді;
- Алғашқы үш іске қосу кешендері бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарына (ҚМЖ) мердігерлерді жұмылдыру жүргізілді;
- Жетілдіруді сүйемелдеу және жобаның құрамында глифосаты бар өнімдерін (гербицидтер) тіркеу бойынша консультациялық қызметтер көрсету үшін Қазақ Өсімдік Қорғау және Карантин Ғылыми-зерттеу Институты ынтымақтастық туралы меморандум жасалды;
- Қордың Инвестициялық комитетімен жобаның негізгі параметрлері бекітілді;
- ҚМДБ тарапынан қаржыландыруды тарту үшін Қордың кепілін беруі бойынша шешімдер қабылданды.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС ЖОБАЛАРЫ

7. Газ турбиналық электр станциясының құрылысы (ГТЭС):

Өндірістік қуаты	310 МВт
Пайдалануға беру	2019 ж.

Іске асыру жағдайы:

- «Мемсараптама» РМК-нан ГТЭС жобасына («Жоба» сатысы) ЖСҚ-на оң қорытынды алынды, ГТЭС жобасының («Жұмыстық құжаттама» сатысы) ЖСҚ-сын әзірлеу жалғасуда;
- ҚМЖ-на тендер өткізілді, шартқа қол қойылды, машиналарды, жұмыс күшін және С-мердігер механизмдерін жұмылдыру аяқталды;
- Құрылыс шарты жасалды және 2,8 км автожолының ішкі алаңы бойынша Жұмыс жобасын әзірлеу аяқталды. 2,8 км автожолы бойынша Жұмыс жобасына мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды.
- Дайындаушы зауыттарда ГТЭС турбиналық жабдықтардың жекелеген тораптарына сынақтар өткізілді, ГТЭС құрылыс алаңына негізгі технологиялық жабдықтың бірінші бірлігін жеткізу жүзеге асырылды;
- Негізгі технологиялық жабдықтар астында қада қағу жұмыстары басталды, бетон араластырығыш тораптар астында қадалар қағылды, уақытша ғимараттар мен құрылыстардың монтажы жүргізілді;
- ГТЭС жобасының қаржылық экономикалық негіздемесі түзетілді.

8. Сығылған ауа және азот (ТГ) өндірісі қондырғысы және су дайындау және су тазалау (СД) қондырғысы:

Техникалық газдар қондырғыларының өндірістік қуаты (ТГ)	газ тәрізді азот – 149,9 млн. куб. м БӨАЖА сығылған ауасы – 79,4 млн. куб. м сығылған тех. ауа – 604,0 млн. куб. м
Су дайындау және су тазалау қондырғыларының өндірістік қуаты (СД)	сервистік су – 14,3 млн. куб. м техникалық су – 15,7 млн. куб. м минералсыздандырылған су – 1,4 млн. куб. м көріздік қызмет көрсетулер және ағынды сулар (ағынды сулар блоктары) – 2,2 млн. куб. м
Пайдалануға беру	2019 ж.

Іске асыру жағдайы:

- «ҰИМТ» АЭА ТЭН-нің ГТЭС жоба құнын нақтылау және ҰИМТ АЭА инфрақұрылымдық нысанда-рын кезең-кезеңімен іске асыру бөлігінде 2.0 түзету орындалды, соның ішінде ТГ және СД, негізгі тұтынушылардың – «ҰИМТ» АЭА қатысушыларының жүзеге асыру

кестесін қайта қараумен байла-
нысты;

▪ «KPI Inc.» ЖШС-нен «Ауа және
азот жүйесі» ЖСҚ және «Су дай-

ындау блогы» ЖСҚ түрінде мүлік
сатып алу жүзеге асырылды.

9. АЭА «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі»:

Пайдалануға беру

2017 ж.

Іске асыру жағдайы:

- ГТЭС ЖСҚ-ға арналған «Мем-
сараптама» РМК тұжырымы
алынды;
- «PSI Stroy Industriya» ЖШС-мен
ҚМЖ-ға арналан келісімшартқа
қол қойылды;
- ҰИМТ АЭА ТЭН-ін 2.0 түзету
жүзеге асырылып, Қордың Ин-
вестициялық комитетінің қара-
уына шығарылды;
- 4 газ турбинасын, қазандардың
кәдеге жаратушыларын жеткізу
жүзеге асырылды, іргетас орна-
тылды. Алаңда бу турбиналарын
түсіру жүргізілуде;
- Іргетас жұмыстары аяқталды, бас
корпус бойынша және жабық
тарату қондырғылары бойынша
құрылыс жұмыстары жүргізілуде.
- «ҰИМТ» АЭА инфрақұрылым
нысандарының құрылысы»
жобасының ТЭН-не түзету жұ-
мыстарын жүргізу бойынша шарт
жасалды (Қарабатан және Тен-
гиз телімдері);
- ТЭН түзету шеңберінде жергілікті
жердегі кейбір нысандардың
орналасуы, сондай-ақ тізімі және
құрылыс кезегі өзгертілді;
- Жолдарды құм және өсімдік-
терден тазалауды қоса алғанда,
Заводская станциясын іске қосу
жұмыстары жүргізілді;
- Электр энергиясын жеткізуге
арналған және суды жеткізуге
арналған шартқа қол қойылды.

10. «Тараз химия паркі» АЭА құру:

Пайдалануға беру

2018 ж.

Іске асыру жағдайы:

- Қаржыландырудың 6-ші траншы
алынды;
 - Жамбыл облысы Әкімдігі
жергілікті қосалқы мердігер
ұйымдарды қосымша тартты;
 - Электр беру желілері, алаң ішін-
дегі сумен жабдықтау және кәріз
желілері жүргізілді;
 - Өнеркәсіптік-азаматтық құры-
лым нысандарының құрылысы
(әкімшілік-тұрмыстық кешен,
бақылау-жіберу пункті, өрт
депосы, гараж және т.б.) 50%-ға
аяқталды;
 - Екі алаң-ішілік автожолды, су
дайындау нысандарын салу
65%-ға аяқталды (зертханалар,
екі сорғы станциясы, резервуар
және т.б.);
 - «Шаруашылық-тұрмыстық су-
ағарлардың кәріздік-тазарту ғи-
маратының» құрылысы аяқталды
(жабдықсыз);
 - «ХимПарк Тараз» АЭА екі жаңа
қатысушысы тіркелді.
- «ҰИМТ» АЭА және «Тараз химия
паркі» АЭА аумағында химиялық
парктерді дамыту және жобалар-
ды жүзеге асыру мақсатында хи-
миялық парктің дамуына кешенді
тәсілдеме – жоспарлау рәсімдерін
әзірлеу және коммуникацияны ин-
женерлік жүйелермен қамтамасыз
ету, инфрақұрылым нысандарын
және жер телімдерін пайдалану
және басқару бойынша үдерістер
мен рәсімдерді жетілдіру, сондай-ақ
- химиялық парк қызметіне қатыса-
тын тараптар – қызметтерді жет-
кізушілер, қатысушылар, басқарушы
компания және мемлекеттік орган-
дар арасындағы өзара қарым-қа-
тынастарды реттейтін қағидалар
мен ережелер әзірлеуді ұсынған
2016 жылы Economic Development
Innovations Singapore Pte Ltd (EDIS)¹
сингапурлық компания тартылды.

¹ Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd (әрі қарай – EDIS) – индустриалдық парктерді өнеркәсіптік жоспарлау және дамыту саласындағы консультациялық және басқарушылық қызметтерді көрсететін сингапурлық компания.



EDIS жұмыстары мұнай-химия өндірістерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша халықаралық талаптарын, ұқыпты өндіріс құралдарын, мұнай-химия паркі үдерістерін стандарттау және біріздендіру бойынша халықаралық нормалар, сондай-ақ,

қазақстандық нормативтік актілер және заңнама талаптарын қатаң сақтау қажеттілігін ескере отырып жүргізілуде.

Біздің ойымызша, әзірленген бизнес-үдерістер және химиялық парк-

терді пайдалану рәсімдері үздік әлемдік тәжірибені және АЭА-ты басқаруының табысты тәжірибесін ескереді және кейін АЭА-да БХК-мен сәтті енгізіледі.

2.5. ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕРІ

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру қатысушылардың өз қаражаты есебінен де, сондай-ақ, тартылған қарыздық қаржыландырумен де жүзеге асырылады.

Жобаларда БХК-ның өзіндік қатысу үлесінің қаржыландыру көзі Жалғыз қатысушысы «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан капиталдандыру, сон-

дай-ақ Республикалық бюджет қаражаты болып табылады (7-кесте).

7-кесте. 2014–2016 жж. арналған негізгі шоғырландырылған қаржылық нәтижелер, млн. теңге

Бөлім атауы	2014 ж.		2015 ж.		2016 ж.		201 ж. г.	Өсу қарқыны %*
	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	
Кірістер, барлығы	1 154	2 488	5 144	9 803	11 751	24 250	13 849	206
Шығыстар, барлығы	6 851	3 731	8 607	8 399	20 600	12 173	26 004	59
Үлестік қатысу әдісімен кіріс/(шығыс)	-1 056	6	-1 211	8 646	-1 083	-4 277	-21	395
КТС бойынша шығыстар	6	58	5	1 458	108	199	17	184
Бақыланбайтын қатысу үлесі	-484	-26	77	44	-32	54	-15	-
БХК жалғыз қатысушысына келетін жылдық пайда/(шығын)	-6 275	-1 270	-4 756	8 548	-10 009	7 547	-12 178	-

* 2016 жылғы жоспар мен нақты мәліметтер

2016 жылдың қорытындысы бойынша БХК компаниялар тобының 10 009 млн. теңге шығыны жоспарланғанымен, іс жүзіндегі пайда-сы 7 547 млн. теңгені құрады. Оң ауытқу 17 556 млн. теңгені құрады.

Осы нәтижеге негізгі әсер еткен келесідей факторлар:

- Негізгі емес қызметтен түскен табыстар 18 216 млн. теңгені құрады, оның ішінде «KLPE» ЖШС жобасында LG Chem үлесін

сатып алудан табыс 15 574 млн. теңгені құрады;

- Негізгі қызметтен түскен табыстар 6 411 млн. теңгені (жалпы табыстан 26%) құрады, бұл жоспардағыдан 4 037 млн. теңгеге аз. Бұл ауытқудың негізгі себебі – полимер өнімдерін өндіретін зауыттың толығымен жүктелмеуі болып табылады. Бұл ретте күкірт қышқылы және кесекті күкіртті өткізу бойынша жоспар асыра орындалды;
- «Полимер Продакшн» ЖШС-нің полимерлік өнімдер өндірісінің көлемін орындалмау есебінен сатылған өнімнің өзіндік құны бойынша үнемдеу 4 568 млн. теңге деңгейінде қалыптасты;
- «KUS» ЖШС (жабдықтарды сақтауға арналған шығыстар), «ХимПарк Тараз» АЭА БК» АҚ (ӘТК ғимаратын пайдалануға беру күнінің 2017 ж. ауыстырылуына байланысты) сондай-ақ Серіктестіктің кон-



- сультациялық шығыстарын 2017 жылға ішінара көшіруге байланысты үнемдеу арқылы жалпы және әкімшілік шығыстар 1 970 млн. теңгеге (67%) төмендеді;
- Қаржылық шығыстардың оң айырмасы 1 818 млн. теңгені құрады. Бұрынырақ 2016 жыл-

дың ақпанынан желтоқсанына дейінгі кезеңде «KUS» ЖШС жобасы бойынша 1,8 млрд. теңге көлемінде дисконттың амортизациясы жоспарланған. Ауыртпалықты міндеттемелер бойынша нақты резервті есептеуге байланысты, 2016 жылдың желтоқсанында дисконт амор-

тизациясы бойынша қаржылық шығыстар төмендеді;

- Солтүстік бағытқа күкірт қышқылын жеткізуді қайта бөлу нәтижесінде тасымалдау бойынша шығыстардың оң ауытқуы 437 млн. теңгені құрады.

8-кесте. 2014–2016 жж. арналған аналитикалық көрсеткіштер, млн. теңге

Бөлім атауы	2014 ж.		2015 ж.		2016 ж.		2017 ж.
	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар
Активтердің құны	124 244	121 278	192 291	208 233	227 632	225 895	474 565
Негізгі емес қызметтен түскен табыстар	48	1 122	502	5 615	945	17 840	119
Өзіндік құны	994	104	3 223	2 526	9 616	5 047	11 867
Еңбекке ақыны төлеу бойынша шығыстар	2 260	1 905	2 874	1 970	3 569	2 564	4 465
Бюджетке салықтар бойынша мемлекетке төлемдер	217	335	287	456	592	118	209
Жеткізушілерге төлемдер	3 734	2 334	6 509	3 710	7 173	6 390	7 577
Қайырымдылық және демеушілік көмек	–	–	–	–	–	–	–
Мемлекеттен алынған қаражат	–	–	–	–	–	–	–
Жалпы капиталдандыру	53 803	50 743	84 432	82 170	41 902	33 675	85 546
Меншікті капитал	108 104	93 034	173 283	178 291	209 069	165 454	302 600
Қарыз капиталы	13 890	13 094	10 172	14 645	12 240	11 168	166 979
Жылдық таза пайда	–6 275	–1 270	–4 756	8 548	–10 009	7 547	–12 178

Активтердің өсуі негізінен келесі себептерге негізделген:


- Оның ішінде 25 882 млн. теңге сомасында «KLPE» ЖШС-нің 50% қатысу үлесін сатып алу, 4 837 млн. теңге сомасында «KUS» ЖШС-ның жобасын іске асыру есебінен және 1 023 млн. теңге «ХИМ-Плюс» ЖШС-ның жобасын жүзеге асыру есебінен негізгі қаражаттың 31 303 млн. теңгеге өсуі;
- 15 574 млн. теңге сомада бірлескен ұйымнан еншілес ұйымдарға «KLPE» ЖШС-не инвестициялардың қайта жіктелуіне байланысты 32 025 млн. теңге сомада бірлесіп-бақыланатын және қауымдасқан ұйымдарға инвестициялардың азаюы;

- Негізінен, «KUS» ЖШС жобасы бойынша жабдықтарды сатып алуды көшіру есебінен басқа да активтердің 3 887 млн. теңгеге төмендеуі, 12 836 млн. теңге көлемінде, БХК тиесілі капиталдың ұлғайуы, келесідей іс-шараларды іске асыру үшін жалпы 38 087 млн. теңге сомасында жалғыз қатысушының тарапынан БХК капитализациялауға негізделген (оның ішінде 33 675 млн. теңге ақша қаражаттарымен, сондай-ақ газ турбиналық электр станцияларының жобалау-сметалық құжаттамасы түрінде 4 412 млн. теңге сомадағы жарна);
- 24 584 млн. теңге – «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым

нысандарын салу («KUS» ЖШС) жобасын іске асыру шеңберінде газ турбиналық электр станциясы құрылысына;

- 294 млн. теңге – «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА инфрақұрылым нысандарын салу үшін («ҰИМТ» АЭА БК» АҚ);
- 5 400 млн. теңге – «Тараз химия паркі» арнайы экономикалық аймағын құру жобасын іске асыру үшін;
- 4 000 млн. теңге – «Полимер Продакшн» ЖШС-нің жобасын іске асыру үшін;
- 1 209 млн. теңге – БХК ағымдағы қызметі үшін;
- 2 600 млн. теңге – «ХИМ-плюс» ЖШС-нің жобасын іске асыру үшін.

10-сурет. 2014–2016 жылдарға арналған БХК меншікті капиталының өсім қарқыны




БХК инвестициялық қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету үшін жалғыз қатысушысының тарапынан салымдар есебінен меншікті

капиталдың өсуі жүзеге асырылады. 27 млрд. теңге сомасында «KUS» ЖШС іске асырылатын газ турбиналық электр станциясын салу жобасы

бойынша резервті есептен шығару есебінен 2016 жылы капиталдың төмендеуі болды (10-сурет).

11-сурет. 2014–2016 жж. БХК активтерінің саны және құны



БХК активтерінің өсуі химиялық және мұнай-химия жобаларына капиталдық салымдардың өсуімен

байланысты. Жобаларда БХК-мен ЕТҰ-ға инвестициялар БХК иелену үлесіне барабар жүзеге асырылады.

Бұл ретте ЕТҰ саны бірқатар бейінді емес компанияларды тарату есебінен қысқарды (11-сурет).

9-кесте. 2014–2016 жылдардағы қызметінің негізгі көрсеткіштері


Бөлімнің атауы	2014 ж.		2015 ж.		2016 ж.	
	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты	Жоспар	Нақты
ROACE, %	–6	–0,001	–2,8	0,006	–0,003	0,005
EBITDA маржасы, %	–385	(171,2)	–2,1	–40,3	–37,9	–31,1
Мың адамға өндірістегі жазатайым оқиғалар саны		0		0	0	1

Жоспармен салыстырғанда есепті кезеңде БХК операциялық маржа-

сын жақсартуға (EBITDA маржасы) өзіндік құны бойынша шығыстар-

дың төмендеуі және ЖӘШ әсер етті (9 кесте).

12-сурет. Жеткізілген өнімдердің және қызметтің көлемі



2016 жылы 7,7 млн. дана ПП қаптар, 405 т ПЭ үлбірлер және 1 737 т ББПУ өндірілді. 297 млн. теңгеге 6,8 млн. дана ПП қаптар, 234 млн. теңгеге 421 т ПЭ үлбірлер, 756 млн. теңгеге 1 388 т ББПУ өткізілді. Өткізілген өнімнен түскен түсім 1 287 млн. теңгені құрады (12-сурет).

1 126 мың теңгеге күкірт қышқылын өткізу көлемінің ұлғаюы байқалды. 2016 жылы күкірт қышқылын өндіру көлемі 136 698 т құрады, күкірт қышқылын өткізу көлемі – 225 823 т, өткізуден түскен табыстар 3 654 млн. теңгені құрады.

2016 жылы кесекті күкіртті өткізу көлемі 161 020 т құрады. Ал 2015 жылы кесекті күкіртті өткізу көлемі бойынша бұл көрсеткіш 149 088 т құрады. 2016 жылы 3 655 млн. теңгеге өнім өткізілді.

2.6. 2017 ЖЫЛҒА ДАМУ КЕЛЕШЕГІ

2017 жылы келесідей негізгі бастамаларды және міндеттерді жүзеге асыру жоспарлануда:

ҚОЛДАЙТЫН БАСТАМАЛАР БОЙЫНША:

- БХК жаңа стратегиялық міндеттеріне сәйкес жаңа ұйымдастырушылық құрылым әзірлеу;
- Әлеуетті серіктестерді іздеу және тарту бойынша іс-шараларды өткізу;
- Инвестициялық жобаларды іске асыру үшін реттеушілік және шикізаттық қолдауды қамтамасыз ету.

ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ДАМУ БОЙЫНША

- Жобалық офисті құру және жүйелерді енгізу және ірі күрделі жобаларды басқару үдерісін құру бойынша жұмыстардың бастамасы;
- Инновацияларды басқару жүйесін енгізу, инновациялық қоржынды толықтыру;
- Іске қосылған өндірістер бойынша маркетингтік саясатты жаңарту.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР БОЙЫНША:

«Аммиак және метанолдың құрамдастырылған өндірісін құру» жобасы:

- Жобалау алдындағы техникалық пысықтау, технологияны таңдау, лицензиялық келісімдерге келісу, нарықты, реттеуші ортаны егжей-тегжейлі талдау, тәуекелдерді бағалау, келісімшарт стратегиясын әзірлеу, шикізат және энергия ресурстарын жеткізу шарттарына келісу.

«Пропанды сутексіздендіру және полимерлеу бойынша өндіріс құру» жобасы (KPI):

- Жобалау және құрылыс кезеңіндегі дайындық жұмысы;
- «KUS» ЖШС-мен су ұсыну тарифтеріне келісу;
- Жобалық команданы, РМС-кеңесшіні және ЕРС-мердігерді жұмылдыру;
- Қосымша шикізат көлемін жеткізу бойынша келіссөздер жүргізу, балама шикізат көздерін пысықтау;

- Жоба қуатын ұлғайту мүмкіндігі үшін негізгі тораптарды талдау бойынша лицензиармен, мердігермен және тапсырыс берушімен бірлескен жұмыс.

«Әлемдік ауқымда пиролизді және полимерлеуді құру» жобасы (KLPE):

- Конфигурацияны таңдау және жобаны іске асыру тұжырымдамасын бекіту;
- FEED-құжаттаманы әлеуетті әзірлеушіні анықтау.

«Пилоттық орталықпен біріктірілген глифосат және күйдіргіш сода өндірісін құру» жобасы:

- Формуляциялау цехы құрылысының басталуы (ЖСҚ, жабдықтарға тапсырыс беру, ҚМЖ).

«Күйдіргіш сода және хлор өндірісі» жобасы:

- Қаржылық жабу;
- EPC-мердігерді таңдау және ҚМЖ бастамасы.

«Әлемдік ауқымда ілеспе газды қайта өңдеу кешенін құру» жобасы:

- Жоба алдындағы пысықтау (технологияны, FEED-құжаттамасын әзірлеуге мердігерді таңдау);
- Жобаны анықтау сатысына көшу туралы шешім қабылдау.

Жобалар бойынша жоба құнын оңтайландыру жөніндегі мүмкіндіктерді анықтау бойынша іс-шаралар, әлеуетті стратегиялық әріптестерді іздеу, қаржы ресурстарына, қаржыландыру тәсімі мен көздеріне қажеттілікті анықтау жүргізіледі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БАСҚАРУ САЛАСЫНДА

- Кадрлардың тұрақтамауын төмендету, БХК қызметкерлерін оқыту және кадрлық резервті қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру;
- 2017 жылы БХК қызметкерлерін аттестаттауды жүргізу;
- «Жалпы қызмет көрсету орталығы» жобасын іске асыру.


2017 ЖЫЛҒА КОРПОРАТИВТІК УАҚИҒАЛАР КҮНТІЗБЕСІ

2017 жылы БХК компаниялар Тобымен химия өнеркәсібі саласындағы түрлі халықаралық мамандандырылған көрмелерге қатысу, сондай-ақ келесідей іс-шараларды жүргізу жоспарлануда:

- Астана қаласында Инвестициялық форумды ұйымдастыру;
- Жаңа индустрияларды дамыту туралы ақпараттық сессияларды ұйымдастыру;
- «Бос орындар жәрмеңкесі» шеңберінде жоғары оқу орындарымен өзара әрекеттестік;
- «Petro|Chemical Day» іс-шарасын өткізу.




Корпоративтік басқару



Полиэстер

Полиэстер – полиэфир талшықтарынан алынатын мата. Полиэфирлер (немесе полиэстерлер) – көпнегізді қышқылдар мен олардың ангидриттерін көпатомды спирттермен поликонденсациялаумен алынатын жоғары молекулалы қосылыстар. Артықшылықтары – мардымсыз қыртыстану, жарыққа және атмосфераға қарсы керемет төзімділік, жоғары беріктік, қажалуға қарсы жақсы тұрақтылық.



3.1. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

БХК корпоративтік басқармасы Корпоративтік басқару Кодексінде бекітілген 6 негізгі қағидаттарға негізделген:

- Корпоративтік басқару жүйесі;
- Тұрақты даму (экономика, экология, қоғам);
- Жалғыз қатысушының құқығы және оған деген әділ қарым-қатынас;
- Байқау кеңесі және Атқарушы орган нәтижелілігі;
- Тәуекелдерді басқару, Ішкі бақылау және аудит;
- Ашықтық.

1. Корпоративтік басқару жүйесі

Корпоративтік басқару жүйесі БХК және ЕТҰ қызметін басқаруды және бақылауды, сондай-ақ Басқармамен, Байқау кеңесімен, Жалғыз қатысушымен және мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесін қамтамасыз ететін үдерістердің жиынтығы болып табылады. Органдардың құзыреті және шешім қабылдау тәртібі нақты анықталған және БХК Жарғысында бекітілген.

Корпоративтік басқару жүйесі қамтамасыз етеді, оның ішінде:

- Мәселелерді қарау және шешімдерді қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау;
- Органдар, лауазымды тұлғалар және қызметкерлер арасындағы өкілеттікті және жауапкершілікті нақты шектеу;
- БХК органдарымен уақытылы және сапалы шешімдер қабылдау;
- БХК қызметіндегі үдерістердің тиімділігі;
- Заңнамаға, Корпоративтік басқару кодексine және БХК-ның ішкі құжаттарына сәйкестік.



БХК-да және оның ЕТҰ-да органдар және құрылымдық бөлімшелер туралы ереже, сондай-ақ тиісті ұстанымдарға арналған лауазымдық нұсқаулық бекітілген. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үдерісінің жүйелілігін және дәйектілігін қамтамасыз етеді.

2. Тұрақты даму

БХК-да тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылған, ол келесідей элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- Байқау кеңесінің, Басқарма және БХК қызметкерлерінің деңгейінде тұрақты даму қағидаттарын ұстану;
- Мүдделі тараптардың картасын құру;
- Тұрақты даму саласында мақсаттарды және ҚНҚ-ны анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды анықтау;
- Тұрақты дамуды тәуекелдерді, адам ресурстарын басқаруды, есептілік және басқаларды қоса алғанда негізгі үдерістермен, сондай-ақ БХК даму стратегиясына біріктіру және шешімдірді қабылдау үдерістері;
- Лауазымды тұлғалардың және тұрақты даму саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- Мақсаттарға қол жеткізуді және ҚНҚ бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсартудың мәдениетін енгізу.

Байқау кеңесі және БХК Басқармасы тұрақты дамыту саласында тиісті жүйенің қалыптасуын және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

Барлық қызметкерлер және барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.

Ашықтық, есеп берушілік, этикалық тәртіп, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделердің қақтығысына жол бермеу, жеке бастық үлгі тұрақты даму саласындағы қағидаттар болып табылады.

БХК-да тұрақты даму үш бағытта жүзеге асырылады:

1. Экономикалық құрамдас бөлігі БХК және ЕТҰ қызметін ұзақ мерзімді құнын өсіруге, Жалғыз қатысушының және инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, үдерістердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды жасауда

және дамытуда инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін жоғарылатуға бағыттайды;

2. Экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге ықпалды азайтуды, шектелген ресурстарды оңтайлы қолдануды, экологиялық энергия және материал үнемдегіш технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнімдерді жасауды, қалдықтарды азайту, қайта өңдеу және жоюды қамтамасыз етеді.
3. Әлеуметтік құрамдас бөлігі әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, ол мыналарды қамтиды: еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау; әділ сыйақы және БХК және ЕТҰ қызметкерлерінің құқығын құрметтеу; қызметкерді жеке дамыту; қызметкерлер үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру.

3. Жалғыз қатысушының құқығы және оған деген әділ қарым-қатынас

БХК-ның ішкі құжаттарына және қалыптасқан тәжірибеге сәйкес, құпиялылық және ақпаратты ашу талаптарын ескере отырып, сәйкесінше шешімді қабылдау үшін қажетті БХК және оның ЕТҰ туралы ақпаратты алуға Жалғыз қатысушының мүмкіндігі бар.

Жалғыз қатысушыға ақпаратты беру сәйкесінше шешімді қабылдау үшін қажетті көлемде жүзеге асырылады, оның ішінде Жалғыз қатысушының сұранысы бойынша, оларға уақытылы жауаптар беріледі.

БХК Жарғысына сәйкес, Жалғыз қатысушының БХК қызметі туралы

ақпарат алуға және оның бухгалтерлік және өзге де құжаттамасымен танысуға құқығы бар.

Жалғыз қатысушы үшін БХК қызметі туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары БХК Ақпараттық саясаты туралы Ережеде реттелген, соған сәйкес БХК ақпараттарын алушыларға Жалғыз қатысушысы, қызметкерлер, іскер серіктестер, жұртшылық, мемлекеттік органдар жатады.

БХК корпоративтік басқару құрылымы қаржылық жағдайын, даму жоспарын орындау, инвестициялық қызметтің нәтижелері, активтерінің

құрылымы және басқару жүйесі, сатып алу және тәуекелдер бойынша есептілікті қоса алғанда, БХК қызметінің барлық маңызды аспектілері бойынша ақпаратты Байқау кеңесіне және Жалғыз қатысушыға уақытылы және дәл беруді толық көлемде қамтамасыз етеді.

ҚР заңнамасына сәйкес міндетті түрде уәкілетті мемлекеттік органдарға салық салу, мемлекеттік статистика мәселелері бойынша ақпарат беріледі, тоқсан сайынғы негізде ҚР Ұлттық Банкіне есеп-қисап ұсынылады.

4. Байқау кеңесі және Атқарушы орган нәтижелілігі

Байқау кеңесі БХК басқармасының қызметін бақылауға және ұйымды басқару үшін жеткілікті өкілеттіктермен қамтамасыз етілген. Байқау кеңесі өз атқарымын БХК Жарғысына сәйкес орындайды және келесідей сұрақтарға ерекше көңіл бөледі:

- БХК даму стратегиясын айқындау (бағыттар және нәтижелер);
- Даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштерінің қойылуы және мониторинг;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс жасауын ұйымдастыру және қадағалау;
- Ірі инвестициялық жобаларды және Байқау кеңесі құзыреті шеңберіндегі басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді

іске асыруды бекіту және мониторинг;

- Сайлау, сыйақы, БХК басқарма басшысы және мүшелері қызметінің сабақтастығын жоспарлау және қадағалау;
- Корпоративтік басқару және этика;
- БХК-да корпоративтік басқару Кодексінің және корпоративтік этика Кодексінің ережелерін сақтау.

БХК Байқау кеңесінің құрамына химия саласындағы компанияларда бірінші басшы тәжірибесі бар тұлғалар; мұнайгаз компанияларында техникалық бағытта басшылықтан ауқымды тәжірибесі бар тұлғалар; аудит бойынша бөлімшелерде басшылық жұмыс тәжірибесі бар

тұлғалар кіреді. Байқау кеңесі мүшелерінің жасы 35-тен 47 жасқа дейін, еңбек өтілі – 11-ден 20 жылға дейін, оның ішінде басшылық лауазымдарында – 7 жастан 12 жасқа дейін өзгереді. БХК Байқау кеңесінің құрамында қазіргі уақытта 3 ер адам бар.

БХК жылдық есептерінде БХК Байқау кеңесі мүшелерінің өмірбаяны егжей-тегжейлі ашылады (БХК Байқау кеңесіне бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні; азаматтығы; туған күні; білімі; соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі; қазіргі уақытта басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі; БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелігі).

5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит

Байқау кеңесі шешімімен бекітілген, БХК тәуекелдерді басқару саясатының негізінде БХК-да БХК-ның барлық деңгейлерінде Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі (бұдан әрі – ТКБЖ) құрылған, сондай-ақ БХК Ішкі бақылау жүйесі туралы ереже (бұдан әрі – ІБЖ) қабылданған.

ТКБЖ мен ІБЖ енгізу және жетілдіру БХК операциялық және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарты болып табылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі – тиімді және ұтымды қызметке ықпал ететін, БХК-ға сәйкесінше түрде БХК

мақсаттарын орындауға ақылға қонымды кепілдікті қамтамасыз ету үшін елеулі тәуекелдерге жауап беруге, оның ішінде қол жеткізуге мүмкіндік беретін саясат, үдерістер мен рәсімдер, тәртіп және әрекеттер нормаларының жиынтығы:

- БХК қызметінің нәтижелілігі;
- Активтердің, ақпараттың сақталуы және БХК ресурстарын тиімді пайдалану;
- БХК қаржылық және басқарушылық есеп-қисабының толықтығы, сенімділігі және нақтылығы;
- ҚР Заңының және БХК ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

- Тәуекелдерді басқарудың оңтайлы жүйесін қолдау және енгізу есебінен тәуекелдерді азайту;
- Бизнес-үдерістердің тиімділігін қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау;
- БХК-ның лауазымды тұлғалары және қызметкерлерінің тарапынан ықтимал заңсыз әрекеттердің алдын алу, шектеу және болдырмау.

БХК-на тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін енгізу және оның жұмыс жасауы COSO стандарттарына сәйкес келетін Қордың әдістемесіне (саясатында) негізделген нақты нормативтік базаға ие.

Тәуекелдерді тиісті басқару мәдениетін енгізу үшін жыл сайынғы негізде құрылымдық бөлімшелер басшыларына, БХК және ЕТҰ қызметкерлеріне семинарлар өткізіледі. Семинарда тәуекелдерді корпо-

ративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттері бойынша мәселелер қарастырылады: сәйкестендіру, бағалау және тәуекелдерді басқару әдістері.

Жұмысқа жаңа қызметкерді қабылдау кезінде БХК тәуекелдері бойынша құжаттармен танысу міндетті түрде жүргізіледі.

6. Ашықтық

ҚР заңнамасына, корпоративтік басқару Кодексіне және ішкі құжаттарға сәйкес, БХК және оның ЕТҰ мүдделі тараптар үшін өзінің қызметі туралы ақпаратты уақытылы ашып көрсетеді.

БХК және оның ЕТҰ ақпаратты ашу жүйелілігін қамтамасыз ету үшін жауапты лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің мерзімдері, тәртібі, тәсілі, ақпаратты ашу формасы, атқарымдары мен міндеттерін көрсете отырып, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін анықтайтын ішкі құжаттар, сондай-ақ ақпаратты ашу үдерістерін реттейтін басқа да ережелер бекітілген.

БХК қызметі туралы ақпаратты ашудың негізгі қағидаттары БХК Ақпараттық саясаты туралы ережеге сәйкес, сондай-ақ, БХК-да Қызметтік және коммерциялық құпияны сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықпен реттелген. Қызметтік және коммерциялық құпияның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, БХК қызметі туралы таратылатын ақпарат үш топқа бөлінеді:

- Жалғыз қатысушыға ашуға жататын мәліметтер;
- Міндетті және қатаң белгіленген тәртіпте уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынуға жататын мәліметтер;
- Мүдделі және өзге де тұлғаларға ашылатын мәліметтер.

БХК ай сайынғы негізде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін, тоқсан сайынғы негізде – БХК инвестициялық қызметінің мониторингтік есебін Қорға жібереді. БХК жыл қорытындысы бойынша жылдағы негізгі оқиғалар, қаржылық нәтижелер, жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар және қолда бар активтер, корпоративтік басқару, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметі, алдағы жылға міндеттер мен жоспарларды, Байқау кеңесі және БХК Басқармасының құрамы мен жұмысы туралы мәліметтерді және т.б

туралы ақпаратты қоса алғанда, БХК қызметінің негізгі аспектілері бойынша толық ақпаратты қамтитын Жылдық есепті құрастырады. БХК Жылдық есебі БХК-ның корпоративтік сайтына орналастыру арқылы жария етіледі, бұл БХК компаниялар тобының іскерлік беделін және инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

БХК-ның корпоративтік басқаруын жетілдіру мақсатында есепті жылы бірқатар іс-шаралар өткізілді:

- ЕТҰ Корпоративтік хатшылары мен БХК мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері үшін корпоративтік басқару Кодексінің қағидаларын түсіндіре отырып және оны енгізу және БХК тобында қолдану мәселелерін талқылау туралы кеңестер және семинарлар;
- Тәуекелдерді басқару, тұрақты даму, БХК қызметкерлері үшін іскерлік мінез-құлық және корпоративтік этика нормалары мен қағидаттарын қолдану бойынша семинарлар;
- Корпоративтік басқару Кодексінің ережелеріне ағымдағы тәжірибенің сәйкестігін талдау нәтижелері бойынша БХК-ның ішкі нормативтік құжаттары өзектендірілді, Тексеру комиссиясының және БХК Басқармасының жұмыс жоспарлары, тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспары әзірленді;
- БХК Жалғыз қатысушысының болжалдарына қол жеткізу бой-

ынша іс-шараларды орындау мониторингі;

- «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің құрылымдық бөлімшесі ретінде HR ЖҚО құру жөніндегі жоба іске қосылды (2017 ж. маусымына дейін жоба толық күшіне енеді).

2016 жылдың ішінде БХК еншілес ұйымдарымен ағымдағы тәжірибенің корпоративтік басқару Кодексінің ережелеріне сәйкестігіне кең талдау (Gap-талдау) өткізілді және БХК еншілес ұйымдарының директорлар Кеңестерімен/Байқау кеңестерімен бекітілді, олардың қорытындылары бойынша 2016–2017 жылдарға корпоративтік басқаруды жетілдіру және корпоративтік басқару Кодексін енгізу жоспарлары әзірленді, мұнда негізгі блоктар ретінде тұрақты даму қағидаттарын енгізу, олармен корпоративтік шешімдерді қабылдағанда, тәуекелдерді басқару тәжірибесін жақсартуда, ішкі бақылауда, қызметті жоспарлау және бағалауда БХК еншілес ұйымдарының органдары қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар ұсынылған.



3.2. БХК КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАСЫ

БХК компаниялар тобы жоғары этикалық стандарттарды ұстанады және БХК тобының серіктестерімен және барлық жұмыскерлерімен осы стандарттарды тұрақты қолдануды қамтамасыз ету үшін қажетті рәсімдерді енгізеді.

БХК тобы ішіндегі қарым-қатынас адалдық, парасаттылық, өзара сыйластық және кінәсіздік презумпциясы сияқты құндылықтарға, сондай-ақ БХК Корпоративтік этика кодексінде тіркелген негіз қалаушы корпоративтік құндылықтарға сәй-

кес, кәсібиліктің және этиканың ең жоғары стандарттарын пайдалана отырып, әділ және ашық негізде құрылады (кесте 10).

10-кесте. БХК тобының корпоративтік құндылықтары

Кемелденуге талпыну	Қызметкерлер үшін озық жағдайлар құру	Құнын жасау
▪ Әрқайсымыз көрнекті нәтижелердің жетістігі үшін өз мойнымызға жауапкершілік аламыз; ▪ Әрқайсымыз оқыту мен дамытудың кері байланысы үшін ашықпыз; ▪ Әрқайсымызда егер де басқалардың пікірімен немесе әрекетіне келіспесек, дауыс беру құқығымыз бар; ▪ Әрқайсымыз жоғары кәсіби және этикалық стандарттарға сәйкес әрекет етудеміз.	▪ Әрқайсымыз көшбасшы болып табыламыз және әріптестерінің дамуына және жұмыс үшін озық жағдайларды жасауға қатысамыз; ▪ Әрқайсымыз иерархиялық емес ұжымды қалыптастыруға, компанияда меритократия құруға жауаптымыз.	▪ Әрқайсымыз өзіміздің қызметіміздің құнын құруға шоғырланғанбыз және нәтижеге қол жеткізу үшін ішкі және сыртқы серіктестермен ынтымақтастық орнатамыз; ▪ Әрқайсымыз жетістіктерге жету үшін қарапайымдылық, түсініктілік, нәтижелілік, міндеттерді шешу жылдамдығы мен шешімдер қабылдау, төрешілдікті төмендету өзгерістерін өмірде ұстанамыз.

БХК Тобы қызметкерлері стратегиялық маңызды, сонымен қатар күнделікті жағдайдағы корпоративтік шешімдерді қабылдау үшін лауазымды тұлғалармен қарым-қатынаста Корпоративтік этика кодексін ережелеріне сүйенеді.

БХК-ның корпоративтік жанжалдарын және мүдделер қақтығысын реттеу бойынша саясатын тиімді іске асыру мақсатында 2011 жылы БХК Басқарма Төрағасының бұйрығымен омбудсмен тағайындалды, оның міндеттеріне Корпоративтік басқару кодексін және БХК Корпоративтік этика кодексін ережелерін түсіндіру, қызметкерлердің және лауазымды тұлғалардың Корпоративтік этика кодексін сақтауын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру кіреді. БХК қызметкерлері тарапынан және мүдделі тараптардан осы уақытқа дейін бұзушылық факті бойынша өтініштер мен шағымдар келіп түскен жоқ.

БХК және БХК компаниялар тобы қызметкерлеріне БХК ішкі құжаттарын немесе заңнама нормаларын бұзатын тәжірибемен байланысты өз қорқыныштары туралы жауапкершілікпен мәлімдеу мүмкіндігін ұсыну арқылы, БХК компаниялар тобында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шаралар шеңберінде БХК қызметінде ашықтықты және есеп берушілікті арттыру үшін негіздерді құру мақсатында Ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету саясаты жұмыс жасайды. Осы саясат тәртіп бұзушылықтар туралы өтініштерді беру тәртібін реттеуге бағытталған негізгі ережелерді, оларды қарауды, оларды қарау нәтижелері бойынша шараларды қабылдауды анықтайды, сондай-ақ БХК ішінде сәйкесінше бұзушылықтар туралы өтінішті олармен беру кезінде БХК және БХК компаниялар тобының қызметкерлерін қолдау негіздерін белгілейді. БХК-да және оның еншілес ұйымдарындағы қазіргі Саясатына сәйкес ықтимал бұзушылықтар туралы

хабардар Тексеру комиссиясының уәкілетті тұлғаларына және омбудсменге пошта арқылы сондай-ақ БХК жедел телефон желісі бойынша (+7 (7172) 27-71-30) немесе электрондық поштасы арқылы ((hotline@uss.com.kz) тікелей жіберіледі. БХК Басқарма тәжірибесінде және оның барлық құрылымдық бөлімшелері уәкілетті тұлғаларға болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаларды беруге кедергі келтірмейді.

БХК Басқарма Төрағасының бұйрығына сәйкес, лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, БХК-ның барлық қызметкерлерін Корпоративтік этика кодексін ережелерімен таныстыру мақсатында «БХК-да корпоративтік мәдениетті басқару» тақырыбында жыл сайынғы негізде үйретуші семинар өткізіледі. Сондай-ақ БХК корпоративтік этикасы бойынша тұрақты жұмыс істейтін Комиссия құрылған, ол жылына бір рет Корпоративтік этика кодексін ережелер білімін тексеруді жүзеге асырады.

3.3. БХК БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

БХК-ның корпоративтік басқару жүйесі үдерістер мен БХК қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін ұйымдардың өзара қарым-қатынасының жиынтығын білдіреді. БХК корпоративтік басқару жүйесі инвестициялық тәуекелдерді төмендетуге, инвестициялық тартымдылықты өсіруге, қарыз және меншікті капиталдың құнын төмен-


детуге және БХК құнын ұлғайтуға бағытталған.

БХК корпоративтік басқарудың қазақстандық және халықаралық тәжірибесінің жетістіктерін ескере отырып, корпоративті басқарудың озық стандарттарына жүгінеді, корпоративтік басқарудың механизмдері мен рәсімдерін

үнемі жетілдіріп отырады және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар Тобы үшін белгіленген корпоративтік басқару деңгейіне ұмтылады.

БХК Жарғысына сәйкес БХК корпоративтік басқару органдары болып табылады (13-сурет):


13-сурет. БХК басқару құрылымы



БХК ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- Жарғы;
- Корпоративтік басқару кодексі;
- Корпоративтік этика кодексі;
- ЕТҰ корпоративтік басқару жөніндегі басшылық;
- Байқау кеңесі туралы ереже;
- Басқарма туралы ереже;
- Тексеру комиссиясы туралы ереже;
- БК хатшысы туралы ереже;
- Бюджеттік комитет туралы ереже;
- Несие комитеті туралы ереже;
- Инвестициялық комитет туралы ереже;
- Тәуекелдер жөніндегі комитет туралы ереже;
- Техникалық кеңес туралы ереже;
- Ғылыми-техникалық кеңес туралы ереже.

14-сурет. БХК ұйымдық құрылымы (2016 жыл 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)



ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫ

БХК Жалғыз қатысушысы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы болып табылады. Қор бәсекеге қабілеттілікті арттыру және ұлттық экономиканың тұрақтылығы үшін құрылды, сондай-ақ елдегі экономикалық өсуге әсер ететін факторлардың, әлемдік нарықтарда ықтимал жағымсыз өзгерістердің алдын алу үшін. Қор қызметінің негізгі мақсаты оған тиесілі акциялар пакеттерімен (қатысу үлестерімен) меншік құқығында ұлттық даму институттарды, ұлттық компанияларды және басқа да заңды тұлғаларды басқару, олардың ұзақ мерзімді құндылығын барынша арттыру және әлемдік нарықтарда олардың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату болып табылады.

Жалғыз қатысушының өз құзыреті шегінде қабылданған шешімі БК

және БХК Басқармасы үшін міндетті болып табылады.

Жалғыз қатысушы БХК қызметі бойынша түйінді шешімдерді Жалғыз қатысушының шешімдері және БХК БК құрамындағы оның лауазымды тұлғалар өкілдері арқылы қабылдайды. БК мүшелерін, Басқарма мүшелерін тағайындау, Тексеру комиссиясын таңдау Жалғыз қатысушысының құзыретіне жатады және оның ішкі рәсімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Жалғыз қатысушы БХК-да корпоративтік басқарудың құрылуында және қалыптасуында мынадай жолмен белсенді рөл атқарады:

- 2015 жылы 27 мамырда №22/15 БХК Жалғыз қатысушысы Басқармасы бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодексі енгізу;

- Корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауды қоса алғанда, корпоративтік басқару стандарттарын енгізу кезінде әдістемелік қолдау көрсету.

Жаңа Корпоративтік басқару кодексін БХК-на енгізу жұмыстары шеңберінде БХК-ның ішкі құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Ішкі коммуникацияның тиімді жүйесін енгізуге және БХК кадрлық қорына және басшылыққа арналған Трансформация бағдарламасын іске асыру үшін қызметкерлерді тартуды арттыруға «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің жәрдемдесуімен Жалғыз қатысушының болжалына сәйкес «Өзгертудегі көшбасшылық» тренингі ұйымдастырылды.

БХК БАЙҚАУ КЕҢЕСІ

Байқау кеңесі (БК) Басқарма қызметін бақылауды жүзеге асыру үшін құрылды. БХК БК БХК-ның ұзақ мерзімді даму стратегиясын анықтайды және бекітеді, орта мерзімді даму жоспарларын бекітеді, орнықты даму саласындағы

жоспарларды, басшы қызметкерлер қызметінің уәждемелік негізгі көрсеткіштерін анықтайды және бекітеді, Басқарма қызметін бақылайды (11-кесте).

Өз құзыретінің шеңберінде қабылданған БК шешімі БХК Басқармасы үшін міндетті болып табылады. БК өз қызметін №28-б 2011 жылы 28 сәуірде Қор бұйрығымен бекітілген БХК Байқау кеңесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

11-кесте. БХК БК құрамы (2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша)

Аты-жөні	Туылған жылы	Лауазымы	Өкілеттік мерзімі
Тұтқышев Ержан Бексұлтанұлы	10 желтоқсан 1981 ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Жаңа салаларды дамыту жөніндегі тең басқарушы директоры, БК төрағасы	18 сәуір 2016 ж. – 4 наурыз 2019 ж.
Рысқұлов Айдар Қайратұлы	20 тамыз 1981 ж.	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Корпоративтік қаржылар департаментінің директоры, БК мүшесі	6 маусым 2016 ж. – 4 наурыз 2019 ж.
Омаров Асхат Асанұлы	8 маусым 1973 ж.	BI Group Engineering, Басқарма Төрағасы, БК мүшесі	6 маусым 2016 ж. – 17 наурыз 2017 ж.

БХК БК құрамынан шықты

Аты	Шыққан күні
Ердебай Д. И.	13 қаңтар 2016 ж.
Сәлімгереев М. Ж.	18 сәуір 2016 ж.
Пирогов А. Г.	6 маусым 2016 ж.
Мыншарипова С. Н.	6 маусым 2016 ж.

2017 жылы БХК Байқау кеңесінің құрамында 2017 жылы 17 наурыздағы, хаттама №09/17 Қор Басқармасының шешімімен келесідей өзгерістер болды:

- БХК Байқау кеңесі мүшесі Омаров Асхат Асанұлының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды;
- 2014 жылы 5 наурызда (хаттама №17/14) Қор Басқармасы шешімімен белгіленген Бай-

- қау кеңесінің өкілеттік мерзімін тұтастай алғанда Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлы БХК Байқау кеңесіне сайланды;
- БХК Байқау кеңесі мүшелерімен Байқау Кеңесінің Төрағалығына


Бектеміров Қуаныш Әбдіғалиұлын сайлау ұсынылды.

БХК Байқау кеңесінің қызметі жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жү-

зеге асырылады, БК жылдық жұмыс жоспарының орындалуы туралы ақпарат есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші тоқсанында БК-нің бетпе-бет отырысында қаралады.

2016 жылы БХК Байқау кеңесінің 10 отырысы ұйымдастырылды және өткізілді, 8 бетпе-бет және 2 сырттай. (15-сурет).

15-сурет. 2014–2016 жж. БК-нің өткізілген мәжілістер саны




БК отырыстарында тұрақты негізде инвестициялық жобаларды дайындау және іске асыру, даму жоспарын және оның орындалуы жөніндегі есептерді қарау, БХК ішкі регламенттерін бекіту мәселелері талқыланды. Сонымен қатар, тоқсан сайынғы не-

гізде БХК инвестициялық жобалар тәуекелдері бойынша есептер қаралды, мұнда Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер картасын және БХК Тәуекелдерін басқару бойынша іс-шаралар жоспарын қарау және талқылау кірді.

Отырыстарда барлығы 56 мәселе қаралды, олар бойынша БК құзыреті шеңберінде тиісті шешімдер қабылданды.

16-сурет. БК-де қаралған мәселелер құрылымы



Жалғыз қатысушысымен БХК алдына қойылған міндеттердің сапасы және уақытылы орындалуы 2016 жылы БҚ қабылданған шешімдеріне тәуелді. Байқау кеңесінің шешімдері Даму жоспарын іске асыру, инвестициялық қызмет және т. б. сияқты БХК үшін стратегиялық маңызды мәселелерге қатысты болды (16-сурет).

БХК ҚАТЫСТЫ ЖАЛҒЫЗ ҚАТЫСУШЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІН ЕСЕПKE АЛАТЫН БК-МЕН ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

Тоқсан сайынғы негізде инвестициялық жобаларды іске асыруға, даму жоспарларының орындалуы, тәуекелдерді басқару бойынша есептерге және БХК Тексеру комиссиясының есептеріне мониторинг жүзеге асырылады.

БХК Жалғыз қатысушысының Басқармасы № 22/15 2015 жылы

27 мамырда бекіткен жаңа Корпоративтік басқару кодексін БХК-на енгізу жөніндегі жұмыс шеңберінде БХК ішкі құжаттарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

БХК кадрлық қоры және басшылығы үшін ішкі коммуникацияның тиімді жүйесін енгізуге жәрдемдесу және Өзгерту бағдарламасын іске асыруға

қызметкерлердің тартылуын арттыру бойынша Жалғыз қатысушының үміттеріне сәйкес «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетімен «Өзгертудегі көшбасшы» тренингі ұйымдастырылды.

12-кесте. БХК БК мүшелерінің 2016 ж. отырыстарға қатысуы

Аты-Жөні	БК-де болған кезеңде өткізілген отырыс саны	Қатысқан отырыстар саны	Отырыстарға қатысу, %
Ердебай Дәурен Иманжанұлы	0	0	–
Сәлімгереев Мәлік Жаңабайұлы	2	2	100
Пирогов Алексей Георгиевич	2	2	100
Мыншарипова Сая Найманбайқызы	2	2	100
Тұтқышев Ержан Бексұлтанұлы	8	8	100
Рысқұлов Айдар Қайратқлы	8	8	100
Омаров Асхат Асанұлы	8	8	100

БХК Байқау кеңесінде комитеттер қарастырылмаған.



БХК БАЙҚАУ КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯНДАРЫ

G4-38



БЕКТЕМІРОВ ҚУАНЫШ ӘБДІҒАЛИҰЛЫ

БХК БК-нің төрағасы, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

БХК БК сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама № 09/17) 17 наурыз 2017 жыл. 2017 жылы 3 сәуірде БХК БК шешімімен, хаттама № 03/17, БХК БК төрағасы болып сайланды.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 24 мамыр 1970 ж.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті: 1993 ж., физик;
- Қазақ ұлттық аграрлық университеті: 2004 ж., инженер-электрик.

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2012–2014 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ, Басқарушы директор;
- 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Активтерді басқару жөніндегі бас директор.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың ДК/БК-гі жұмысы және мүшелігі:

- Директорлар Кеңесінің төрағасы «Таукен-Самұрық» АҚ;
- Директорлар Кеңесінің төрағасы «KEGOC» АҚ;
- Директорлар Кеңесінің төрағасы «Самұрық-Энерго» АҚ;
- Директорлар Кеңесінің мүшесі «Казатомөнеркәсіп ҰАК» АҚ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ТҰТҚЫШЕВ ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ

БХК БК-нің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

БХК БК сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама № 12/16) 18 сәуір 2016 ж. 2016 жылы 22 маусымда БХК БК шешімімен, хаттама № 03/16, БХК БК төрағасы болып сайланды. 3 сәуір 2017 ж. БХК БК мүшесі болып қайта сайланды, хаттама № 03/17.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 10 желтоқсан 1981 ж.

Білімі:

- Санкт-Петербург мемлекеттік экономика және қаржы университеті, 1999–2004 жж., экономист;
- Иллинойс Университеті, Урбана-Шампейн, 2006–2007 жж., қаржы магистрі.

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2012–2014 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ, Инвестициялық жобалар Департаментінің директоры;
- 2014 жыл – «ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС, менеджер;
- 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Жаңа салаларды дамыту жөніндегі тең басқарушы директор.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың ДК/БК-гі жұмысы және мүшелігі:

- «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС БК мүшесі;
- «Таукен-Самұрық» АҚ ДК мүшесі;
- «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ ДК мүшесі;
- «ҰК Казахстан Инжиниринг» АҚ ДК мүшесі.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



РЫСҚҰЛОВ АЙДАР ҚАЙРАТУЛЫ

БХК БК-нің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі

БХК БК сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен 6 маусым 2016 ж. (хаттама № 21/16)

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 20 тамыз 1981 ж.

Білімі:

- Е. А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, 1998–2002 жж., қаржы және несие;
- «Казпотребсоюз» Қарағанды экономикалық университеті, 2003–2006 жж., экономикадағы құқықтық реттеу;
- Назарбаев Университеті, 2014–2015 жж., іскер әкімшілік магистрі (Executive MBA).

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2012–2014 жылдар – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қаржылық активтерді басқару бойынша директор;
- 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ, Корпоративтік қаржылар департаментінің директоры.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың ДК/БК-гі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ОМАРОВ АСХАТ АСАНҰЛЫ

БХК БК-нің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, 17 наурыз 2017 ж. БХК БК құрамынан шықты.

БХК БК сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен 6 маусым 2016 ж. (хаттама № 21/16). 17 наурыз 2017 ж. БХК БК құрамындағы құзіреті мезгілінен бұрын тоқтатылды. (хаттама № 09/17).

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 8 маусым 1973 ж.

Білімі:

- С. Сейфуллин атындағы Ақмола университетінің құрылыс институты, 1995 ж., инженер-механик;
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2004 ж., юрист;
- Халықаралық Бизнес Академиясы, 2009 ж.

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2012 ж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасының орынбасары
- 2013–2016 жылдар – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасы;
- 2016 жылдан – BI Group Engineering, Басқарма Төрағасы.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың ДК/БК-гі жұмысы және мүшелігі:

- «BI GROUP» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.

БХК БАСҚАРМАСЫ

Басқарма Жалғыз қатысушысының және БХК БК құзыретіне заңмен немесе Жарғымен жатқызылмаған БХК қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы және оған жүктелген міндеттерді орындауда Жалғыз қатысушысы және БК алдында жауапты.

Басқарма стратегияны, орнықты дамуды және БХК даму жоспарларын іске асыруды, Жалғыз қатысушысы және БК шешімдері мен тапсырмаларын орындауды жүзеге асырады, Жалғыз қатысушыға және БК-не БХК қызметі туралы тұрақты есеп береді.

Басқарма өз қызметін № 24-б 2010 жылы 5 сәуірде Қор бұйрығымен бекітілген БХК Басқармасы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырады. (13-кесте).

13-кесте. БХК Басқарма құрамы (2016 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша)

Аты	Туылған жылы	Лауазымы	Өкілеттік мерзімі
Өсербай Жеңіс Әлібекұлы	9 мамыр 1981 ж.	Басқарма Төрағасы	6 маусым 2016 ж. – 4 наурыз 2017 ж.
Қарбызов Қуат Қозы-Көрпешұлы	20 қаңтар 1986 ж.	Басқарма Төрағасының орынбасары	6 маусым 2016 ж. – 4 наурыз 2017 ж.
Крылова Татьяна Николаевна	7 ақпан 1953 ж.	Басқарма Төрағасының орынбасары	5 наурыз 2014 ж. – 4 наурыз 2017 ж.
Тайген Руслана Айтжановна	11 қыркүйек 1981 ж.	Басқарушы Директор, Басқарманың мүшесі	18 ақпан 2016 ж. – 4 наурыз 2017 ж.
Әлмұратов Ерболат Нұрмұхамбетұлы	24 желтоқсан 1978 ж.	Басқарушы Директор, Басқарманың мүшесі	8 қыркүйек 2016 ж. – 4 наурыз 2017 ж.
Тревор Хопкинс Спаркс	5 сәуір 1960 ж.	Басқарушы Директор, Басқарманың мүшесі	8 қыркүйек 2016 ж. – 4 наурыз 2017 ж.

БХК Басқармасы құрамынан шықты


Аты-жөні	Шыққан күні
Сұлтаналиев Нұржан Тоқанұлы	8 қыркүйек 2016 ж.
Омаров Асхат Асанұлы	6 маусым 2016 ж.
Аманқабжан Алмат Аманұлы	8 қыркүйек 2016 ж.
Қарбызов Қуат Қозы-Көрпешұлы	7 наурыз 2017 ж.
Тревор Хопкинс Спракс	7 наурыз 2017 ж.

2016 жылы БХК Басқармасымен 60 бетпе-бет отырыстар өткізілді, оларда 271 мәселе қаралды, оның ішін-

де 8 сұрақ БХК Жалғыз қатысушысының қарауына жіберілді және 33

мәселе БХК Байқау кеңесінің қарауына жіберілді (17-сурет).

17-сурет. Басқарманың өткізілген мәжілістер саны



Жалғыз қатысушыға және Байқау кеңесіне олардың құзыреті шеңберінде қарауға шығарыла-

тын барлық мәселелер, алдын-ала Басқармамен қарастырылды және мақұлданды. Олардың арасында

негізгі блог ретінде БХК іске асыруға қатысатын инвестициялық жобалар бойынша мәселелер ұсынылды.

Соның ішінде Басқарма құзыреті шеңберінде оларға басқарушылық шешімдер қабылданған негізгі мәселелерде еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің мәселелері («БК

КҚЗ Казатомөнеркәсіп», ЖШС, «KPI Inc.» ЖШС, «KLPE» ЖШС, «Полимер Продакшн» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС. ««ХимПарк Тараз» АЭА БК» АҚ, «Karabatan Utility Solutions»

ЖШС, «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ), соның ішінде даму жоспарларын қарастыру және еншілес және тәуелді ұйымдар қызметінің қорытындысы қаралды.

2016 ЖЫЛЫ БАСҚАРМАМЕН КЕЙБІР МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ҚАРАЛДЫ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ:

- 2016 жыл қорытындысы бойынша 2016–2017 жылдарға БХК-да корпоративтік басқаруды жетілдірудің Орта мерзімді бағдарламасының орындалуы бойынша есеп;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру және БХК-да 2016–2017 жылдарға Корпоративтік басқару кодексін енгізу бойынша іс-шаралар жоспары;
- БХК Инвестициялық жобаларын қарау, іске асыру, мониторинг, аяқтау туралы ережеге өзгерту енгізу;
- БХК Басшы қызметкерлеріне жатпайтын қызметкерлерге еңбек-ақы және сыйлықақы төлеу ережесіне өзгерістер мен толықтырулар;
- Жаңа редакциядағы БХК Қызметкерлерінің дербес деректерін қорғау туралы ережелер;
- Жаңа редакциядағы БХК Корпоративтік есеп саясаты;
- Жаңа редакциядағы БХК Ішкі еңбек тәртіп ережесі;
- Шарттармен жұмыс, талап-арыз жұмыстарын жүргізу және БХК-на сенімхаттар беру ережесі;
- Жаңа редакциядағы БХК штат кестесі;
- БХК 2017 жылғы жылдық сатып алу жоспары және т.б.

БХК Басқарма отырыстарында бір жыл ішінде тұрақты негізде өз өкілеттіктері шеңберінде БХК ЕТҰ қызметтерінің мәселелері қаралды.

14-кесте. 2016 ж. БХК Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысуы

Аты-жөні	Басқарма құрамында болған кезеңде өткізілген бепе – бет отырыс саны	Оларда қатысқан бетпе-бет отырыстар саны,	Отырыстарға қатысу, %
Омаров Асхат Асанұлы	23	13	56
Өсербай Жеңіс Өлібекұлы	60	57	95
Крылова Татьяна Николаевна	60	58	97
Қарбызов Қуат Қозы-Көрпешұлы	37	37	100
Әлмұратов Ерболат Нұрмұхамбетұлы	19	19	100
Тайген Руслана Айтжановна	54	27	50
Спаркс Тревор Хопкинс	19	11	58
Аманқабжан Алмат Аманұлы	41	40	98
Сұлтаналиев Нұржан Тоқанұлы	34	30	88



БХК БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨМІРБАЯНДАРЫ



ӨСЕРБАЙ ЖЕҢІС ӘЛІБЕКҰЛЫ

Басқарма Төрағасы

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама №30/13) 4 маусым 2013 ж. 2014 ж. 5 наурызда (№07/14 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына қайта сайланды. 2016 ж. 6 маусымдағы (хаттама №21/16) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімі негізінде БХК Басқарма Төрағасы болып тағайындалды.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 9 мамыр 1981 ж.

Білімі:

- Будапешт мемлекеттік экономикалық ғылымдар және мемлекеттік басқару университеті, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті, Будапешт қ., (бакалавриат);
- Т.Рысқұлов Қазақ экономикалық университеті, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті, Алматы қ., (бакалавриат);
- Мәскеу Мемлекеттік Халықаралық Қатынастар Институты, халықаралық экономикалық қатынастар факультеті, (магистратура);
- Ақмола Технология және бизнес Университеті, мұнай, газ және көмір технологиясы факультеті;
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, (докторантура).

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2016 жылдан – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасы;
- 2013–2016 жж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2009–2013 жж. – «KPI Inc.» ЖШС, Басқарма Төрағасының орынбасары.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: БХК қызметіне жалпы басшылық, БХК Жарғысымен, Жалғыз қатысушысы, Байқау кеңесі шешімдерімен, БХК Басқарма туралы Ережесімен Басқарма Төрағасына жүктелген атқарымдарды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ҚАРБЫЗОВ ҚУАТ ҚОЗЫ-КӨРПЕШҰЛЫ

Басқарма Төрағасының орынбасары

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: 2016 ж. 6 маусымдағы (хаттама №21/16). «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына сайланды. 2017 ж. 7 наурызда БХК Басқарма құрамынан шықты.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 20 қаңтар 1986 ж.

Білімі:

- Лондон бизнес мектебі (LSBF), менеджмент және бизнес-басқару;
- Қазақ гуманитарлық-заң университеті, заң факультеті.

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2016 жылдан – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасының орынбасары;
- 2014–2016 жж. – «KPI Inc.» ЖШС, Жоспарлау және мониторинг департаменті директоры;
- 2014 ж. – «KPI Inc.» ЖШС, мемлекеттік органдармен, қаржы институттарымен және халықаралық инвесторлармен өзара әрекеттестік департаменті директорының орынбасары;
- 2013–2014 жж. – «Ромпетрол» компаниясының бас кеңсесі, Бухарест қ., Румыния, жобалық менеджер.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: Серіктестіктің және ЕТҰ инвестициялық қызметі, мониторинг, ЕТҰ-ның жобалары бойынша инвестициялық қоржын құрылымын талдау мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді және байқауды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



КРЫЛОВА ТАТЬЯНА НИКОЛАЕВНА

Басқарма Төрағасының орынбасары

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен (хаттама №63/09) 1 маусым 2009 ж. 2014 ж. 5 наурызда (№07/14 хаттама) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына қайта сайланды.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 7 ақпан 1953 ж.

Білімі:

- Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты., 1975 ж., тау-кен инженер-экономист;

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2009 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарма Төрағасының орынбасары.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: Қаржы, БХК қаржы ресурстарын тиімді басқару, бюджеттік жоспарлау және бюджеттің орындалуын байқау, есеп саясатын жүзеге асыру, аудит, қарыздар тарту, банктік операцияларды жүзеге асыру, қаржылық тәуекелді басқару, БХК компаниялар тобының несие төлеу қабілеттілігін бағалау мәселелері бойынша БХК қызметін үйлестіруді және байқауды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі:

- «KPI Inc.» ЖШС Байқау Кеңесінің мүшесі.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ТАЙГЕН РУСЛАНА АЙТЖАНОВНА

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: 2016 ж. 18 ақпандағы (хаттама №06/16). «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына сайланды.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 11 қыркүйек 1981 ж.

Білімі:

- А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, Қостанай қ., (құқықтану);
- Мәскеу гуманитарлық академиясы, Мәскеу қ. (экономика);
- «KIMEP» Университеті (Executive MBA).

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2016 жылдан – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
- 2013–2016 жж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарушы директор;
- 2009–2013 жж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Қызметкерлерді және әкімшілік-шаруашылық қызметін басқару департаментінің директоры.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару және дамыту, кадр саясатын жүзеге асыру, коммуникация және БХК қызметін әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері бойынша, БХК және ЕТҰ-дың негізгі лауазымдарына қызметкерлерді жоғарылату үшін БХК Бірыңғай кадр резервін даярлау және қалыптастыру мәселелері бойынша БХК қызметін үйлестіруді және байқауды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ӘЛМҰРАТОВ ЕРБОЛАТ НҰРМҰХАМБЕТҰЛЫ

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: 2016 ж. 8 қыркүйектегі (хаттама №33/16). «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына сайланды.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.

Туылған күні: 24 желтоқсан 1978 ж.

Білімі:

- «Әділет» Жоғары құқық мектебі, Алматы қ.

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2016 жылдан – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
- 2011–2016 жж. – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Құқық департаменті директоры.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: Құқықтық, заңгерлік мәселелер бойынша, сатып алуды ұйымдастыру мәселелері бойынша, соның ішінде БХК және ЕТҰ-ның Қазақстан Республикасы заңнамасын, ішкі нормативтік құжаттарды сақтауы бойынша БХК және ЕТҰ қызметін үйлестіруді және байқауды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.



ТРЕВОР ХОПКИНС СПАРКС

Басқарушы директор, Басқарма мүшесі

БХК Басқармасына бірінші сайланған күні және ағымдағы сайланған күні: 2016 ж. 8 қыркүйектегі (хаттама №33/16). «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Басқарма құрамына сайланды. 2017 ж. 7 наурызда БХК Басқарма құрамынан шықты.

Азаматтығы: ОАР.

Туылған күні: 5 сәуір 1960 ж.

Білімі:

- Vaal University of Technology, Оңтүстік Африка (технология бакалавры (B-Tech) – химиялық инженерия);
- Vaal University of Technology, Оңтүстік Африка (Мемлекеттік диплом S4 – Химиялық инженерия).

Жұмыс тәжірибесі (соңғы 5 жылдағы):

- 2016 жылдан – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Басқарушы директор, Басқарма мүшесі;
- 2014–2016 жж. – Сингапур, CB&I Global Operations International Pte Ltd., бас техникалық маман;
- 2011–2014 жж. – Гонконг, OFFICIUM Projects Limited (Kazakhstan Petrochemical Industries (KPI) үшін жоба), Атырау қаласында біріктірілген газхимиялық кешен салу), өндіріс және пайдалану бойынша жоба менеджері.

БХК-да жауап беретін бір топ мәселелері: БХК инвестициялық және іске асырылатын жобаларын технологиялық дамыту БХК қызметін және ЕТҰ қызметі мәселелері бойынша үйлестіруді және байқауды жүзеге асырады.

Есепті кезеңнің соңында басқа да ұйымдардың Директорлар Кеңесіндегі/Байқау Кеңесіндегі жұмысы және мүшелігі: жоқ.

БХК жеткізушілерінің және бәсекелестерінің акцияларына иелік: жоқ.

18-сурет. БХК Басқармасы жанындағы комитеттер

 Инвестициялық комитет Мақсаты: БХК инвестициялық қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін Басқармаға ұсыныстар жасау Төраға: Өсербай Ж.А. Құрам саны: 11 адам	 Бюджеттік комитет Мақсаты: ЕТҰ даму жоспары және/немесе бюджетін бекітуге шығарылған ЕТҰ органдарындағы БХК өкілдерінің тұтас ұстанымын жасау, сонымен қатар БХК даму Жоспары жобасын уақытылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету және оны түзету мен орындау бойынша ұсыныстар жасау Төраға: Крылова Т.Н. Құрам саны: 6 адам	 Бюджеттік комитет Мақсаты: БХК несие (қарыз), қаржылық көмек және кепілдеме шығарылымын ұсынуға байланысты мәселелер бойынша БХК Басқармасына уақытылы және сапалы ұсыныстар жасауды қамтамасыз ету Төраға: Крылова Т.Н. Құрам саны: 6 адам
 Тәуекелдер жөніндегі комитет Мақсаты: Тәуекелдерді басқару жүйесін құру және дамыту саласында БХК Басқармасына ұсыныстар жасау және БХК тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін ұсыныстар мен ұсынымдар жасау арқылы сыни тәуекелдерге әрекет ету және БХК тәуекелдерін табуға, өлшеуге, қадағалауға және басқаруға бағытталған үдерістерді дамыту. Төраға: Өсербай Ж.А. Құрам саны: 7 адам	 Ғылыми-техникалық кеңес Мақсаты: БХК қызметінің ғылыми, ғылыми-техникалық, техника-технологиялық мәселелері, Қазақстан Республикасының химиялық өнеркәсіп жағдайын және даму келешегін бағалау, салаларда инвестициялау үшін келешекті науашаларды анықтау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау. Төраға: Өсербай Ж.А. Құрам саны: 21 адам	 Техникалық кеңес Мақсаты: БХК ЕТҰ инвестициялық жобаларын іске асырудың техникалық мәселелері, оның ішінде қажетті инфрақұрылым нысандарын жобалау және салу бойынша ұсыныстар дайындау Төраға: Мами Е.Е. Құрам саны: 14 адам

26 отырыс
40 мәселе



Инвестициялық
комитет



Тәуекелдер жөніндегі
комитет

4 отырыс
4 мәселе

38 отырыс
70 мәселе



Бюджеттік комитет



Ғылыми-техникалық
кеңес

Мәселелер туындамауына байланысты ҒТК отырысы 2016 жылы өткізілген жоқ

3 отырыс
4 мәселе



Несие комитеті



Техникалық кеңес

9 отырыс
21 мәселе

БХК ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

БХК Жарғыға сәйкес, бақылаушы органы Тексеру комиссиясы болып табылады. БХК Тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау Жалғыз қатысушысы құзыретіне жатады.

Тексеру комиссиясы Жалғыз қатысушыға тікелей бағынатын және есеп беретін, БХК қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, корпоративтік басқару саласында құжаттардың орындалуын және БХК қызметін жетілдіру мақсатында кеңес беруді жүзеге асыратын тәуелсіз, БХК ішкі бақылауының тұрақты жұмыс істейтін органы болып табылады.

Тексеру комиссиясы 2013 жылы 6 тамызда Қор Басқармасы шешімімен бекітілген Тексеру комиссиясы тура-

лы ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады, Тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспары және жоспардан тыс Жалғыз қатысушы және БХК Байқау кеңесі тапсырмасы бойынша жүреді.

2015 жылы 2 қыркүйектегі (хаттама № 35/15) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК Тексеру комиссиясының құрамы анықталды, саны 3 адам, 3 жыл мерзімге: Тексеру комиссиясының Төрағасы – Алимова Б. Е., Тексеру комиссиясының мүшелері – Абдрахманов Ж. К., Малдыбекова Д. Д.

■ Есепті кезеңде Тексеру комиссиясы мынадай іс-шаралар өткізді: БХК, «KPI Inc.» ЖШС, «БК КҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС және «Полимер Продакшн» ЖШС-нің

қаржы-шаруашылық қызметін тексеру;

■ Ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің нәтижелілігін бағалау.

БХК Тексеру комиссиясының 2017 жылға жылдық жұмыс жоспары 2016 жылы 28 желтоқсанда № 10/16 БХК БК шешімімен бекітілген. Тексеру комиссиясының жылдық жұмыс жоспарына еншілес ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру, сондай-ақ БХК құрылымдық бөлімшелері қызметінің нәтижелілігін бағалау кіретін 16 тексеруді орындау енгізілген.



3.4. СЫЙАҚЫ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

БХК-да қызметті бағалау және сыйақы төлеу шарттары мен тәртібін анықтайтын, Басшы қызметкерлердің қызметін бағалау және сыйақы беру ережесі жұмыс жасайды.

Басшы қызметкерлерінің қызмет нәтижелілігін бағалау рәсімі уәждемелік ҚНҚ-ін таңдаудан, мақсатты мәндерді қоюдан, уәждемелік ҚНҚ бекітуден, нәтижелілік мониторингінен, нақты нәтижелілікті есептеуден және бекітуден тұрады.

Басшы қызметкерлерінің 2016 жылға арналған мақсатты мәндерімен ҚНҚ картасы 2016 жылы 22 маусымдағы Байқау кеңесінің шешімімен бекітілді. Қызмет нәтижелері бойынша сыйақы Төрағаға және Басқарма мүшелеріне қол жеткізілген табыстары және жұмыс нәтижелілігін арттырғаны үшін, материалдық көтермелеу мақсатында ҚНҚ орындаған жұмыс нәтижелеріне байланысты төленеді.

2016 жылғы уәждемелік ҚНҚ орындалуы туралы есеп алдын ала БХК Басқармасымен мақұлданды және БХК Байқау кеңесінің қарауына жіберілді.

Байқау кеңесінің мүшелеріне Қор өкілдері туралы ережеге сәйкес, БХК қаражаты есебінен сыйақы төлеу

Қор компаниясының Директорлар кеңестерінде және Қадағалау кеңестерінде қарастырылмаған.

БХК қызметкерлеріне сыйақы төлеу БХК Басқарма шешімімен бекітілген Қызметкерлер қызметін бағалау ережесімен реттелген. БХК-да қызметкерлердің қызметін басқару жыл бойы жүзеге асырылады және мыналарды қамтиды: күнделікті мониторинг, бағалау және қызмет нәтижелілігін арттыру және дамыту мүмкіндіктері бойынша қызметкерлерге бағыттар ұсыну. Қызметкерлер қызметін басқару үдерісі қызметкерлер қызметін жыл сайынғы бағалау және жылдың ортасында қызметкерлер қызметіне аралық шолу жүргізу арқылы жүргізіледі. Аралық және жылдық бағалау нәтижелері Еңбекақы төлеу және қызметкерлерге сыйлықақы беру ережесіне және ағымдағы қаржы жылының БХК даму Жоспарына сәйкес қызметкерлерге сыйлықақы беру коэффициентін анықтау үшін негіз бола алады.

БХК Басқарма Төрағасының 2016 жылы 15 қарашадағы №127 «2016 жылдың қорытындысы бойынша БХК әкімшілік қызметкерлерінің қызметіне бағалау жүргізу туралы» бұйрығына және БХК Әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалау ережесіне сәйкес


2016 жылдың қорытындысы бойынша БХК әкімшілік қызметкерлерінің қызметін бағалау жүргізілді. Қызметін бағалаудан барлығы 59 БХК қызметкері өтті, оның 15 – басқарма және басшы қызметкерлері, 44 – әкімшілік қызметкерлері. БХК қолданыстағы ішкі құжаттарына сәйкес, бағалауға 6 айдан кем жұмыс істеген БХК 13 қызметкері сай келмеді.

Бағалау комиссиясы атқарып отырған лауазымына сәйкестікке отырысқа ұсынылған материалдарды зерделеп, БХК бағаланатын қызметкерлеріне жеке ұсыныстар ұсынды:

- Қызметкердің атқаратын лауазымына сәйкестігі туралы – 59 жұмысшылар;
- Жоғары тұрған санаттағы лауазымға өту үшін, кадр резервіне алу туралы ұсыныстар – 7 жұмысшылар;
- Қайта аттестаттау туралы – жоқ;
- Атқаратын лауазымына сәйкесіздігі туралы – жоқ.

БХК Компания тобының барлық қызметкерлерінен (қызметкерлерді жынысы және санаты бойынша бөлу) есепті кезең бойы нәтижелілігі ресми бағалаудан өткендердің пайызы төменгі кестеде ұсынылған (19-сурет).

19-сурет. Қызметкерлер жынысы мен санаттары бойынша топтастырылып, нәтижелілік және мансапты дамыту бойынша мерзімді бағалау жүргізілетін БХК Компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің үлесі



3.5. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАРЫН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2015 жылы 27 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен БХК-да Қазақстанда және әлемде дамып келе жатқан корпоративтік басқару тәжірибесін, сондай-ақ Қорды өзгерту бағдарламасын ескере отырып, ҚР заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген Корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс) бекітілді.

Кодекстің негізгі қағидаттарын және ұсыныстарын сақтауды БХК Байқау кеңесі оның ұзақ мерзімді және тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, БХК басқарудың нәтижелілігін жоғарылататын пәрменді құралы деп санайды.

Кодексті ендіру мақсатында Кодекс талаптарына БХК ағымдағы тәжірибесінің сәйкестігіне талдау жүргізілді. Жүргізілген талдау нәтижелеріне

сәйкес, БХК тәжірибесінде Кодекс ережелерінің 66% сақталады, 14% Кодекстің ережелері ішінара сақталады, 4% сәйкессіздіктер анықталды, 16% Кодекстің ережелері БХК-да қолданылмайды.

Осы Кодекс ережелерінің сақталмауы немесе ішінара сақталу деректері және себептері туралы ақпарат төменде келтірілген (15-кесте).

15-кесте. Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін қолдану туралы ақпарат

Корпоративтік басқару кодексінің ережесі/ нормасы	2016 ж. ішінара сақталу/ нормалардың сақталмауы туралы ақпарат
Директорлар кеңесі ерте анықтау және ішкі және сыртқы нарық жағдаятының өзгеруіне, форс-мажор жағдайларға дер кезінде әрекет ету жүйесін енгізуі тиіс.	Ішінара сәйкес келеді БХК БК тоқсан сайынғы негізде олардың шеңберінде ерте анықтау және ішкі және сыртқы нарық жағдаятының өзгеруіне, форс-мажор жағдайларға дер кезінде әрекет ету бойынша іс-шаралар байқалатын, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есепті, жобалар бойынша мониторингтік есепті қарайды. Әрбір жобада БХК негізгі оқиғаларды жинау және талдауды қоса алғанда, (жағдаяттың, қатысушылар құрамының және қозғаушы факторлардың өзгеруі) нысаналы өтім нарықтарына тұрақты мониторинг жүргізеді. Сәйкесінше БК отырыстарында жекелеген жобалар бөлігінде тұрақты түрде жаңартылып тұратын маркетингтік зерттеулер бойынша есептер қаралады. Кодекс нормасына толық сәйкестік және ерте анықтау және ішкі және сыртқы нарық жағдаятының өзгеруіне, форс-мажор жағдайларға дер кезінде әрекет ету жүйесін енгізу мақсатында басқа да компаниялар (бенчмаркинг) жүйелеу және осындай тәжірибе әдіснамасы бойынша тәжірибесін жан-жақты зерттеу орынды.
Холдингтік компания тобының басқа да мүмкін басқару механизмдері кейбір атқарымдарды орталықтандыруды қамтиды (жоспарлау, қазынашылық, бухгалтерлік есеп, ақпараттық технологиялар, құқықтық қамтамасыз ету, ішкі аудит және басқалары).	Сәйкес келмейді Кейбір атқарымдарды орталықтандыру мақсаттылығы өтпелі атқарымдарды операциялық түрлендіру шеңберінде (операциялық түрлендіру нәтижесі бойынша анықталған іс-шаралар) оңтайландыру және стандарттау нәтижелері бойынша қарастырылады.
Холдингтік компанияда өз тобы үшін Мүдделі тараптардың шоғырландырылған картасы болуы тиіс және осындай тараптармен өзара әрекеттестік жоспарын жасауы керек.	Ішінара сәйкес келеді БХК-да мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттестік стратегиясын айқындайтын, Стейкхолдерлердің шоғырландырылған картасы 2014 жылдан бекітілген. Осы Шоғырландырылған карта БХК барлық еншілес ұйымдарында қолданылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік бойынша іс-шаралар жоспарын 2017 ж. III тоқсанда әзірлеу жоспарлануда.

Корпоративтік басқару кодексінің ережесі / нормасы	2016 ж. ішінара сақталу / нормалардың сақталмауы туралы ақпарат
Директорлар кеңесі, Комитеттер мен директорлар Кеңесінің мүшелері Ұйымның Директорлар кеңесімен бекітілген, құрылымдалған үдеріс аясында жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл үдеріс Қор әдіснамасына сәйкес болуы тиіс. Сонымен бірге, кемінде үш жылда бір рет бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.	Сәйкес келмейді Өзін-өзі бағалау және БХК БК мүшелерінің тәуелсіз бағалауы жүргізілген жоқ. БК бағалау үдерісі реттелмеген/құрылымдалмаған, БХК-да бағалау әдіснамасы жоқ. БХК БК бағалау жүйесі бойынша құжаттың бекітілуі Қормен келісім бойынша жоспарлануда.
ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және ІАҚ қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік беру және сапасын арттыру бағдарламасын өзірлеуі және қолдауы тиіс.	Сәйкес келмейді Ішкі аудит қызметінің барлық түрлерін қамтитын және Тексеру комиссиясы қызметіне ішкі және сыртқы бағалауды міндетті түрде жүргізуді көздейтін кепілдік беру және сапасын арттыру бағдарламасы Халықаралық ішкі аудиторлар институтының (IIA) талаптарына сәйкес өзірленді. 2016 ж. 4 қарашада БХК БК отырысында (хаттама №08/16) Тексеру комиссиясымен өзірлеген Кепілдік беру және сапасын арттыру бағдарламасын бекіту туралы мәселе шығарылды. Алайда, бұл мәселе алынып тасталды және түзетуге жіберіледі. Бұл мәселе пысықталып жатыр.



3.6. 2016 ЖЫЛДАҒЫ ІРІ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

БХК өз қызметінде Қор тобының Ішкі несиелік саясатын және 2012 жылы 7 қыркүйекте Қордың ДК бекіткен Борышты және қаржылық тұрақтылықты басқару саясатын басшылыққа алады.

2016 жылы 3 қыркүйекте «KPI Inc.» ЖШС «Атырау облысында біріктірілген газхимия кешенін салу» жобасын

іске асыру шеңберінде Қытайдың Мемлекеттік даму банкімен 2 млрд. АҚШ доллары сомасына кредиттік келісім жасасты.

Сонымен қатар, 2016 жылы «Үшхлорлы фосфор және глифосат (гербицид) өндірісі» жобасы бойынша қаржылық жабуға қол жеткізілді – 2015 жылы «ХИМ-плюс» ЖШС

және Қытайдың Мемлекеттік даму банкі арасында жасалған 100 млн. АҚШ доллары кредиттік келісім шеңберінде Қор кепілдігі шығарылды.

Ағымдағы қарыздар бойынша жоғарыда аталған саясаттарға сәйкес белгіленген нормативтер сақталған.

3.7. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ


Тәуекелдерді басқару компанияның корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті болып табылады және уақытылы сәйкестендіруге, бағалауға, мониторинг және БХК беделіне және құнына теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің деңгейін

төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған. Тәуекелдерді басқарудың Корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу және жетілдіру БХК операциялық және стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудің қажетті шарттары, сондай-ақ жақын келе-

шекте маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

БХК-да тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты, серпінді және үздіксіз болып табылады және келесі компоненттерден тұрады (20-сурет):

20-сурет. БХК-да тәуекелдерді басқару үдерісінің компоненттері



16-кесте. БХК-да тәуекелдерді басқару үдерісінің қағидаттары

Тұтастық	Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі тұрғысында БХК тобының жиынтық тәуекелінің элементтерін қарау
Ашықтық	Автономды немесе оқшауланған ретінде тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін қарауға тыйым салу
Құрылымдылық	Тәуекелдерді басқарудың көшенді жүйесі нақты құрылымға ие
Ақпараттылық	Тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттардың болуымен сүйемелденеді
Үздіксіздік	Тәуекелдерді басқару үдерісі тұрақты негізде жүзеге асырылады
Кезеңділік	Тәуекелдерді басқару үдерісі оның негізгі компоненттерінің тұрақты қайталанатын циклінен құралады

БХК-да **тәуекелдерді басқару бойынша әдіснамалық база** қалыптастырылған – Тәуекелдерді басқару саясаты және Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережесі жұмыс істейді. БХК-да тұрақты негізде тәуекелдерді айқындау және бағалау бойынша жұмыс жүргізіледі. Тәуекелдерді бағалау үдерісі БХК-ның қызметіне және оның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге кері әсерін тигізуі мүмкін маңызды тәуекелдерді белгілеу мақсатында жүргізіледі. Айқындалған Тәуекелдер мен оқиғалар тіркелім нысанында және Тәуекелдер картасында жүйеленеді. Тіркелімнің нысаны және тубегелеу деңгейі тәуекелдерді басқару жүйесін дамыта отырып, өзгереді (16-кесте).

БХК-да тәуекелдерді басқару бойынша қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге жауапты, тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлімшесі жұмыс істейді. Тәуекелдерді басқару бойынша барлық мәселелер алдын-ала қаралады, БХК Басқармасы жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Тәуекелдер жөніндегі комитетпен мақұлданады немесе келісіледі. Содан кейін, тәуекелдерді басқару жөніндегі аспектілердің маңыздылығын ескере отырып, БХК ішкі құжаттарына сәйкес, реттемелеуші құжаттарды және тәуекелдерді басқару бойынша ішкі рәсімдерді

бекіту мәселелері, сақтауды қамтамасыз ету және нәтижелілігін талдау, осындай рәсімдерді жетілдіру БХК БК қарауына шығарылады. БХК БК жыл сайынғы негізде Тәуекелдер тізілімін және картасын, Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарды бекітеді, тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша тоқсан сайынғы негізде есептілікті қарайды. БХК-ның Тексеру комиссиясы мерзімді тексеруді – ТБКЖ олқылықтары мен кемшіліктеріне талдауды (оның ішінде сыртқы тәуелсіз кеңесшіні тарта отырып) жүргізеді. Тексеру комиссиясының ұсынымдары бойынша БХК ТБКЖ жетілдіру бойынша жыл сайынғы жоспарлар жасалады.

БХК-да тәуекелдерді жіктеу үшін келесідей санаттар бойынша тәуекелдерді топтастыру пайдаланылады:

- Стратегиялық тәуекел – даму мен қызмет стратегиясын іске асыру және анықтау кезіндегі өзгерістер немесе қателер (кемшіліктер) салдарынан шығындардың туындау тәуекелі, саяси ортаның, аймақтық жағдаяттың, салалық төмендеу және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың өзгеруі;
- Қаржылық тәуекелдер – қаржылық табыстылықтың төмендеуімен және капитал құрылымымен байланысты тәуекелдерді қамтиды. Қаржылық тәуекелдер нарықтық тәуекелдерді (пайыз-

дық және валюталық мөлшерлемелің ауытқуы, табиғи ресурстар бағасының ауытқуы), өтімділік тәуекелін, несиелік тәуекелдерді (корпоративтік контрагенттерге, екінші деңгейдегі банктер және басқа елдердегі талаптар бойынша) қамтиды;

- Құқықтық тәуекелдер – басқа мемлекеттердің заңнамаларын, сондай-ақ ішкі ережелерін және рәсімдерін – Қазақстан Республикасы бейрезидентіне қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан шығындардың туындау тәуекелдері;
- Операциялық тәуекел – ішкі үдерістерді жүзеге асыру барысында қызметкерлердің (қызметкердің тәуекелін қоса алғанда) тарапынан жіберілген қателер немесе кемшіліктердің нәтижесінде өндірістегі жазатайым оқиғалардан, ақпараттық жүйелер және технологиялардың (технологиялық тәуекелдер) жұмыс істеуінен, өндірістік қауіпсіздіктен, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың туындау тәуекелі.

Сонымен қатар басталудың жоғары ықтималдығын және әлеуетті залалдың айтарлықтай шамасын ескере отырып, келесідей **негізгі тәуекелдер және оларды азайту шаралары** анықталды (17-кесте):

17-кесте. Негізгі тәуекелдер және оларды азайту шаралары

Атауы	Анықтау	Сипаттамасы	Азайту шаралары
Валюталық тәуекел	Валюта бағамының өзгеруі нәтижесінде қаржылық шығындардың ықтималдығы	БХК тобының қызмет нәтижелері, жобаларды қаржыландыру, импортталатын технологиялар және жабдықтар, шикізат белгілі бір шамада валюта бағамының ауытқуларына ұшырағыш. АҚШ долларына және/немесе еуроға қатысты теңге бағамының әлсіруінен шетел валютасында анықталған (негізгі борыш және пайыздық шығыстар) технологиялар, жабдықтар, шикізат құны және борыштық міндеттемелердің мөлшері теңге баламасында ұлғаяды. БХК тобымен бірлесіп өндірілетін өнімдердің бір бөлігі ҚР аумағында сатылады немесе сатылатын болып жоспарланады, теңге бағамының әлсіреуі жобалардың таза келтірілген құнына және сәйкесінше БХК-ның ұзақ мерзімді құнына теріс әсер етеді.	Валюталық тәуекелді азайту үшін БХК валюта теңгерімін бақылайды, валюталық жайғасымға стресс-тесттерін жүргізеді, жобалар үшін теңгемен қаржыландыруды тартады және шетел валютасындағы түсімді алу үшін экспортқа өнімді бағыттайды.
Өтімділік тәуекелі	Өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау мүмкінсіздігінен туындаған шығындар тәуекелі	Сыртқы қарызбен қаржыландырылған жобалардағы жобаларды іске асыруда кідіріс жағдайында, нарық жағдаятының және валюта бағамдарының құбылмалылығының өзгеруі, кредиторлар алдында қаржылық міндеттемелерді орындау үшін болжанатын ақша ағындары жеткілікті болмау мүмкіндігі бар.	Осы тәуекелді басқару үшін компания қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді ақша ағындарын жоспарлауды, инвестициялық жобаларды іске асыруды мониторингті және бақылауды, дебиторлық берешекті басқаруды және борыштық құрылымды оңтайландыруды жүргізеді.
Заңнаманың өзгеру тәуекелі	Заңнаманың жалпы, ескерілмеуімен не болмаса жобаларды іске асыру кезеңінде өзгеруімен байланысты шығындар тәуекелі	БХК жобаларының көпшілігі арнайы экономикалық аймақтардың базасында (АЭА) іске асырылуда, оларға инфрақұрылым, жеңілдіктер, белгілі бір салықтардан босатылу және жобаларды АЭА аумағында іске асыратын АЭА қатысушыларына арналған басқа да экономикалық артықшылықтар ұсынылады. АЭА қатысушыларының қызметін реттейтін заңнама жеткілікті көшенді және сыртқы факторлар күшінің өзгеруіне бейімделген, оның ішінде, Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына енуі, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты, Қазақстандағы саяси және экономикалық реформаларды кеңейту. Осы факторларды ескере отырып, АЭА аумағында БХК-мен іске асырылатын инвестициялық жобалардың экономикалық көрсеткіштері заңнаманың өзгеруіне және қолда бар артықшылықтардың және АЭА қатысушыларына арналған жеңілдіктердің күшін жоюға байланысты төмендеу тәуекеліне ұшыраған.	Осы тәуекелді барынша азайту үшін БХК заңнаманың тұрақты мониторингін жүргізеді және АЭА аумағында орналасқан жобаларға және АЭА қызметіне әсер етуі мүмкін заң және заңға тәуелді актітер жобаларын талқылауға белсенді қатысады.



Атауы	Анықтау	Сипаттамасы	Азайту шаралары
Өндірісте төтенше жағдайлардың туындау тәуекелі	Апат, қауіпті табиғи құбылыс, сұрапыл немесе өзге де зілзала салдарынан елеулі шығындар, қирау, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған табиғи ортаға залалы, адам өлімінің тәуекелі.	БХК жобаларды мұнай-химия саласында жүзеге асыратындықтан, барлық жобаларда, қалай болғанда да, құрылыс басталғаннан және өндірістік қуаттарды пайдалануға берумен аяқтағанға дейін, өндірістің барлық кезеңдерінде төтенше жағдайлар туындауының елеулі тәуекелдері болады. ҚР заңнамасының стандарттары бойынша осы өндіріс қауіпті болып саналатын өндірістер үшін тәуекел артады.	Тәуекелдің осы түрін басқару үшін БХК өндірістік қауіпсіздік туралы ҚР заңнамасының талаптарын, жабдықты өндірушілердің регламенттейтін құжаттарында көрсетілген жабдықтарды пайдалану және қызмет көрсету бойынша талаптарын қатаң сақтайды, өндірістік бөлімшелерде оқыту, бақылау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізеді, өндірісте төтенше жағдайлар жағдайында өрекет ету және апаттарды жою бойынша жоспарларды енгізеді, мүлкті қорғау үшін сақтандыру бағдарламаларын пайдаланады. БХК өнеркәсіптік қауіпсіздіктің ең жоғарғы стандарттарына ұмтылады және бұл мәселеде үнемі жетіле түсуде.



Атауы	Анықтау	Сипаттамасы	Азайту шаралары
Инвестициялық жобалардың нәтижелеріне қол жеткізбеушілік тәуекелі	Мерзімі, сапасы, құны немесе өзге де параметрлері бойынша жобаның бекітілген параметрлеріне қол жеткізбеу тәуекелі	БХК әр түрлі жобаларды іске асырады, оның параметрлері БХК және Қордың уәкілетті органдарымен бекітіледі. Шекті рұқсат етілген мәндерден асатын бекітілген параметрлерден ауытқу операциялық пайданы түгел алмауға әкеледі және сәйкесінше БХК тобының қаржылық тұрақтылығына әсер етеді.	Осы тәуекелді барынша азайту үшін БХК техникалық қадағалауды және жобалаудың сапасын бақылауды күшейтеді, жобаларды басқарудың озық тәжірибесін енгізеді және жоғары білікті мамандарды тартады.
Технологиялық тәуекел	Жобаның талаптарына сай емес, ескірген технологияларды/құрал-жабдықтарды және/немесе технологиялар/жабдықты таңдауға байланысты шығындар тәуекелі.	БХК іске асырылатын жобаларда әртүрлі технологиялар және жабдықтардың түрлері пайдаланылатындықтан, ұқсастарына қарағанда таңдалған технологиялар және/немесе жабдықтардың төмен тиімділікті болуы немесе ұсынылған жобалардың параметрлерінің талаптарына жауап бермеуі. Осының бәрі жобаның экономикалық көрсеткіштерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.	Тәуекелдің осы түрін басқару үшін БХК техникалық құзыретті өсіреді, ҚР аумағында ғылыми-зерттеу орталықтарымен жұмыс істейді, нарықта пайдаланылатын технологиялардың дамуы мен үздік шешімдерді үнемі бақылайды.

БХК-да тәуекелдерді іске асыру ықтималдығын азайту мақсатында келесідей іс-шаралар өткізіледі:

- Тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер митигациясы бойынша бекітілген іс-шаралар мониторингі жүргізіледі;
- Тұрақты негізде әрбір инвестициялық жобаларды іске асырудың бекітілген кестесінің орындалуы бақыланады;
- Бекітілген даму жоспарының орындалуына қатысты еншілес

және тәуелді ұйымдар қызметінің мониторингі жүргізіледі;


- Тоқсан сайынғы негізде тәуекелдер бойынша Есептер және ЕТҰ және БХК-ның Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың бекітілген жоспарын орындау туралы есептер қаралады.

2017 жылы Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметпен келесідей іс-шараларды өткізу жоспарлануда:


- Бағалауға қатысты сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелі

түрде жаңарту және оларды басқару бойынша іс-шаралар;

- Тәуекелдердің деңгейі туралы БХК-ның Байқау кеңесіне хабарлау;
- Тәуекелдер митигациясы бойынша бекітілген іс-шараларды орындау;
- Тәуекелдерді басқару үдерісін және ішкі бақылауды регламенттейтін ішкі құжаттарды жаңарту;
- Тәуекел-үйлестірушілерге жыл сайынғы оқытуды және тестілеуді жүргізу.



Тұрақты даму туралы есеп



Полиамид

– құрамында –CONH– амидті топтың негізгі тізбегі бар синтетикалық жоғары молекулярлық қосылыстар негізіндегі пластмасса. Полиамидтердің негізгі бөлігі – жоғары беріктігімен, қаттылығымен, тұтқырлығымен, сондай-ақ сыртқы ортаның әсеріне қарсы төзімділігімен ерекшеленетін ішінара кристаллды термопластикалық полимерлер болып табылады. Қасиеттерінің үлкен бөлігі бір-бірімен сутекті байланыстар арқылы байланысқан амидті топтардың болуымен түсіндіріледі. Полиамидтер машина жасауда, автомобиль өнеркәсібінде, тоқыма өнеркәсібінде, медицинада және басқа салаларда пайдаланылады. Тоқыма саласында полиамидтен жіптер, маталар жасалады.



Тұрақты даму саласындағы БХК қызметі жүйелі сипатқа ие және қолайлы еңбек жағдайларын жасауды, жұмыс орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуді, қоршаған ортаны қорғауды, сондай-ақ қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық дамуды қолдауды қамтиды. БХК тұрақты дамуын қамтамасыз етудің маңызды шарты мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттестік болып табылады. БХК мүдделі тараптардың мүддесін және құқықтарын сақтауға ерекше көңіл бөледі және жүйелі негізде өзінің мүдделі тараптарының болжалдарын және пікірін барынша толық ескеруге ұмтылады.

БХК тұрақты даму саласындағы қызметін жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- Ашықтық;
- Есеп берушілік;
- Айқындық;
- Әдептілікке негізделген тәртіп;
- Мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу;
- Заңдылық;
- Адам құқығын сақтау;
- Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік;
- Мүдделер қайшылығына жол бермеу;
- Жеке бастық үлгі.

Тұрақты даму қағидаттарының толық мәтіні БХК-ның ресми сайтында бар (www.ucc.com.kz).

БХК тұрақты даму саласындағы қызметі Корпоративтік басқару кодексінің ережелерімен, сондай-ақ

бірқатар саясаттармен реттеледі, олардың арасында:

- Денсаулық қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат;
- БХК қауіпсіздікті басқару жүйесінің кешенді тұжырымдамасы;
- Кадр саясаты;
- БХК корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саясаты.

Жоғарыда аталған тұрақты даму саласындағы саясаттар, сондай-ақ Корпоративтік басқару және Корпоративтік этика кодекстері БХК интернет-сайтында жұртшылыққа қолайлы түрде орналастырылған (www.ucc.com.kz).

4.1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

БХК жылдық есебі 2016 жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтиды.

Тұрақты даму туралы есепті дайындау кезінде біз «Есептілік бойынша Жаһандық бастама» (Global Reporting Initiative – GRI) халықаралық ұйымы әзірлеген «Тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша

басшылық» G4 нұсқасына бейімделдік.

БХК-ның қызметін, оның ықпал ету сипатын, сондай-ақ мүдделі тараптардың жүйелі болжалдарын және мүдделерін ескере отырып, Тұрақты даму туралы есептің мазмұны қандай болу керектігі туралы шешім қабылдауда, біз есеп мазмұнын ай-

қындау қағидаттарын басшылыққа алдық. GRI G4-тің өлшемдерін ескере отырып, біздің есеп басшылықтың «Негізгі нұсқасына» сәйкес дайындалды, ол біздің компаниямыздың қажеттіліктеріне жоғары дәрежеде жауап береді және БХК мүдделі тараптар тобының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді.



ЕСЕПТІҢ МАЗМҰНЫН ЖӘНЕ САПАСЫН АНЫҚТАУ

Мүдделі тараптар БХК және оның ЕТҰ қызметін дұрыс және негізді бағалай алуы үшін, Жылдық есепте біз сапалы ақпаратты баяндауға тырыстық. Есепте келтірілген барлық деректер БХК Жылдық есебін дайындау реттемесіне сәйкес БХК құрылымдық бөлімшелерімен берілген және сыртқы аудиторлардың тексеруінен өтпеген (2016 ж. үшін Шоғырландырылған қаржылық есептіліктен басқасы). Өзінің экономикалық, экологиялық, әлеуметтік қызметін және экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға корпоративтік басқару жөніндегі қызметінің әсері туралы хабарлай отырып, біз «Негізгі нұсқаға» сәйкес, БХК және оның ЕТҰ туралы негізгі ақпаратты аштық.

Толықтығы – осы Есепте GRI G4 элементтері және көрсеткіштеріне, қағидаттарына сәйкес есепті кезеңде БХК тұрақты дамуының барлық бағыттары бойынша ақпарат ұсынылған. Ықпал ету шекараларын және аспектілер маңыздылығын анықтау үшін, біз Жалғыз қатысушы және БХК мүдделі құрылымдық бөлімшелерінің пікірін ескере оты-

рып, экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға барлық елеулі ықпалдары бойынша талдау жүргіздік.

Теңгерімділік – есепті кезеңде БХК қызметінің нәтижелерін мүдделі тараптар объективті бағалау үшін, біз Есепте біздің қызметіміздің оң және теріс нәтижелерін көрсетуге тырыстық.

Салыстырмалылық – Есептегі ұсынылған деректер мүдделі тараптарға БХК нәтижелілігіндегі өзгерістерді талдауға мүмкіндік беруге және басқа да ұйымдармен салыстырып талдауға мүмкіндік беру үшін БХК және оның тобының соңғы үш жылғы серпініндегі қызметі туралы ақпаратты ашады.

Дәлдік – Есеп GRI G4 нұсқауына сәйкес дайындалды. Мүдделі тараптар БХК қызметінің нәтижелерін бағалай алуы үшін, біз жеткілікті дәл, нақты және толық ақпаратты көрсетуге ұмтылдық. Экономикалық, экологиялық, әлеуметтік тақырыптар мен көрсеткіштерді көрсететін ақпарат расталған деректер негізін-

де жинақталған, бұл үшін біз сапалы сипаттау және сондай-ақ, сандық мәліметтерді пайдаландық.

Уақыттылық – осы Есеп GRI G4 басшылығына сәйкес әзірленген тұрақты даму бойынша бөлімді қамтитын бірінші Есеп болып табылады. Есепті дайындау жоспарлы сипатқа ие, соның ішінде әзірлеу үдерісі, Жалғыз қатысушы, ЕТҰ, БХК-ның құрылымдық бөлімшелерімен сәйкесінше диалогтарды жүргізу және жариялау.

Анықтық – олар БХК және оның ЕТҰ-ның қызметі туралы жеткілікті хабардар болуы үшін, біз өзіміздің Есепті мүдделі тараптар үшін түсінікті және қол жетімді нысанда жасауға тырыстық.

Сенімділік – осы Есепті дайындау кезінде пайдаланылған ақпараттар мен үдерістер жинақталды және сарапталды, сондай-ақ зерттеуге мүмкіндік беретіндей ашылған және ақпараттың мәнін және сапасын қамтамасыз етеді. Осы Есеп сыртқы тәуелсіз растаудан өтпеген.

ЕСЕПТІҢ ШЕГІН АНЫҚТАУ

Осы Есеп тұрақты даму саласындағы БХК- қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Сонымен қатар, Есеп БХК ЕТҰ-ның қызметі туралы жекелеген бөлімдерді, сондай-ақ экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпал ету аспектілерін қоса алғанда, тұрақты дамуға қатысты қызметтің барлық бағыттары бойынша БХК-ның құрылымдық бөлімшелерін қарастырады.

Жылдық есепте ұсынылған шоғырландырылған қаржылық деректер келесідей БХК еншілес ұйымдарының тізімін қамтиды – «ХимПарк Тараз» АЭА БК» АҚ, «БК КҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС, «Полимер Продакшн» ЖШС, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, «KLPE» ЖШС, «KPI Inc.» ЖШС және «ҰИМТ» АЭА БК» АҚ бірлескен және қауымдасқан компаниялары заңды тұлғалардағы үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілді. «КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ» бөлімде www.ucc.com.kz

БХК корпоративтік веб-сайтында ЕТҰ және қауымдасқан компанияларын қоса алғанда, 2016 жылғы БХК шоғырландырылған қаржылық есептілігінің толық нұсқасымен танысуға болады.

2017 жылға арналған БХК және оның ЕТҰ жоспарларына қатысты ақпарат болжамды сипатқа ие және болашақтағы оқиғаларға ағымдағы көзқарастарды көрсетеді.


Тұрақты даму саласындағы БХК қызметі туралы Есепті сапалы даярлау мақсатында және Есептің мазмұны мен шекарасын анықтауда біз өз күшімізбен есептерде аспектілерді ашатын маңыздылықты бағалауды жүргіздік. Есептің мазмұнын анықтау үдерісінде маңызды аспектілердің барлық тізімі және БХК басқармасының ерекшеліктерін қамтитындары, маңызды экономикалық, экологиялық, әлеуметтік ықпалды сипаттайтын мәселелер, сондай-ақ адам

құқықтарын сақтау және т.б. мәселелері қарастырылды.

БХК үшін ең маңызды және өзекті аспектілерді анықтауда Қордың корпоративтік басқару Департаментімен бірлесіп семинар, сондай-ақ БХК құрылымдық бөлімшелеріне және Жалғыз қатысушыға сауалнама, ARTA SYNERGY электрондық құжат айналымы бойынша ресми қызметтік жазбаларын пайдалана отырып сұхбат жүргізілді.

Мүдделі тараптардың сауалнама нәтижелерінің деректері негізінде салыстыру жүргізілді және мүдделі тараптарды қызықтыратын әртүрлі аспектілердің басымдық деңгейі анықталды. Басымдық дәрежесін және аспектілердің маңыздылығын анықтау үшін біз маңыздылық қалыптамасын құрдық (21-сурет). Қызыл сызықтан жоғары тұрған аспектілер Басым және ашуға маңызды аспектілер деп танылды.

21-сурет. Есеп аспектілерінің маңыздылығы қалыптасуы

**Ескертпе:**

1) экономикалық нәтижелілік; 2) тікелей емес экономикалық ықпал ету; 3) сатып алу тәжірибесі; 4) материалдар; 5) шығарындылар; 6) тастандылар және қалдықтар; 7) талаптарға сәйкестік; 8) жалпы ақпарат; 9) экологиялық мәселелерге шағым беру механизмі; 10) жұмысбастылық; 11) жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік; 12) дайындық және білім беру; 13) еңбек қатынастары мәселелеріне шағым беру механизмі; 14) қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибелері; 15) адам құқығын бұзу туралы шағым беру механизмдері; 16) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет; 17) бәсекелестікке кедергі; 18) талаптарға сәйкестік; 19) өнімді және қызмет көрсетуді таңбау; 20) тұтынушының жеке өміріне тиіспеушілік.

4.2. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК

БХК ұзақ мерзімді құнының өсуіне ұмтыла отырып, экономикаға, экологияға және қоғамға өз ықпалының маңыздылығын түсінеді, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Осылайша, мүдделі тараптармен жауапты, жан-жақты ойластырылған және тиімді өзара әрекет тәсілдемесі БХК тобының тұрақты дамуына ықпал етеді.

БХК қызметінде стейкхолдерлердің қатысуы және оның ұзақ мерзімді басымдықтарын анықтау, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке алу, БХК тұрақты дамуында және оның стратегиялық мақсаттарын іске асыруда қажет-

ті шарт болып табылады. БХК үздік әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, барлық мүдделі тараптармен сындарлы диалогқа, ынтымақтастыққа және өзара тиімді қарым-қатынастарды құруға ұмтылады.

БХК Стейкхолдерлерінің шоғырландырылған картасы, Корпоративтік этика кодексі мен Корпоративтік басқару кодексі сияқты мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік әдістері және негізгі қағидаттары БХК-ның корпоративтік құжаттарында көрсетілген. Барлық мүдделі тараптардың жоғары талаптарын ескере отырып, корпоративтік басқару механизмдерін және рәсімдерін үнемі жетілдіре және қалыптастыра отырып, БХК Жалғыз қаты-

сушы құқықтарын және мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ барлық стейкхолдерлердің де мүдделерін ескеруге ұмтылады.

Күш ықпалын және тәуелділігін бағалау үшін, бізбен 2014 жылы БХК Компаниялар тобының қызметіне олардың ықпал ету салалары көрсетіле отырып, стейкхолдерлер тізбесі әзірленді.

Ықпал ету дәрежесі бойынша БХК Компаниялар тобы стейкхолдерлерді тікелей және жанама деп бөледі.

Тікелей стейкхолдерлер – компанияның қызметіне шешуші әсер ететін субъекттер (Жалғыз қаты-

сушы, инвесторлар, басқару органы, атқарушы орган, қызметкер, серік-тестер, жеткізушілер, өнімді тұтынушылар, халық);

Жанама стейкхолдерлер – тұлғалар, олардың бірлестіктері, органдар және қоғамдық топтар, олардың өзара ықпалы компаниялардың шешімдері немесе қызметіне байланысты тікелей немесе жанама болады (мемлекеттік органдар, бәсекелестер, білім және ғылым мекемелері, қоғамдық ұйымдар, БАҚ).

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестіктің негізгі нысандары (механизмдері) болып табылады:

- Корпоративтік коммуникациялардың арналар жүйесі;


- Кездесулер, кеңестер, келіссөздер, ресми хат алмасу;
- Бірлескен жұмыс топтары;
- Қызметкерлер және мүдделі тараптар үшін «Қауырт желі»;
- Инвесторларға арналған таныстыру рәсімдері;
- Форумдарға, конференцияларға, көрмелерге қатысу;
- БАҚ-мен өзара әрекет;
- Қоғамдық қауымдастықтарға мүшелік.

Қолданыстағы мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік нысандары кері байланысты қамтамасыз етеді, әлеуетті тәуекелдерді және қауіп-қатерді уақытылы анықтауға, сондай-ақ БХК қызметінің тиімділігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді. Стейкхолдерлермен өзара әрекет-

тестіктің неғұрлым егжей-тегжейлі механизмдері осы Жылдық есептің 2-ші Қосымшасында көрсетілген.

БХК Тобының қызметінен стейкхолдерлердің ықпал ету индексін және тәуелділігін БХК Компаниялар тобының негізгі қызметкерлерімен алынған сараптамалық бағалау негізінде әрбір стейкхолдердің маңыздылық жағдайын анықтайтын, БХК Тобы Стейкхолдерлерінің ықпал ету және тәуелділік қалыптасуы құрылды. Мүдделі тараптар үшін жақын болашақта БХК тобы қызметіне тәуелділік немесе ықпал ету күшейетін/төмендейтін жағдайға нұсқардың сәйкесінше бағытымен белгіленген өзара ықпал ету көрсеткіштерінің болжамды (күтілетін) өзгеруі ұсынылған (22-сурет).

22-сурет. БХК Тобы Стейкхолдерлерінің ықпал ету және тәуелділік қалыптасуы



Ескертпе: БХК Компаниялар тобының операциялық қызметінің бастауын ескере отырып, жақын арада өзара ықпал етудің өзгеру беталысы нұсқармен көрсетілген, мұндағы:


1 – Жалғыз қатысушы, 2 – инвесторлар, 3 – Директорлар Кеңесі/Байқау кеңесі, 4 – атқарушы орган, 5 – қызметкерлер, 6 – серіктестер, 7 – жеткізушілер, 8 – өнімді тұтынушылар, 9 – халық, 10 – мемлекеттік органдар, 11 – бәсекелестер, 12 – білім және ғылым мекемелері, 13 – қоғамдық ұйымдар, 14 – бұқаралық ақпарат құралдары.

Стейкхолдерлердің маңыздылығын бағалау негізінде БХК Тобы Стейкхолдерлерінің шоғырландырылған

картасы әзірленді (23-сурет). Осы карта БХК тобына негізгі стейкхолдерлердің ықпалының дәрежесін

және БХК Тобынан стейкхолдерлердің тәуелділік дәрежесін көрсетеді.

23-сурет. БХК Тобы Стейкхолдерлерінің шоғырландырылған картасы

**Ескертпе:**

X – БХК Тобы қызметінен стейкхолдерлердің мүдделер/тәуелділік индексі (осы шама картада көк сызықпен белгіленген);

Y – БХК Тобы қызметіне стейкхолдерлердің ықпал ету индексі (осы шама картада қызғылт сызықпен белгіленген).

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК ШЕҢБЕРІНДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ШАРАЛАР

БХК-мен бірлесіп, Атырау облысы әкімдігінің ұйымдастыруымен, «Atyrau Invest – PetroChemical Day 2016» өңірлік инвестициялық форумның шеңберінде салалық іс-шараның бірінші отырысы 30 қыркүйекте Атырау қаласында ұйымдастырылды.

Іс-шара бағдарламасында әлемдік трендтер және ҚР мұнай-химия саласының даму әлеуеті туралы баяндамаларымен сарапшылар сөз сөйледі, нарықтағы ағымдағы жағдай, сондай-ақ қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары және жобаларды қаржыландыру туралы баяндамалар талқыланды.

«ҰИМТ» АЭА аумағында қайта өңдеумен өндірісті ұйымдастыру үшін инвесторларды және кәсіпкерлерді тарту мақсатында шағын және орта бизнес үшін мүмкіндіктер және артықшылықтар, БХК жұмысы туралы таныстыру рәсімі ұсынылды.

Шағын және орта бизнес субъектері үшін БХК Кәсіпкерлерге қызмет

көрсету орталығының жұмысын ұйымдастырды, мұнда қатысушылар БХК, KAZNEX INVEST өкілдерінен, «ДАМУ» Кәсіпкерлікті дамыту қорынан, Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығынан, Қазақстандық индустрияны дамыту институтынан, Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттіктен, «NADLoC» жергілікті қамтуды дамытудың ұлттық агенттігінен және басқаларынан кеңес алды. Аталған туралы іс-шара қазақстандық электронды және баспа БАҚ баяндады.

25 қарашада Тараз қаласында агрохимия саласына инвестициялар тарту және дамыту мәселелеріне арналған – «Taraz Invest – AgroChemical Day 2016» аймақтық инвестициялық форумы өтті. БХК бірлесе отырып, Жамбыл облысының әкімдігі Форумның ұйымдастырушылары болды.

Осы іс-шара шеңберінде БХК Басқарма Төрағасы ҚР агрохимия саласын дамыту әлеуетін атап көрсетті және ақыр соңында, Жамбыл

өңірінің агрохимия саласының көшбасшысы және шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы базасы болуға мүмкіндік беретін базалық агрохимиялық өнімдер өндірісін ұйымдастыруға бағытталған жобаларды іске асыру туралы әңгімеледі.

Осы іс-шараға кәсіпқой мамандар және агрохимия саласы сарапшылары, шекаралас мемлекеттерден бизнес-делегациялар, мемлекеттік органдардың өкілдері және шағын және орта кәсіпкерлік субъекттері қатысты. Форум бағдарламасына химия саласын инвестициялар салу үшін тартымды ретінде қарайтын инвесторлар үлкен қызығушылық танытты.

«Taraz Invest – 2016» қорытындысы бойынша 12 меморандумдарға және жалпы сомасы 120 млрд. теңге келісімдерге қол қойылды.

АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІК ТАСПАЛАРЫНДА, ИНТЕРНЕТ-БАСЫЛЫМ БЕТТЕРІНДЕ, ТЕЛЕАРНАЛАРДА, РАДИОДА, ЖУРНАЛДАРДА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН ЖАҢАЛЫҚТАР:

Есепті кезеңде БАҚ-да БХК тобының қызметі туралы 30-дан астам ақпараттық материалдар жарық көрді:

- Жамбыл облысында «Taraz Invest – Agro|Chemical Day 2016» Халықаралық инвестициялық форумы өтуде – Zakon.kz;
- «Taraz Invest – Agro|Chemical Day 2016» форумында 120 млрд. теңгені құрайтын 10-нан астам меморандумдарға қол қойылды – ABCTV.KZ;
- Ирандық инвесторлар Жамбыл облысында полиэтиленнен құбырлар шығаруды қолға алмақ – inform.kz;
- Жамбыл облысында қант өндіру зауыты салынады – Strategy2050.kz;
- Жамбыл облысында полиэтилен құбырларын шығаратын зауыт іске қосылады – today.kz; 365info.kz;
- Қазақстанда мұнай-химия өнеркәсібі қалай дамып келеді? Болашақ неге агрохимияда – Vlast.kz;
- Қазақстан экономикасын қалай «тыңайтуға» болады? – Forbes;
- Мұнай – химиясын дамыту-мемлекеттік индустриялық қолайлылық кепілі – «National Business» журналы;
- Мұнай-газ химиясы – өнеркәсіп болашағы. «Atyrau Invest – Petro|Chemical Day 2016»

форумы туралы – Қазақстанның мұайсервис бизнесі туралы журнал – «KazService».

БХК қызметіне өзге де мүдделі тұлғалар үшін айтарлықтай маңызды ақпарат көзі БХК корпоративтік веб-сайты (www.ucc.com.kz) болып табылады. Сайт нақты құрылымдылыққа ие, үш тілде орындалған – қазақ, орыс, ағылшын. Негізгі бөлімдерден тұрады – «Компания туралы», «Қызметі», «Инвесторларға», «Жобалар», «Жаңалықтар», «Пресс-орталық», «Сатып алулар», «Байланыс», «Тұрақты даму», сондай-ақ «Корпоративтік портал». Сонымен қатар, басты бетте Wikipedia-да (әмбебап көптілді танымал интернет-энциклопедия) және танымал әлеуметтік желілерде БХК бетіне көрнекі сілтемелер орналастырылған.

Өткен кезеңде заңшығарушылық бастамаларын қарау бойынша жұмыс топтарының отырыстарына қатысу, мемлекеттік органдар кеңестеріне қатысу, стратегиялық серіктестерімен кездесулерге қатысулар болды, жоғарыда аталған отырыстарға бірқатар талдамалық және анықтамалық материалдар дайындалды.

БХК қызметін жүзеге асыру шеңберінде есепті кезеңде мүдделі тараптармен, атап айтқанда, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттарымен, Ұлттық қордан бөлінетін бюджеттік құралдардың және қаражаттардың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылау бойынша «Нұр Отан» партиясы фракциясы жанындағы комиссиялардың отырыстары шеңберінде; ҚР Парламенті Мәжілісіндегі; ҚР Парламенті Мәжілісіндегі «Нұр Отан» партиясы фракциясы жанындағы экономикалық саясат жөніндегі Кеңеспен Үкімет сағатында Ұлттық қор қаражаты және Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын БХК жобаларын іске асыруға қатысты мәселелер көтерілді. Жоғарыда аталған отырыстар аясында біздің тарапымыздан егжей-тегжейлі ақпарат және есептік-талдамалылық деректер ұсынылды, «Нұрлы жол» Мемлекеттік бағдарлама жобаларын іске асыру барысында бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін қамтамасыз ету бойынша әрбір депутатқа ұсынылған сұрақтар, ұсыныстар мен ескертулер бойынша ресми жазбаша жауаптар қосымша бағытталды.

4.3. ҚЫЗМЕТТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

БХК маңызды өңірлерде қызметін жүзеге асырумен өзінің инвестициялық жобаларын жүзеге асыру есебінен экономикалық қосылған құнды құруға және өсіруге ұмтылады. БХК экономикалық нәтижелілігі қатысатын аймақтарда жаңа жұмыс орындарын құра отырып, тек БХК және

Жалғыз қатысушысының ғана емес, басқа да мүдделі тараптар топтарының тұрақты дамуын қамтамасыз ете отырып қоғамда әлеуметтік-экономикалық рөлін жақсартуға мүмкіндік береді, олардың экономикалық жағдайында оң әсер береді.

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ НӘТИЖЕЛІЛІК» АСПЕКТІСІ

Табыстар, операциялық шығындар қызметкерлерге, шикізат және материалдар жеткізушілерге, капитал жеткізушілерге, мемлекетке төлем, қайырымдылық және қоғамдас-

тыққа басқа да инвестицияларды қоса алғандағы тікелей және бөлініп құрылған экономикалық құн, сондай-ақ, бөлінбеген пайда тұрақты даму саласында есептіліктің негізгі



G4-EC1

көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіштер ХҚЕС сәйкес

дайындалған, БХК шоғырланды-

рылған қаржылық есептілік деректері негізінде есептелді. (18-кесте).

18-кесте. Тікелей құрылған және бөлінген экономикалық құнның мағанасын ашу

Көрсеткіштер	2014 ж. (мың теңге)	2015 ж. (мың теңге)	2016 ж. (мың теңге)
Тікелей құрылған экономикалық құн, соның ішінде:	2 493 803	18 448 962	19 973 146
Сатудан түскен кірістер	1 341 840	4 017 726	6 410 578
Қаржылық кірістер	372 782	454 840	1 838 762
Өзге де операциялық емес кірістер	779 181	13 976 396	16 000 912
Бөлінген экономикалық құн	(3 789 564)	(9 856 455)	(12 372 497)
Операциялық шығындар	(2 055 499)	(5 965 449)	(8 398 729)
Қызметкерлерге жалақы және басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	(1 669 394)	(1 869 150)	(1 944 040)
Капитал жеткізушілерге төлемдер	(6 189)	(564 296)	(1 830 493)
Мемлекетке төленетін төлемдер	(58 482)	(1 457 560)	(199 235)
Жергілікті қоғамдастыққа инвестициялар	0	0	0
Бөлінбеген экономикалық құн	(1 295 761)	8 592 507	7 600 649

2016 жылғы БХК қаржы-экономикалық қызметінің нәтижелері туралы егжей-тегжейлі ақпарат БХК корпоративтік сайтында www.ucc.com.kz орналасқан аудиттелген шоғырландырылған қаржылық есептілікте, «Компания туралы – қаржылық есептілік» бөлімінде, сондай-ақ осы Жылдық есептің 5-бөлімде –

«Шоғырландырылған қаржылық есептілік» ұсынылған.

2016 жылы 7 мамырда Қордың директорлар Кеңесі Қытайдың Мемлекеттік даму банкі (ҚМДБ) алдындағы «KPI Inc.» ЖШС міндеттемелерінің орындалуына кепілдік беруін мақұлдады. **Анықтамалық**

үшін: «KPI Inc.» ЖШС және ҚМДБ арасындағы несиелік келісім бойынша кейінге қалдырылған шартарды орындау шеңберінде 2017 жылы ақпан айында кредит сомасына ҚМДБ пайдасына Қорының кепілдігі шығарылды.

«САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІНІҢ» АСПЕКТІСІ

БХК тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін сатып алуды жүзеге асыру тәртібі 2016 жылы 28 қаңтарда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ және «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі ұйымдармен Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережесімен және 2015 жылы 12 наурызда БХК Басқарма шешімімен бекітілген БХК Тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықпен регламенттелген. Сонымен қатар, БХК тобында сатып алуды жүзеге асыру Қордың Өзгерту бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2015 жылы 10 желтоқсанда Қордың Директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген Сатып алу қызметімен басқару жөніндегі «Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат Қоры» АҚ саясатымен регламенттеледі.

2016 жылы 30 мамырдағы (хаттама №19/16) Қор Басқармасының шешімімен сатып алу қызметі саласындағы мынадай құжаттар бекітілді:

1. Сатып алу қызметін басқару бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ стандарты – «Әлеуетті жеткізушілерге алдын ала саралау жүргізу»;
2. Сатып алу қызметін басқару бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ стандарты – «Сатып алуды жүргізу»;
3. Сатып алу қызметін басқару бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ стандарты – «Сатып алу қызметін жүргізуді бақылау және мониторинг».

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай қағидаттарға негізделеді:

- Сатып алу үдерісінің жариялылығы мен ашықтығы;

- Сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
- Сапалы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді Сатып алу;
- Холдингінің (Қор немесе оның ЕТҰ) Мүгедектер ұйымдары тізілімінде тұрған (жеке тұлғалар – кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын мүгедектер) мүгедектер ұйымдарын қолдау болған жағдайда, сатып алу үдерісіне қатысу үшін барлық әлеуетті жеткізушілерге тең мүмкіндіктер ұсыну (жеке тұлғалар – кәсіпкерлік қызметтің жүзеге асыратын мүгедектер);
- Әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- Холдингішілік кооперацияны дамыту мақсатында Қордың компания тобына кіретін ұйымдар арасындағы сатып алуларға жәрдемдесу;

- Қабылданатын шешімдер үшін жауапкершілік және бақылау;
- Сатып алу үдерісінде делдалдардың қатысуын азайту;
- Инвестициялық стратегиялық жобаларды іске асыру тиімділігі.

Сатып алулардың негізгі қағидаттарын сақтау мақсатында Сатып алу ережелерінде тендерлік құжаттамаға қосуға тапсырыс берушінің құқығын қарастыратын нормалар, іріктеу үдерісінің ашықтығын және тиімділігін қамтамасыз етеуді қамтитын әлеуетті жеткізушілерге қойылатын талаптар бар, соның ішінде, біліктілік талаптары, тапсырыс берушінің стандарттарына және ҚР заңнамасына сәйкестігі.

Қордың тобына кіретін барлық ұйымдар үшін бірыңғай және түсінікті ережелерін белгілеуге мүм-

кіндік беретін сатып алу үдерісі келе-сідей қадамдардан тұрады:

- Сатып алу жоспарларын әзірлеу және бекіту;
- Жеткізушіні таңдау;
- Сатып алулар туралы шарт жасасу және оны орындау.

Сатып алу рәсімдерінің ашықтығын, сондай-ақ ақша қаражаттарының жұмсалыу тиімділігін, ашық тендер тәсілдерімен сатып алуды және баға ұсыныстарын сұратуды қамтамасыз ету мақсатында Қордың электрондық сатып алуларының ақпараттық жүйесінде жүзеге асырылады («Электрондық сатып алу жоспары және есептілікті қалыптастырудың автоматтандырылған жүйесі»). Жекелеген жағдайларда сатып алу Қордың Өзгерту бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеу жөніндегі консультациялық қызметтерді сатып

алуды Арнайы тәртіппен жүзеге асыруға сәйкес ашық тендер тәсілімен мүмкін болады.

Сатып алу мәселелері бойынша есептілік «Электрондық сатып алу жоспары және есептілікті қалыптастырудың автоматтандырылған жүйесі» жүйесі арқылы ұсынылады.

2016 жылы жалпы 1 169,2 млн. теңге сомада, БХК-мен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу шарты жасалды, бұл ретте жергілікті (қазақстандық) қамту үлесі 45,1% құрады. 2016 жылы маңызды өңірлерде қызметті жүзеге асыруда БХК еншілес және тәуелді ұйымдарының сатып алу құны 35,3% жергілікті қамту үлесімен 11 230,8 млн. теңгені құрады (19, 20-кестелер).

19-кесте. БХК тобының жалпы сатып алу көлеміндегі жергілікті қамту

Кезең	Жалпы сатып алу сомасы, млн. теңге	Жергілікті қамту (нақты), %	Жергілікті қамту (жоспар), %
БХК			
2014 ж.	546,3	54	40
2015 ж.	426,4	86,7	42
2016 ж.	1 169,2	45,1	40
БХК ЕТҰ			
2014 ж.	4 029,3	46,9	38
2015 ж.	9 549,9	58,9	38
2016 ж.	11 230,8	35,9	35

БХК Тобының қызметін жүзеге асыратын негізгі аймақтарды Атырау облысындағы (Батыс аймақ) «Ұлт-

тық индустриалды мұнай-химиялық технопарк» АЭА, Жамбыл облысындағы (Оңтүстік аймақ) – «Тараз Хи-

миялық паркі» АЭА, Степногорск қ. (Ақмола облысы) және Астана қ. БХК бас кеңсесін қамтиды.

20-кесте. Қызметті жүзеге асыратын маңызды өңірлердегі жергілікті жеткізушілерге келетін шығыстарының үлесі

Атауы	2014 ж. (теңге)		2015 ж. (теңге)		2016 ж. (теңге)	
Сатып алу Жоспары бойынша барлығы (ҚҚС-сыз)	630 438 261,3	100%	546 441 595,0	100%	1 214 189 018,5	100%
Қызметті жүзеге асыратын маңызды өңірлерде пайдалану үшін және жергілікті жеткізушілерге жұмсалған (ҚҚС-сыз) сатып алу Жоспары бойынша барлығы	520 438 261,3	82,6%	275 441 595,0	48,8%	638 914 018,5	52,6%
Қызметті жүзеге асыратын маңызды өңірлерде жергілікті жеткізушілерге нақты жұмсалғаны, (ҚҚС-сыз)	495 271 249,24	95,2%	256 303 569,2	93,1%	618 613 422,5	96,8%



4.4. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Біріккен химиялық компания» ЖШС және барлық еншілес тәуелді компаниялар денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғауды (ДЕҚОҚ) басқару компанияның тиімді қызметі үшін зор маңызды деп таниды. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қызмет күнделікті жұмыстың ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады, мұнда экологиялық теңдікті қолдау қажеттілігі, қоғамның экологиялық тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету толыққанды меңгерілген. Компания өзінің ДЕҚОҚ саясатын табысты тұжырымдады, ұлттық және халықаралық заңнама мен нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, компанияның қызметін және ілеспе тәуекелдерді басқару және OHSAS 18001 жалпы қабылданған салалық нормаларын және стандартын қолдану оның негізгі тармақтарының бірі болып табылады. Осылайша, денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму компанияның барлық стратегиялық шешімдерін және қызметінің тиімділігін бағалауға енгізілген.

Саясатқа сәйкес, ДЕҚОҚ басқарудың денсаулық, еңбек және қоршаған ортаны қорғау мәдениетін дамытуға белсенді ықпал ету негізгі қағидаттары болып табылады, мұнда барлық қызметкерлер мен қызмет көрсетушілер жеке бастық үлгі көрсетеді және ДЕҚОҚ жоғары көрсеткіштерін қамтамасыз ету бойынша жауапкершілікті бөліседі. Біздің операцияларға тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлердің жарақат алуына жол бермеу қағидаттарына сүйене отырып және қатынасқан жерлерде біздің активтерді және қоршаған ортаны қорғау бойынша шараларды ескере отырып, біздің қызметіміздің барлық кезеңдерінде ДЕҚОҚ саласындағы барлық тәуекелдерге жүйелік бағалауды жүргізуді қамтамасыз ететін жүйесін әзірлеу және бірлесіп пайдалану, сондай-ақ мердігерлік компаниялар қызметкерлері мен жұртшылық үшін тәуекелдерді басқаруға бақылаудың тиісті құралдарын пайдалану міндеті қойылды. Сонымен қатар, қоршаған ортаға қызметтің кері әсерін үздіксіз төмендеу, ДЕҚОҚ саласындағы тәуекелдерді анықтау және басқару, энергия тиімділігін жоғарылату,

ашықтықты және ақпараттандыруды қамтамасыз ету қажеттілігі айқын.

Компанияда экологиялық менеджменттің біріктірілген жүйесі жұмыс жасайды, оның іргетасы, сондай-ақ қолданыстағы табиғат қорғау заңдары, экологиялық менеджмент қағидаттары және үдерістік тәсілдеме болып табылады. Осылайша, ISO 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкес, сапа саласында басқару жүйесі, қоршаған ортаны қорғау, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыс жағдайында қолдау табады. Осы саясаттың күші БХК барлық қызметкерлеріне қолданылады, сондай-ақ БХК қызметкерлері және мердігерлік ұйымдар үшін келісімшарттарға және лауазымдық нұсқаулықтарға жауапкершілікті және ДЕҚОҚ бойынша талаптарды қосуды білдіреді. Экологиялық әл-ауқатын сақтау және қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында біз қолданыстағы қағидаттарды бірлесіп қолдай отырып, жаңа тәжірибелер мен технологияларды қолдану мүмкіндігін және енгізуді жоспарлаймыз және зерттейміз.

«МАТЕРИАЛДАР» АСПЕКТІСІ

Түйіршіктелген күкірттің массасы бойынша шығындалған материаль

лы 41 892,12 т құрайды. Түйіршіктелген күкірт – қайта жаңармайтын

шикізат, қайтадан пайдаланылмайды.

«ЭНЕРГИЯ» АСПЕКТІСІ

Біздің ЕТҰ Тобында өндірістің техникалық тұжырымдамасы қыздырылған бу нысанында үдерістің экзотермиялық реакцияларынан бөлінетін энергияның барынша толық және экономикалық мақсатты кәдеге жаратылуын қарастырады. Қондырғының әртүрлі бөліктерінде пайдаланылатын барлық үдерістер өзіне тән және көпжылдық ғылыми зерттеулер нәтижесінде, тәжірибелік қызметтен жинақталған бағалы

тәжірибесіне негізделген, бұл жалпы алғанда барлық өндірісті тиімді пайдалануға кепілдік береді.

Қолданылатын технология барлық қажетті экологиялық нормалардың сақталуын қамтамасыз етеді. Өндіріс қоршаған орта үшін қауіпсіз. Осы өндіріс бойынша қабылданған техникалық шешімдер экологиялық, санитарлық-гигиеналық, өртке қарсы және басқа нормалар мен ере-

желер талаптарына сәйкес келеді және нысандарды пайдалануда адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіздікті қамтамасыз етеді, бұл қоршаған ортаға әсері бойынша халықаралық стандарттарға және нормативтерге сәйкес келеді. Қолданылатын жабдықтар экологиялық қауіпсіздіктің қазақстандық стандарттары мен нормативтеріне сәйкес келеді.

G4-EN1

G4-EN2

G4-EN3

БХК Тобы ұйымдарының ішіндегі электр энергиясын тұтыну 2016 жылы 34 239 778 кВт*сағ құрады. Энергия сақтау бойынша келешектегі міндеттерінің бірі және БХК үшін жоғарғы энергия тиімділік тұтынылатын энергия ресурстарының көлемін төмендету болып табылады, соның ішінде мыналардың есебінен:

- ЕТҰ өз қажеттіліктеріне қететін энергия ресурстарының шығынын төмендету;

- Энергия шығындарына бақылау жүргізу механизмін жетілдіру;
- Электр энергиясын және басқа да отын-энергетикалық ресурстарын есепке алу аспаптарымен Компания нысандарын жабдықтау;
- Аспаптар деректері негізінде ақпарат жинау үдерісін ұйымдастыру.

Энергия қорларының шығынын азайту мақсатында ілеспе газды кә-

деге жарату есебінен өз қажеттіліктеріне 9 500 Гкал жылу энергиясы пайдаланылады.

Төменде (21-кесте) БХК Тобы ішінде энергияны тұтыну бойынша деректер берілген.

21-кесте. 2016 ж. БХК Тобы ұйымдарымен тұтынылған энергия

G4 элементі	Өлш. бірл.	Көлемі/саны
Ұйым ішінде энергияны тұтыну	Электр энергиясын жалпы тұтыну	кВт*сағ. 34 239 778
	«БК ҚҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС электр энергиясы	кВт*сағ. 20 771 667
	«Полимер Продакшн» ЖШС электр энергиясы	кВт*сағ. 13 468 111
Энергия сыйымдылық	Жалпы энергия сыйымдылығы	кВт*сағ/ө.м.т ¹ 4,333
	«БК ҚҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС үшін энергия сыйымдылық	кВт*сағ/ө.м.т 0,163
	«Полимер Продакшн» ЖШС үшін энергия сыйымдылық	кВт*сағ/ө.м.т 4,170

¹ Өнім мың.т.

«СУ» АСПЕКТІСІ

Біз өзіміздің қоғам және қоршаған орта алдындағы әлеуметтік жауапкершілікті түсінеміз және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтыламыз. Су барлық өндірістік үдерістерде пайдаланылады және біздің ЕТҰ нысандарында шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктердің ажырамас бөлігі болып та-

былады. Біз су бағалы және тапшы табиғи ресурс болып табылатынын түсінеміз және суды ұқыпты пайдалануды насихаттаймыз. 2016 жылы алынған судың жалпы көлемі 270 495 м³ техникалық су және 16-490 м³ шаруашылық-ауыз суы. Көп мәрте және қайта пайдаланылатын

судың жалпы көлемі көлемі 3 400 м³ құрады.

БХК тобы ұйымдарының тоғаны елеулі әсер ететін жалғыз су көзі – «Атырау Су Арнасы» МКК су тартқыш жүйесі және Ақмола облысындағы Селета өзені.

«ТАСТАНДЫЛАР» АСПЕКТІСІ

«БК ҚҚЗ Казатомөнеркәсіп » ЖШС үшін жылыжайлық газдардың тікелей шығарындылары жоқ, ал «Полимер Продакшн» ЖШС олар құрады:

- Көміртегінің қос тотығы (CO₂) – 423,397 т;
- Метан (CH₄) – 0,161221 т;
- Азоттың шала тотығы (N₂O) – 2,379958 т.

«БК ҚҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС өндіріс аумағында атмосфера ластайтын зиянды заттар болып табылады:

- Күкірт қышқылының аэрозолдері және соңғы абсорбциялық мұнараның шығарылған газдарындағы күкіртті ангидрид;
- Шекті көмірсутектері қатысатын дизель отынының буы


және дизель отыны бар тұтыну бағынан күкіртті сутек;

- Күкірт қышқылы қоймасынан күкірт қышқылының аэрозолі, соның ішінде апаттық төгілуде;
- Өртеуге арналған пешті қыздыру кезеңіндегі күйе, азот оксиді, азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртек оксиді, пайдаланылған газдар, толық емес жану өнімдері.

Нақты деректер:

- Күкірт ангидрид (SO₂) – 0,196 т/ж;
- Көміртек тотығы (CO) – 0,472 т/ж;
- Азот тотығы (NO₂ есептегенде) – 0,064 т/ж;
- Күкірт қышқылы (H₂SO₄ молекуласы бойынша) – 0,001 т/ж;

- Көміртегі (күйе, қара көміртек) – 0,020 т/ж;



- Басқа де заттар (элементарлық күкірт) – 0,297 т/ж;

2016 жылы барлығы атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар көлемі – 1,050 т/ж.


Ұйымдастырылған көздердің шығарылымдарындағы ластаушы заттардың шоғырлануын бақылау нәтижелері бойынша, 2016 жыл кезеңінде шекті рұқсат етілген шығарындылардың мәнінен аспайды.

«Полимер Продакшн» ЖШС-де шекті рұқсат етілген шығарындылар-

дың (ШРШ) нормативтеріне сәйкес, зиянды заттар шығарындыларының тұрақты көздері анықталды (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған). Белгіленген норматив 499,45 т. болғанда, 2016 жылы тұрақты көздерден жалпы шығарындылар көлемі 491,41 т құрады. Тұрақты көздерден жалпы шығарындылардың нақты көлемі: барлығы – жылына 491,41 тонна, оның ішінде: қатты – 44,84 т, газ тәрізділер – 446,57 т, олардың ішінде маңызды ластаушы заттар NO_x – 10,18 т, SO_2 – 0,81 т, CO_x – 208,57 т.

Ахуал нормативтері жүйесін және қоршаған ортаны қорғауды басқаруды тиімді жүзеге асыру үшін қажетті қоршаған ортаның компоненттеріне шекті рұқсат етілген ықпалын белгілеуге бағытталған қоршаған ортаға эмиссиялардың тұрақты бақылауы және мониторингі жүргізіледі. Эмиссияларға экологиялық бақылауды жүргізудің негізгі міндеті кәсіпорынның санитариялық-қорғаныш аймағы шегінде және оның шекарасында қоршаған орта сапасының өзгеру ауқымын анықтау болып табылады.

«ТАСТАНДЫЛАР ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР» АСПЕКТІСІ



Ағынды сулар тастандылығының теріс әсерін азайтуға өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық пайдаланылған суларды арнайы тазарту құрылыстарында тазарту жолымен қол жеткізіледі. Екі сатылы механикалық және биологиялық әдістермен пайдаланылған суларды тазарту экологиялық заңнама нормаларына сәйкес, ағызылатын ағынды сулардың талап етілетін сапасына қол

жеткізуге мүмкіндік береді. Биологиялық тазартудан кейін пайдаланылған сулардың жалпы көлемі 21 306 м³ құрады. Су тарту мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі: пайдаланылған суды бұруды «Степногорск – Водоканал» қызметі жүзеге асырады, пайдаланылған суларды тазалау «Энергосервис» ЖШС жүргізеді.

Топыраққа немесе су бетіне заттардың елеулі төгілулері тіркелген жоқ.

Тасымалданған, импортталған, экспортталған немесе қайта өңделген қалдықтардан Базель конвенциясына I, II, III және IV қосымшаларға сәйкестері «Қауіпті» деп саналып, жалпы көлемі 1 200 л пайдаланылған еріткіш қана орын алады.

Биоалуантүрліліктің негізгі аймақтарына және ұйымдар тастандыларының олармен байланысты орындарына қатысты ешқандай әсерін және теріс әсерін көрсетпейді. Біздің ұйымдармен әсіресе олардың салыстырмалы мөлшерлеріне, рөліне немесе жоғалу қатері немесе жоғалып бара жатқан жүйенің сирек мәртебесіне қатысты осал кәсібі деп та-

нылған су нысандарына немесе ұлттық немесе халықаралық деңгейде танылған кез келген басқа қорғалатын табиғи аймақтағы нысандарға тастандылар жүргізілмейді.

Лицензияланған басқа ұйымдармен полигонда орналастырылған қалдықтардың жалпы салмағы және мөлшері, құрайды:

- 27,885 т/ж қатты-тұрмыстық қалдықтар;
- 11,7 т/ж қоқыс;
- 500 дана люминесценттік шамдар;
- 70 кг оргтехника;
- 2,5 т/ж металл қалдықтары;
- 5,3 кг медициналық қалдықтар;
- 112 т/ж өндірістік қалдықтар.

Түрлері мен айналу әдістері бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы салмағы:

- Коммуналдық қалдықтар – 70 т.

Өндірістік қалдықтар:

- Пайдаланылған еріткіш – 1,2 т;
- Еріткіштен босаған бөшекелер – 0,12 т;
- Лак және бояудан босаған ыдыстар – 0,88 т.

22-кесте. БХК Тобының тастандылары және қалдықтары бойынша нақты деректері

Ағынды сулардың шекті рұқсат етілген шоғырлануы – өлшенген заттар	мг/л	140
Оттегіні химиялық тұтыну	мг/л	140,1
Оттегіні биохимиялық тұтыну	мг/л	67,7
Аммонийлі азот	мг/л	18,0
Мұнай өнімдері	мг/л	0,3
Синтетикалық беткі-бөлсенді заттар	мг/л	0,25

Құрғақ қалдық	мг/л	1000
Темір	мг/л	1,5
Хром	мг/л	0,04
Мыс	мг/л	0,05
Мырыш	мг/л	0,06
Хлоридтер	мг/л	238,0
Нитраттар	мг/л	0,9
Фосфаттар	мг/л	2,0
Қорғасын	мг/л	0,004
Алюминий	мг/л	0,14
Сутектік көрсеткіш	pH	6,5–8,5
Еритін оттегі	мг/л	5–11,2

Балық шаруашылығы немесе мәдени-тұрмыстық маңызы бар жерүсті суына нысанның әсері жоқ. Кәсіп-

орын су қорғау аймақтарынан тыс орналастырылады. Су ресурстарына

ықпалы рұқсат етілген ретінде қаралады.

«ЖАЛПЫ АҚПАРАТ» АСПЕКТІСІ

Қоршаған ортаны қорғауға жалпы шығындар мен инвестициялар

Біз өндірістік қалдықтарды басқару мемлекеттік органдардың, шаруашылық жүргізуші субъекттердің және жергілікті қауымдастықтардың экологиялық басымдықтарының бірі болып табылады деп танымыз. Қоршаған ортаға және ЕТҰ барлық нысандарында экологиялық менеджмент жүйесіне ықпалын жұмсарту және болдырмау мақсатында қалдықтарды айналдырумен және шығарындыларды және тастандыларды тазартумен байланысты әртүрлі жұмыстар, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерін болдырмау бойынша шаралар жүргізілуде.

2016 жылы қоршаған ортаны қорғауға жалпы шығындар 7 754,783 мың теңге құрады, соның ішінде:

- Қалдықтармен айналысуға, шығарындыларды тазартуға және экологиялық залалды жоюға байланысты шығындар 2 687,907 мың теңге құрады;
- Қоршаған ортаға және экологиялық менеджмент жүйесіне ықпалды болдырмауға кететін шығындар – 5 066,876 мың теңге, оның ішінде:
 - ауа бассейнін қорғау – 4 687,2 мың теңге;
 - аймақты абаттандыру шығындар (маусымдық күту, жасыл көшеттерді отырғызу және суару) – 297 мың теңге;
 - басқару жүйелерін және ең жақсы қауіпсіз технологияларды енгізу – 65,184 мың теңге;
 - экологиялық ағарту және насихаттау – 17,243 мың теңге;

- міндетті экологиялық сақтандыру шарты – 0,249 мың теңге.

Айыппұлдар түрінде есептелген қоршаған ортаға нормативтен тыс шығарындыларды, нормативтен тыс ластаушы заттардың тастандыларын қамтитын экологиялық бұзушылықтарға төлемдер, қалдықтарды санкцияланбаған орналастыру болған жоқ.

БХК алдағы жоспарына ДЕҚОҚ Саясатын толыққанды іске асыру, ЕТҰ-ғы қалдықтарды басқару іс-шаралары бойынша жоспар әзірлеу және енгізу қосылған. Экологиялық менеджмент сапасының жоғарылауы және қалдықтарды айналдыру шығындарының бірте-бірте төмендеуі іс-шаралардың айталмыш жоспарының орындалу көрсеткіші болып табылады.

G4-EN31



4.5. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біздің қызметкерлер – біздің басты құндылығымыз және негізгі ресурс. Олардың кәсіби деңгейіне және қауіпсіздікке біздің қызмет нәтижелері және құрылатын құн тікелей тәуелді.

Сондықтан біз:

- Ашық және анық негізде еңбек нарығынан кәсіби үміткерлерді тартамыз және меритократия қағидаты негізінде өз қызметкерлерімізді дамытамыз;
- Біздің қызметкерлердің қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етеміз;
- Сауықтыру бағдарламасын өткіземіз және қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсетеміз;
- Үлгіландырудың және қызметкерлерді дамытудың тиімді жүйесін жасаймыз;
- Корпоративтік мәдениетті дамытамыз.



«ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК» АСПЕКТІСІ

БХК өз қызметінде маңызды негіз қалаушы қағидаттарына өмір сүру, денсаулық және қызметкерлерінің қорғалу жағдайының басымдығын қамтамасыз етуді жатқызады. ҚР заңнамасына және еңбек қызметі үдерісінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмауға бағытталған, жалпы танылған стандарттарға сәйкес БХК осы қағидаттарға сүйенеді.

Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік аясында қызметкерлер еңбегі үшін қажетті жағдай жасалған. Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берумен сауықтыру үшін материалдық көмек беру, қызметкер мен оның отбасы мүшелері ауырған жағдайда, балалы болуына/баланы асырап алуына байланысты, қызметкердің/туыстарының қайтыс болуына байланысты, басқа да өтемақылық төлемдер және ерікті медициналық сақтандыру қарастырылған.

Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операцияларды орындау барысында жарақаттануды төмендету, жұмысшылардың өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайын жақсарту, сондай-ақ зиянды және қолайсыз факторлардың ықпалын азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ жыл бойы тұрақты негізде компанияда еңбекті қорғау және

қауіпсіздік техникасы жүйесін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарымен таныстыру шаралары жүргізіліп отырады. Жұмыс орнына жұмысқа рұқсат алу алдында мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін кіріспе және бастапқы нұсқамалық жүргізіледі. Жұмыс орнында бастапқы нұсқамалық әрбір қызметкермен қауіпсіз еңбек тәсілдерін тәжірибе жүзінде көрсете отырып жүргізеді (нұсқамалық журналдың «Жұмыс орнындағы бастапқы нұсқамалықты тіркеу» бөлімінде ресімделеді). Мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері үшін күнделікті рұқсат алу кезінде мақсатты нұсқаулық жүргізіледі, онда қауіпсіздік шаралары, ЕТҰ нысандарында бар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар көрсетіледі. Өндірістік оқыту бағдарламасы қызметкерді оқыту қарастырады:

- Жұмысты қауіпсіз орындау бойынша, жабдықтарды пайдалану;
- Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша;
- Жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, сақтандырғыш қондырғыларын пайдалану бойынша.

Зиянды еңбек жағдайлары бар кәсіптер үшін зиянды еңбек жағдайындағы нақты жұмыс уақытына қосымша ақы төленеді, еңбек демалысына қосымша күндер анықталған және арнаулы тамақ беріледі. Қызметкерлері өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестациялаудан өткен. Жыл сайын қауіпті өнеркәсіптік қауіпсіздік жағдайын тексеру және

жұмыс орындарын аттестаттау нәтижелерінің негізінде өндірістік факторлардың зақымдаушы ықпалын жою немесе азайту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленеді.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ҚР заңнамасына, нормативтік-құқықтық және реттеуші актілерге сәйкес жүргізілді.

БХК қызметкерлерінің физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында қызметкерлер және оның отбасы мүшелері ауырған жағдайда ерікті түрде сақтандыруды жүзеге асыру жалғастырылатын болады. 2016 жылы осы сала бойынша жоспар 147 143 380 теңге болғанда, шығындар 106 526 944 теңгені құрады, 2015 жылы – жоспар 113 101 160 болғанда 65 027 090 теңге құрады. Еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан қызметкерлерді міндетті сақтандыруға арналған шығындар 2016 жылы жоспар 18 538 332, 2015 болғанда, 13 947 306 теңгені құрады, 2015 жылы – жоспар 22 211 314 теңге болғанда 6 894 552 теңге.

2016–2017 жылдары OHSAS 18001 стандартының талаптарына сәйкес өндірістік қауіпсіздік менеджменті және еңбекті қорғау жүйесін сертификаттау бойынша бағдарлама сәтті басталды және Денсаулық қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат енгізілді.

Қауіпті өндірістік нысанда өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарын сақтауды өндірістік бақылау туралы Ереже бойынша құжаттар әзірленді және енгізілді.

3 сатылы өндірістік бақылау жүзеге асырылды:

- Қауіпті өнеркәсіптік нысанның Қауіпсіздік декларациясының болуы;
- Апаттарды жою жоспарларының болуы;
- Апаттық жағдайларды жою жоспары бойынша жаттығу өткізу;
- Апаттардың алдын алу және жою бойынша іс-шараларды орындау;
- Тергеу, жазатайым оқиғалар, оқыс оқиғалар мен апаттар материалдары бойынша іс-шараларды орындау.

Жұмыс орындарын аттестациялау, еңбекті қорғау бойынша ережелер және нормалар талаптарына сәйкес әр жұмыс орнында еңбек жағдайларын келтіру бойынша іс-шаралардың жылдық жоспары орындалды. БХК ЕТҰ нысандарында өріс кернеулігін, шулар мен дірілді өлшеу орындалды, жұмыс орнында қызметкерлердің денсаулығына әсер ететін қауіпті және зиянды өндірістік факторлар анықталды, қауіпсіздігі жағдайларын жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарлары әзірленді және іске асырылды, қауіпті және зиянды факторлардың әсерімен байланысты жұмыстарға сәйкесінше жеңілдіктер белгіленді.

Қызметкерлердің денсаулық жағдайын бақылау үшін 2016 жылға жоспарланған медициналық тексеруден өтеді. Белгіленген нормаларға сәйкес қызметкерлер қажетті жеке қорғаныс құралдарымен, соның ішінде электрден қорғайтын құралдармен, арнайы тағамдармен, сондай-ақ арнайы құралдармен, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етілген. 2016 жылы БХК ЕТҰ қызметкерлерінің кәсіби аурулары тіркелген жоқ.

Есепті кезеңде техникалық пайдалану жағдайын, қауіпсіздік техникасы, барлық ЕТҰ-да еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігін мақсатты тексеру ұйымдастырылды және өткізілді, оның қорытындысы бойынша нормативтік-техникалық құжаттамаға пайдалануды ұйымдастыруға, қауіпсіздік техникасына және еңбекті қорғаудағы сәйкессіздіктерге қатысты акт-ұйғарымдар рәсімделді және сәйкесінше іс-шаралар әзірленді.

2016 жылы БХК «KAZENERGY» Қауымдастығымен ұйымдастырылған мұнай-газ саласы біліктілігінің Салалық шеңберін жасау (бұдан әрі – БСШ) жөніндегі жұмысқа қатысты, ол әр түрлі пайдаланушылар тобына арналған (жұмыс берушілерге, білім беру органдарына, азаматтарға, жұмысшыларға) және сәйкестігін растау және мамандарға біліктілікті беру жүйесінің негізі болып табылады. Осы іс-шараның қорытындылары бойынша БСШ сипаттамаларының және кәсіби қызметтің 6 салалары үшін кәсіби біліктілік карталарының жобалары әзірленді: «Мұнай және газды барлау», «Мұнайгаз ұңғымаларын бұрғылау», «Мұнай мен газ өндіру», «Мұнай мен газды тасымалдау», «Мұнай және газды өңдеу» (оның ішінде мұнай химиясы), «Мұнай, мұнай өнімдерін және газ сату».

Өткізілген іс-шаралар өндірістік үдерістердің нәтижелілігін арттыруға, түзету және алдын алу әрекеттерін орындауға және нормативтік және өкімші құжаттарға сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған.

2014–2015 жылдары БХК Компаниялар тобында өндірістік жарақаттану жағдайлары тіркелген жоқ. 2016 жылға 1 жазатайым оқиға тіркелді.

Мониторингке қатысатын және жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бағдарламаларға қатысты ұсыныстарды реттейтін денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі ресми комитеттер ЕТҰ тобында жоқ. Алайда денсаулық, еңбек және

қоршаған ортаны қорғау бөлімі бар, оның құрамына 2 адам кіреді, қызметкерлердің өкілі – 1 адам.

Еңбек шарты бойынша жұмыс орнын аттестациялауға сәйкес, зиянды еңбек жағдайларымен 16 жұмыс орны анықталды.

Біз өндірісте денсаулық, еңбекті қорғау және қызметкерлердің қауіпсіздігі мәселесі біз үшін бірінші орында тұрады деп танымыз. Өкінішке орай, қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы қабылданған барлық іс-шараларға қарамастан, «БК КҚЗ Казатомөнер-кәсіп» ЖШС-де ауру салдарынан 22 күн еңбек ету қабілетін жоғалтқан 1 жағдай тіркелді, аурушандық бойынша 1,9%-ды, күнмен есептегенде еңбек ету қабілетін жоғалту бойынша 4,5%-ды құрады. Осы жазатайым оқиғадан басқа «Полимер Продакшн» ЖШС-де тағы біреуі тіркелді – қызметкердің өзінің кінәсінен жеңіл жарақат. Кәсіби аурулар тіркелген жоқ. Біз осындай оқиғаларды қолайсыз деп есептейміз және өндірісте қызметкерлер үшін денсаулықты қорғау және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету компания атқарымында міндетті шарт болып табылады деп сендіреміз. Денсаулық және қауіпсіздік саласындағы нәтижелілік қызметкерлеріне қамқорлық жасау жөніндегі өз міндеттерін ұйым қалай орындайтындығының негізгі критерийі болып табылады. Өндірістік жарақаттанудың төмен деңгейі қызметкердің моральдық жай-күйінің оң беталыстармен және оның өнімділігімен байланысты деп біз сеніммен айта аламыз.

Болашақта біз қызметкерлерді оқытуға, біздің қызметкерлердің қырағылығын және өндірісте қызметкерлердің қауіпсіздігі саласындағы саналы жауапкершілігін арттыру үшін ақпараттық науқандарды өткізуге қаражатты инвестициялауды жоспарлап отырмыз. Біз қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операцияларды орындау кезінде жарақаттануды төмендету, өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайын жақсарту, сондай-ақ зиянды және қолайсыз факторлардың ықпалын азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізуге бағыттала отырмыз. Біз денсаулық және қауіпсіздік менеджменті саласында тәжірибелік тәсілдемелерді қолдану қажетті деп санаймыз, бұл жазатайым оқиғалар мен кәсіби

G4-LA5

G4-LA6

G4-LA7

аурулар санын азайтуға әкеледі. Біздің компанияның ДЕҚОҚ бойынша Саясаты шеңберінде қауіпсіздік

бойынша аудиттер және компанияның одан әрі тұрақты дамыту үшін OHSAS 18001 стандартының талап-

тарына сәйкес басқа да іс-шараларды өткізуді жоспарлап отырмыз.

КАДР САЯСАТЫ

БХК өз қызметінде төмендегі БҰҰ-ның Ғаламдық шартының қағидаттарын ұстанады:

- Еңбектің мәжбүрлі және міндетті барлық нысандарын жою;
- Балалар еңбегін мәжбүрлеп пайдалануды болдырмау;
- Кез келген көріністерде кемсітушілікке жол бермеу.

Қызметкерді басқару саласында БХК негізгі құжаты – 2013 жылы 29 қазанында БХК БК бекіткен БХК-ның Кадрлық саясаты. БХК Кадрлық саясаты қызметкерлерге лайықты еңбекақыны төлеуге, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге, өзін-өзі жетілдіру және дамыту үшін жағдай жасауға бағытталған.

БХК Кадрлық саясатына сәйкес негізгі бағыттары болып табылады:

- Еңбек ресурстарының сапасын арттыру;

- Еңбек нәтижелілігін басқару;
- Корпоративтік мәдениетті дамыту;
- Ұйымдық құрылымды басқару, бизнес-үдерістерді тиімді ұйымдастыру.
- Кадр саясатын іске асыру БХК БК бекіткен іс-шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Еңбекті және еңбек қатынастарын ұйымдастыру сұрақтары Ішкі еңбек тәртібінің ережелерімен, еңбек келісімшарттарымен реттелген. Қайтадан қабылданған қызметкерлерге бірқатар бейімделу үдерістері әзірленген. Қызметкерлерді ынталандыру үшін қаржылық емес ынталандыру жүйесі енгізілген, қызметкерлерді көтермелеу сондай-ақ қызметкерлердің Жеке даму жоспарлары жүйесі арқылы іске асырылуда, олардың негізінде мерзімдік қызметін бағалау және сыйақы беру жүргізіледі,

Корпоративтік этика кодексінің ережелерін іске асыру мақсатында жыл сайын семинарлар өткізіледі. БХК ішкі негізгі жайғасымдарын орналастыруға бағытталған, кадр резерві бағдарламасын іске асырады. Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету механизмдері шығарылды (шақырылған қызметкерлерге тұрғын үйдің өтемақысы, медициналық сақтандыру, сауықтандыруға материалдық көмек көрсету). Наразылық көңіл-күй, еңбек дауларына жол бермес үшін мерзімді шаралар қабылданады (уақытылы еңбекақысын төлеу, жұмыс жағдайларын құру кезінде қызметкерлердің мүдделерін сақтау, оның ішінде бала емізетін аналарға қатысты, қызметкерлерді жұмыстан заңсыз босату фактілерінің болмауы, әділ еңбек-ақы төлеу, қызметкерлерді тартуды жыл сайын бағалау).

«ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ» АСПЕКТІСІ

2016 жылға БХК және ЕТҰ бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік саны 752 бірлікті құрады (2015 ж. – 712 бірлік).

БХК және ЕТҰ бойынша соңғы үш жылдағы қызметкерлердің нақты саны құрайды (24-сурет):

- 2014 жылы – 399 адам, оның ішінде өндірістік қызметкерлер –

146 адам, әкімшілік-басқару қызметкерлері – 253 адам;

- 2015 жылы – 650 адам, оның ішінде өндірістік қызметкерлер – 331 адам, әкімшілік-басқару қызметкерлері – 319 адам;
- 2016 жылы – 793 адам, соның ішінде өндірістік қызметкерлер 437 адам, әкімшілік-басқару қызметкерлері – 356 адам.


БХК Компаниялар тобы бойынша есепті кезеңде тараптардың келісімі бойынша қызметкерлермен 117 еңбек шарты үзілді, оның ішінде 19 қызметкер Қордың тобы бойынша ауыстырылды

24-сурет. БХК Компаниясы тобы қызметкерлерінің құрылымы




G4-LA1

25-сурет. Жынысы және өңірі бойынша топтастырылған БХК Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны



26-сурет. Жынысы және жалдау туралы шарт бойынша топтастырылған қызметкерлердің жалпы саны




23-кесте. Жынысы және жұмыспен қамтылу түрі бойынша тұрақты қызметкерлердің жалпы саны

Кезең	Ерлер		Әйелдер	
	Толық жұмыспен қамту	Ішінара жұмыспен қамту	Толық жұмыспен қамту	Ішінара жұмыспен қамту
2014 ж.	291	1	107	0
2015 ж.	456	3	192	0
2016 ж.	548	3	242	0

24- кесте. Штаттық және штаттан тыс қызметкерлерге бөлінген жұмыс күшінің жалпы саны

Кезең	Ерлер		Әйелдер	
	Штаттық қызметкерлер	Штаттан тыс қызметкерлер	Штаттық қызметкерлер	Штаттан тыс қызметкерлер
2014 ж.	275	1	124	3
2015 ж.	434	1	216	4
2016 ж.	553	1	242	4


27-сурет. Гендерлік белгісі бойынша қызметкерлердің құрылымы



Гендерлік белгісі бойынша БХК және оның ЕТҰ қызметкерлерінің құрылымы келесідей түрде берілген (27-сурет):


- Басшы қызметкерлері (ерлер):
- 2014 жылы – 51 қызметкер,
 - 2015 жылы – 58 қызметкер,
 - 2016 жылы – 89 қызметкер.
- Басшы қызметкерлері (әйелдер):
- 2014 жылы – 12 қызметкер,
 - 2015 жылы – 17 қызметкер,
 - 2016 жылы – 22 қызметкер;
- Қалған қызметкерлер (ерлер):
- 2014 жылы – 113 қызметкер,
 - 2015 жылы – 145 қызметкер,
 - 2016 жылы – 481 қызметкер;
- Қалған қызметкерлер (әйелдер):
- 2014 жылы – 78 қызметкер,
 - 2015 жылы – 99 қызметкер,
 - 2016 жылы – 201 қызметкер.

28-сурет. Үш жыл серпіндегі құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны



- Соңғы үш жылдағы құрылымдық бөлімшелердің жалпы саны былайша берілген (28-сурет):
- 2014 жылы – 105 құрылымдық бөлімше;
 - 2015 жылы – 105 құрылымдық бөлімше;
 - 2016 жылы – 113 құрылымдық бөлімше.


29-сурет. Қайтадан жалданған қызметкерлердің пайызы және жалпы саны



- Соңғы үш жылдағы БХК тобы бойынша қайтадан жалданған қызметкерлердің жалпы саны құрады (29-сурет):
- 2014 жылы – 181 қызметкер (45%);
 - 2015 жылы – 376 қызметкер (58%);
 - 2016 жылы – 372 қызметкер (47%).




30-сурет. Жынысы мен жас тобы бойынша топтастырылған БХК Компаниялар тобы кадрларының тұрақтамауы




31-сурет. Оңтүстік аймақ бойынша жынысы, жас тобы бойынша топтастырылған кадрлардың тұрақтамауы



32-сурет. Батыс аймақ бойынша жынысы, жас тобы бойынша топтастырылған кадрлардың тұрақтамауы




33-сурет. Астана қаласы бойынша және Ақмола облысында жынысы, жас тобы бойынша топтастырылған кадрлардың тұрақтамауы




Есепті кезеңде Астана қаласы бойынша және Ақмола облысы бойынша орташа тізімдік саны 316 қызметкерлерді құрады, оның ішінде жұмыстан босатылған ерлер – 17%, жұмыстан босатылған әйелдер – 8% (33-сурет).

34-сурет. Жұмысқа ана болуы бойынша демалыстан кейін оралған қызметкерлердің үлесі



G4-LA3

35-сурет. Негізгі аспектілері бойынша индекстер



БХК қызметкерлерін қатыстыруға зерттеу жүргізілді (35-сурет).

Сауалнаманың қорытындысы бойынша негізгі аспектілер бойынша индекстер тұтастай алғанда позитивті аймақта тұр:

- БХК қызметкерлерді қатыстыру индексі 61% – ды құрады, бұл БХК-да жағдай әдіснамаға сәйкес, позитивті аймақта екенін көрсетеді;
- БХК қанағаттаншылық индексі – 71%;
- Қызметкерлердің бейілділік индексі – 55%;
- БХК бастамаларын қолдау индексі – 45%.

Қызметкердің қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында (тартылу индексі) «Корпоративтік универ-

ситет «Самұрық-Қазына» АҚ жеке мекемесімен 2016 жылы желтоқсан айында сауалнама жүргізу арқылы



«ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ» АСПЕКТІСІ

БХК-да тұрақты негізде қызметкерлердің кәсіпқойлығын кешенді арттыру жүргізіледі, тағылымдамаларда, семинар-кеңестерге, конференцияларға, форумдарға, көрмелерге, симпозиумдарға, дөңгелек

үстелдерге, вебинарларға оқыту, жұмыс орнында оқыту, БХК-да жобаларды іске асыру және енгізуге байланысты оқыту бағдарламаларына, бейімделу оқытумен кәсіби ойлауды және сана-сезімді дамыту-

дан тұрады. Қызметкерлерді кәсіби оқыту және дамыту ережелеріне сәйкес қызметкерлерге өз білім деңгейін және біліктілігін арттыруға мүмкіндік беріледі (36-сурет).

36-сурет. Есепті кезең ішінде бір қызметкерге келетін оқытудың орташа жылдық сағаттарының саны



2016 жылы жеке оқыту іс-шараларына БХК 74 қызметкерлері қатысты (2014 жылы – 41 қызметкер; 2015 ж. – 39 қызметкер). Оның ішінде келесі тақырыптар бойынша корпоративтік семинарлар ұйымдастырылды:

- Тәуекел менеджменті. Тәуекелдерді басқару бойынша негізгі әдістер;
- Эмоциялық интеллект;
- Бизнес-үдерістерді әзірлеу;
- Self-Made Man: өзіндік менеджмент және өз-өзін ынталандыру;
- Компанияның тиімділік факторы ретінде құзыретін дамыту зертханасы, қызметкерлерді бағалау әдістері және қажетті дағдыларды дамыту;

- Модуль тренинг: HR дивизионы – кадрларда көшбасшылықты дамытудамыз;
- Модуль тренинг: корпоративтік алмасу тиімділігін арттырудағы IT.

БХК қызметкерлері үшін, сондай-ақ мемлекеттік және ағылшын тілдерін білу деңгейін арттыру бойынша курстар өткізіледі.

Тұрақты даму қағидаттарын енгізу үдерісін жеңілдету мақсатында БХК Қорды корпоративтік басқару блогымен Басқарушылық қызметкерлерді қоса алғанда БХК қызметкерлері үшін тұрақты даму бойынша семинар дайындады және ұйымдастырды.

2016 жылы БХК қызметкерлерін оқытуға игеруге арналған шығындар 63 985 мың теңгені құрады, жоспар бойынша 64 339 мың теңге (2014 жылы – 30 638 мың теңге, жоспар бойынша 34 724 мың теңге, 2015 жылы – 32 831 мың теңге, жоспар бойынша 34 724 мың теңге).

2017 жылы Дербес даму жоспарына сәйкес біліктілігін арттыру бойынша оқыту жөніндегі іс-шараларға қызметкерлердің 100-пайыздық қатысуын жүзеге асыру және БХК қызметкерлерін дайындауға және қайта даярлауға 72 127 мың теңге мөлшеріндегі соманы игеру жоспарланып отыр.

БХК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ УӘЖДЕМЕСІ

БХК-да 2015 жылы 30 наурызда БХК Басқарма шешімімен бекітілген Қызметкерлері материалдық емес уәждемелеу ережелері жұмыс жасайды. Материалдық емес уәжде-

мелеу жүйесі корпоративтік порталда дауыс беру арқылы 2015 жылы 1 шілдеден бастап қолданысқа енді.

Уәждеме жүйесі әлеуметтік төлемдерді, сондай-ақ материалдық емес ынталандыру қамтиды.

БХК және ЕТҰ сондай-ақ корпоративтік марапаттарды (атақтар, құрметті грамоталар, айырым белгілері, жүлделер, кәсіби мерекелер және т.б.) қамтитын материалдық емес ынталандыру жүйесі дамуда.



G4-LA16

«ЕҢБЕК ҚАТЫНАСТАРЫ ТӘЖІРИБЕСІНЕ ШАҒЫМДАР БЕРУ МЕХАНИЗМІ» АСПЕКТІСІ

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шаралар шеңберінде БХК Тобы компанияларында Ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар ету саясаты қолданылады. Ол БХК және БХК компаниялар тобы қызметкерлеріне БХК ішкі құжаттарын немесе заңнама нормаларын бұзатын тәжірибемен байланысты өз қорқыныштары туралы жауапкершілікпен мәлімдеу мүмкіндігін ұсыну арқылы, БХК қызметінде ашықтықты және есеп берушілікті арттыру үшін негіздерді құру мақсатында жұмыс жасайды. Осы саясат тәртіп

бұзушылықтар туралы өтініштерді беру тәртібін реттеуге бағытталған негізгі ережелерді, оларды қарауды, оларды қарау нәтижелері бойынша шараларды қабылдауды анықтайды, сондай-ақ БХК ішінде сәйкесінше бұзушылықтар туралы өтінішті олармен беру кезінде БХК және БХК компаниялар тобының қызметкерлерін қолдау негіздерін белгілейді. БХК-да және оның еншілес ұйымдарындағы қазіргі Саясатына сәйкес Ықтимал бұзушылықтар туралы хабардар Тексеру комиссиясының уәкілетті тұлғаларына және омбу-

дсменге пошта арқылы сондай-ақ БХК жедел телефон желісі бойынша (+7 (7172) 27-71-30) немесе электрондық поштасы арқылы ((hotline@uss.com.kz) тікелей жіберіледі. Іс жүзінде БХК Басқарма және оның барлық құрылымдық бөлімшелері уәкілетті тұлғаларға болжамды бұзушылықтар туралы хабарламаларды беруге кедергі келтірмейді.

БХК қызметкерлері тарапынан және мүдделі тараптардан осы уақытқа дейін бұзу фактісі бойынша өтініштер мен шағымдар келіп түскен жоқ.




A dynamic action shot of two ice hockey players. The player on the left wears a red jersey with white and black horizontal stripes and a white helmet. The player on the right wears a white jersey with blue and black horizontal stripes and a white helmet. Both are in a low, aggressive stance on the ice, holding their sticks. The background is a blurred blue arena with bright lights. A large, white, stylized letter 'F' is overlaid on the left side of the image.

Шоғырлан-
дырылған
қаржылық
есептілік

Синтетикалық каучук

Синтетикалық каучук – шексіз емес байланыстары бар мономерлерді (изопрен, изобутилен, бутадиен, стирол және т.б.) полимерлеу және сополимерлеу әдісімен алынатын жоғары молекулярлық қосылыс. Синтетикалық каучуктың молекулалары, табиғи каучук секілді, полимерленудің жоғары деңгейімен сипатталады. Синтетикалық каучуктегі полимерлі тізбектердің көп жағдайларда қосарлы байланысы болады және осының арқасында вулкандану барысында кеңістіктік тор түзіледі, бұл ретте алынатын резеңке физикалық-механикалық қасиеттерді иемденеді.



5.1. АУДИТОРЛАРДЫҢ ТҰЖЫРЫМЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

«Біріккен химиялық компания» ЖШС Қатысушысы мен Басшылығына

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит жүргізу нәтижелері туралы есеп

Пікір

Біз «Біріккен химиялық компания» ЖШС мен оның еншілес ұйымдарының (әрі қарай «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, ол 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есептен және аталған күні аяқталған бір жылғы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі қағидаларын қоса алғанда шоғырландырылған қаржылық есептілікке арналған ескертпеден тұрады.

Біздің пікірімізше, қоса тіркелген шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және аталған күні аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес барлық елеулі аспектілерде дұрыс көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (әрі қарай «ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз осы есептің «Шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған аудит үшін аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған этиканың халықаралық стандарттары жөніндегі кеңестің (әрі қарай «БЭХСК») Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз БЭХСК Кодексіне сәйкес өзге этикалық міндеттерді орындадық.

Біздің пікірімізше, біз қол жеткізген аудиторлық айғақтар біздің пікір білдіруімізге негіз бола алатындай деңгейде жеткілікті және тиісті болып табылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін басшылықтың жауапкершілігі

Топ басшылығы аталған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС талаптарына сәйкес дайындалуы мен дәйекті түрде ұсынылуы үшін және басшылық алақол әрекеттер мен қателіктердің салдарынан елеулі өзгерістерге ұшырамаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп есептеген ішкі бақылау жүйесі үшін жауап береді.



Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашу және қызметтің үздіксіздігі туралы жол бермеу негізінде шоғырландырылған есепті жасау ісіне, бірақ басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниетті болған жағдайларды немесе осындай әрекеттерге оның нақты баламасы жоқ болған жағдайды қоспағанда, жауапты болады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – шоғырландырылған қаржылық есептілікте жалпы алғанда алақол әрекеттердің немесе қателіктердің салдарынан елеулі бұрмалаулардың жоқ болуының орынды сенімділігіне қол жеткізу және біздің пікіріміз жазылған аудиторлық есепті шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі ауытқулардың болуы жағдайында олардың әрдайым анықталуына кепілдік бере алмайды. Бұрмалаулар алақол әрекеттердің немесе қателіктердің нәтижесінде орын алуы мүмкін және елеулі болып есептеледі, егер де олар жеке-жеке немесе бірге осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген түрде тұспалдау мүмкін болса.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз бүкіл аудит барысында кәсіби пайымдауды қолданып, кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сонымен қатар, біз келесілерді орындаймыз:

- алақол әрекеттер мен қателіктердің салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмалаулардың тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осындай тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуы үшін жеткілікті және елеулі болып табылатын аудиторлық айғақтарды аламыз. Алақол әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмалаулардың анықталмау тәуекелі қателіктің нәтижесіндегі елеулі бұрмалаулардың анықталмау тәуекелінен жоғары, өйткені алақол әрекеттер сөз байласуды, жалған құжат жасауды, қасақана жіберіп алуды, ақпаратты бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесінен орығытумен әрекет етуді қамтуы мүмкін.
- міндеттемелерге сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіруді мақсат етіп қоймастан, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін ұғынуға қол жеткіземіз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылықпен анықталған бухгалтерлік бағалаулардың және тиісті ақпараттың ашылуының негізділігін бағалаймыз;
- Басшылықтың үздіксіз қызмет туралы рұқсатты қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, және қол жеткізілген аудиторлық айғақтардың негізінде, Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күдік тудыруы мүмкін уақиғалармен немесе жағдайлармен байланысты елеулі тұрлаусыздықтың болуы туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі тұрлаусыздықтың болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілігіндегі ақпараттың лайықты ашылуына назар аударуға тиіспіз немесе егер мұндай ақпарат ашу лайықсыз болса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз біздің аудиторлық есебіміздің күніне дейін алынған аудиторлық айғақтарға негізделген. Алайда келешек уақиғалар немесе жағдайлар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкелуі мүмкін.
- жалпы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ұсынылуын, ақпарат ашуды қоса алғанда оның құрылымы мен мазмұнын бағалауды жүргіземіз, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептілік өзіне негізделген операциялар мен уақиғаларды – олардың дәйекті түрде ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп көрсете алады ма жоқ па, осыны бағалаймыз.
- Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін, Топтың ішіндегі шаруашылық қызмет пен ұйымдардың қаржылық ақпаратына қатысты жеткілікті деңгейдегі тиісті аудиторлық айғақтарды аламыз. Біз өзіміздің аудиторлық пікіріміз үшін жеке жауапты боламыз.



Біз корпоративтік басқару ісіне жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттестікті жүзеге асырамыз және өзгелерімен бірге аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты қоса алғанда, аудиттің нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы ақпаратты олардың назарына жеткіземіз, егер де біз оларды аудит барысында анықтайтын болсақ.

Ernst & Young LLP


Бахтиёр Эшонкуллов
Аудитор / Аудит бойынша серіктес




Гүлмира Тұрмағамбетова
Бас директоры
Ernst & Young LLP



Аудитордың біліктілік куәлігі
№ МФ-000009, 2012 жылғы 27 тамыз

Қазақстан Республикасы аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия сериясы МФО-2 № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген

050060, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7
2017 жылғы 10 ақпан



5.2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңге	Еск.	2016 ж.	2015 ж.
Сатудан түскен табыс	5	6.410.578	4.017.726
Сатудың өзіндік құны	6	(5.047.494)	(2.525.518)
Жалпы пайда		1.363.084	1.492.208
Жалпы және әкімшілік шығындар	7	(3.943.768)	(3.337.676)
Сату бойынша шығындар		(241.238)	(39.020)
Операциялық шығын		(2.821.922)	(1.884.488)
Қаржылық табыс	18	1.838.762	454.840
Қаржылық шығындар	18	(1.830.493)	(564.296)
Бағамдық айырмадан (шығын)/табыс		(320.598)	5.159.939
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың (шығын/пайдасындағы)/пайдасындағы үлес	11	(4.277.106)	8.646.285
Ауыртпалықты міндеттеме бойынша резерв	16	(582.108)	(1.655.760)
Активтердің құнсыздануы бойынша шығын		(57.721)	–
Өзге операциялық емес табыс/(шығындар), нетто	19	15.851.070	(106.453)
Салық салғанға дейінгі пайда		7.799.884	10.050.067
Табыс салығы бойынша шығын	8	(199.235)	(1.457.560)
Есепті жылдағы таза пайда		7.600.649	8.592.507
Есепті жылдағы өзге жиынтық табыс		–	–
Жылдық жиынтық табыс, салықтың шегерілуімен		7.600.649	8.592.507
Келесілерге тиетін жиынтық табыс:			
Түптеркін компания қатысушысы		7.546.556	8.548.234
Бақыланбайтын қатысу үлестері		54.093	44.273
		7.600.649	8.592.507


Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бас бухгалтер

Крылова Т.Н.
Аркабаева М.А.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңге	Еск.	2016 ж.	2015 ж.
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдардың қалдық құны, ауыртпалықты міндеттеме бойынша резервтің ескерілуінсіз		103.453.055	42.449.122
Минус: резервтің пайдаланылуы	16	(46.043.840)	(16.342.922)
Негізгі құралдардың теңгерімдік құны	9	57.409.215	26.106.200
Материалдық емес активтер		158.342	90.685
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар		31.836.495	35.423.090
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	11	33.493.255	65.518.154
Өтеуге жататын ұзақ мерзімді ҚҚС		7.199.553	2.668.050
Дебиторлық берешек		118.078	126.731
Өзге ұзақ мерзімді активтер		737.394	611.698
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары	13	38.145.747	43.162.641
		169.098.079	173.707.249
Ағымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		1.378.406	382.933
Дебиторлық берешек және өзге активтер		1.272.080	1.090.478
Өтеуге жататын қысқа мерзімді ҚҚС		271.066	758.572
Корпоративтік табыс салығы бойынша алғытөлем		108.666	–
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары	13	3.274.508	–
Кредиттік мекемелердегі қаражат	12	2.844.107	4.149.320
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	14	47.648.368	28.144.151
		56.797.201	34.525.454
Жиыны: активтер		225.895.280	208.232.703



Мың теңге	Еск.	2016 ж.	2015 ж.
Капитал мен міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	15	233.515.621	195.428.730
Қосымша төленген капитал		4.164.225	4.164.225
Жиналған шығын		(72.226.046)	(21.302.321)
Түптеркін компанияның қатысушысына тиетін капитал		165.453.800	178.290.634
Бақыланбайтын қатысу үлестері	15	778.989	724.896
Жиыны: капитал		166.232.789	179.015.530
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	17	9.285.607	11.384.559
Кредиторлық берешек		210.935	–
Төленуі тиіс пайыздар	17	425.042	383.630
		9.921.584	11.768.189
Ағымдағы міндеттемелер			
Кредиторлық берешек		6.289.221	3.423.348
Ұзақ мерзімді қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	17	1.882.036	2.877.022
Төленуі тиіс пайыздар	17	629.648	774.252
Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттеме		–	1.391.266
Төленуі тиіс салық		117.660	456.370
Ауыртпалықты міндеттеме бойынша резерв	16	38.046.659	8.083.218
Өзге резервтер	16	2.186.839	–
Өзге ағымдағы міндеттемелер		588.844	443.508
		49.740.907	17.448.984
Жиыны: міндеттемелер		59.662.491	29.217.173
Жиыны: капитал және міндеттемелер		225.895.280	208.232.703

Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бас бухгалтер

Крылова Т.Н.
Аркабаева М.А.



АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңге	Еск.	2016 ж.	2015 ж.
Операциялық қызметтен ақша ағындары			
Салық салғанға дейінгі пайда		7.799.884	10.050.067
Келесілерге түзетулер:			
Тозу мен амортизация		911.946	312.011
Қаржылық табыс		(1.838.762)	(454.840)
Қаржылық шығындар		1.830.493	564.296
Есептелген резервтер		–	9.467
Күдікті қарыздар бойынша резервтер бойынша, берілген және өтімсіз ТМҚ аванстарының құнсыздануы бойынша шығындар	7	104.537	65.445
Ауыртпалықты міндеттеме бойынша резерв	16	582.108	1.655.760
Негізгі құралдардың шығуынан түзілген шығын		1.883	136.506
Іске асырылмаған бағамдық айырма, нетто		39.423	(5.066.575)
«KLPE» ЖШС-ге қатысу үлесін тиімді сатып алудан табыс	4	(15.573.605)	–
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың шығынындағы/ (пайдасындағы) үлес	11	4.277.106	(8.646.285)
		(1.864.987)	(1.374.148)
Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс		(995.473)	(236.608)
Дебиторлық берешек пен өзге активтердегі өзгеріс		(3.730.337)	2.090.330
Қарыздар бойынша кейінге қалдырылған комиссиялардағы өзгеріс		(300.848)	6.514
Өтеуге жататын ҚҚС-тағы және өзге ұзақ мерзімді активтердегі өзгеріс		(913.830)	(1.501.878)
Кредиторлық берешектегі өзгеріс		3.557.125	(1.613.837)
Төленуі тиіс салықтардағы өзгеріс		(139.475)	424.758
Өзге ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		151.181	104.189
		(4.236.644)	(2.100.680)
Төленген табыс салығы		(1.592.451)	(66.244)
Алынған пайыздар		432.242	149.385
Төленген пайыздар		(1.249.845)	(885.108)
Операциялық қызметте ақша қаражаттарының таза пайдаланылуы		(6.646.698)	(2.902.647)
Инвестициялық қызметтен ақша ағындары			
Негізгі құралдарды сатып алу		(9.725.742)	(13.098.784)
Негізгі құралдар үшін берілген аванстар		(4.345.038)	(27.848.980)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(91.466)	(36.563)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардағы инвестицияларды сатып алу	11	(321.340)	–
Негізгі құралдардың шығуынан түсімдер		7.731	5.154
Кредиттік мекемелерде қаражат орналастыру		(10.822.811)	(5.889.237)
Кредиттік мекемелерден қаражатты алу		12.145.208	5.979.000
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражаттары		(5.098.105)	(35.879.642)

«KLPE» ЖШС-те жарғылық капиталының бір бөлігін қайтару	11	12.495.080	–
Үлестес ұйымды сатып алу барысындағы таза ақша қаражаттар	4	977.559	(160)
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардан дивидендтер	11	422	–
Өзге ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		–	(33.000)
Инвестициялық қызметтегі ақша қаражаттарын таза пайдалану		(4.778.502)	(76.802.212)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Жарғылық капиталға жарна	15	33.674.646	82.170.115
Банк қарыздарының келіп түсуі		1.826.782	2.289.873
Банк қарыздарын төлеу		(4.621.461)	(4.092.739)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаттарының таза түсімі		30.879.967	80.367.249
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза ұлғаюы		19.454.767	662.390
Айырбас бағамындағы өзгерістердің ақша қаражаттары мен олардың баламаларына әсері		49.450	526.705
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары, жылдың басында	14	28.144.151	26.955.056
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары, жылдың соңында	14	47.648.368	28.144.151

Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бас бухгалтер

Крылова Т.Н.
Аркабаева М.А.



ЕЛЕУЛІ АҚШАЛАЙ ЕМЕС ОПЕРАЦИЯЛАР – ҚОСЫМША АШУ

Келесі елеулі ақшалай емес операциялар ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен алынып тасталды:

- 2016 жылы Топ капиталдың құрамындағы Акционермен Өзге операциялар ретінде газ турбиналы электр станциясын салуға арналған «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобасы бойынша 58.470.281 мың теңге нетто сомасына (2015 ж.: 5.612.399 мың теңге) ауыртпалықты міндеттеме бойынша резервті мойындады. 2016 жылы осы резервтің есебінен Топ «Karabatan Utility Solutions» ЖШС-нің аяқталмаған күрделі құрылысының теңгерімдік құнын 27.385.957 мың теңге сомасына (2015 ж.: 2.888.251 мың теңге) азайтты. (*Ескертпелер 9, 16*);
- 2016 жылы Топ сондай-ақ «Тараз химиялық паркі» ЕЭА инфрақұрылымын салу жобасы бойынша 486.498 мың теңге нетто сомасына (2015 ж.: 1.655.760 мың теңге) ауыртпалықты міндеттеме бойынша қосымша резервті мойындады және бұл операцияны пайда мен шығынның және өзге жиынтық табыстың шоғырландырылған есебінде көрсетті. Осындай жинақталған резервтің есебінен Топ сондай-ақ «Тараз химиялық паркі» аяқталмаған күрделі құрылысының теңгерімдік құнын 2.314.961 мың теңге сомасына (2015 ж.: 9.053.802 мың теңге) азайтты. (*Ескертпелер 9, 16*);
- 2016 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниясының Жалғыз қатысушысы газ турбиналы электр станциясының жобалау-сметалық құжаттамасы түріндегі мүлікті табыстау жолымен Компанияның жарғылық капиталын 4.412.245 мың теңге сомасына ұлғайтты (*Ескертпе 15*);
- 2016 жылдың ішінде Топ негізгі құралдар сатып алды және 19.672.924 мың теңге сомасына ұзақ мерзімді активтер үшін 2015 жылы төленген аванстарға қарсы есепке жатқызу жолымен берешекті өтеді.

2016 жылы Топ кредиторлық берешекті ҚҚС-тың шегерілуімен 4.708.188 мың теңгеге ұлғайтудың есебінен негізгі құралдар сатып алды.

Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бас бухгалтер

Крылова Т.Н.
Аркабаева М.А.



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңге	Еск.	Түптеркін компанияның қатысушысына тиеді				Бақылан- байтын қатысу үлестері	Жиыны: капитал
		Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Жиналған шығын	Жиыны		
2015 жылғы 1 қаңтарда		113.107.922	4.164.225	(24.238.156)	93.033.991	680.623	93.714.614
Жылдық таза пайда		–	–	8.548.234	8.548.234	44.273	8.592.507
Жиыны: жылдық жиынтық табыс		–	–	8.548.234	8.548.234	44.273	8.592.507
Жарғылық капиталға жарна- лар		82.320.808	–	–	82.320.808	–	82.320.808
Акционермен өзге операция- лар	16	–	–	(5.612.399)	(5.612.399)	–	(5.612.399)
2015 жылғы 31 желтоқ- санда		195.428.730	4.164.225	(21.302.321)	178.290.634	724.896	179.015.530
Жылдық таза пайда		–	–	7.546.556	7.546.556	54.093	7.600.649
Жиыны: жылдық жиынтық табыс		–	–	7.546.556	7.546.556	54.093	7.600.649
Жарғылық капиталға жарна- лар	15	38.086.891	–	–	38.086.891	–	38.086.891
Акционермен өзге операция- лар	16	–	–	(58.470.281)	(58.470.281)	–	(58.470.281)
2016 жылғы 31 желтоқ- санда		233.515.621	4.164.225	(72.226.046)	165.453.800	778.989	166.232.789

Басқарма Төрағасының Экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
Бас бухгалтер

Крылова Т.Н.
Аркабаева М.А.

5.3.ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІҢ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

1. КОРПОРАТИВТІК АҚПАРАТ

БХК «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (одан кейін – «Самұрық-Қазына») директорлар кеңесінің 2008 жылдың 28 қарашасындағы шешіміне сәйкес құрылып, 2009 жылдың 22 қаңтарында тіркелген жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып табылады. Компания кеңсесі келесі мекен-жай бойынша орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Дінмұхамед Қонаев көш. 8 үй.

«Самұрық-Қазына» Компанияның Жалғыз қатысушысы болып табылады. «Самұрық-Қазынаның» жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Басқаларын қоспағандағы Топ қызметінің негізгі бағыттарына төмендегілер жатады:

- Химия саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға қажетті зерттеулерді, сараптамаларды және басқа да жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу;
- Химия саласындағы инвестициялық жобаларды ұйымдастыруға қажетті жер қойнауын пайдалану аясындағы жобаларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- Химиялық салада мұндай заңды тұлғаларда қатысу үлесін кейіннен иелігінен шығару мүмкіндігімен инвестициялық жобаларды іске асыру үшін жаңа заңды тұлғаларды құру және (немесе) бар заңды тұлғаларда қатысудың үлесін сатып алу.

Қосылатын шоғырландырылған қаржылық есептілікке «Бірлескен химиялық компания» (одан кейін «Компания» немесе «БХК») және оның еншілес ұйымдарының (бірге «Топ» деп аталады) (2 Қосымша) қаржылық есептілігі кіреді.

Топтың қосылатын шоғырландырылған қаржылық есептілігінің шығуын 2017 жылдың 10 ақпанында Экономика мен қаржы бойынша Басқарма Төрағасының орынбасары мен бас бухгалтері бекітті. Компанияның жалғыз қатысушысының осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке оны шығарғаннан кейін өзгерістер енгізуіне құқығы бар.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ АЙТАРЛЫҚТАЙ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАРМЕН БАҒАЛАУЛАР

СӘЙКЕСТІГІ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарты бойынша кеңесінің (одан кейін «ХҚЕС бойынша кеңес») басып шығарған редакциясындағы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына

(одан кейін «ХҚЕС») сәйкес дайындалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік осы есеп саясатты және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көр-

сетілгендерін қоспағанда, бастапқы бағасының негізінде жасалған.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен берілген және барлық мәндері басқасы көрсетілген жағдайларды ескермегенде мыңға дейін жуықталған.

ҮЗДІКСІЗ ҚЫЗМЕТ ҚАҒИДАСЫ

2016 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл ішінде, Топ 2.821.922 мың теңге (2015 ж.: 1.884.488 мың теңге), мөлшерінде операциялық шығынға ұшырады, ал операциялық қызметті қолданылған таза ақшалай ағындар 6.646.698 мың теңгені (2015 ж.: 2.902.647 мың теңге) құрады. Топ басшылығы

«Самұрық-Қазынамен» Топқа қажет болған жағдайда қосымша капиталды, сонымен қатар, үздіксіз негізде айналым қаражаттарын беру туралы келісімге келді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік Топтың үздіксіз қызмет ететін кәсіпорын ретінде өзінің

қызметін жалғастыруы негізінде дайындалды. Осы дайындау негізі «Самұрық-Қазынаның» Топқа өзінің активтерін іске асырып, оның қарапайым қызметінің негізіндегі міндеттемелерін орындауға мүмкіндік беретін қаржылай көмек көрсету мүмкіндігінің және ниетінің бар екендігін білдіреді.

ШЕТ ЕЛДІК ВАЛЮТАНЫ ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Қаржылық есептілік Топтың қызметтік валютасы болып табылатын теңгемен берілген. Шет елдік валюталардағы операциялар алдымен операция болатын күні қызмет ететін қызметтік валютада есептеледі. Шет елдік валюталардағы ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қызмет ететін айналым бағамы бойынша қызметтік валютаға қайта есептеледі. Барлық айыр-

машылықтары пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте және жалпы табыста көрінеді. Тарихи баға бойынша бағаланатын баптарда ескерілетін ақшалай емес активтер мен міндеттемелер бастапқы операция күні қызмет ететін айналым курсы бойынша қайта есептеледі.

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы Қазақстандық қор биржасының (одан кейін «ҚҚБ») айналымдық бағамы 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңгені құрады. Бұл бағам 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы АҚШ долларымен алынған Топтың ақшалай активтері мен міндеттемелерін қайта есептеу үшін қолданылды (2015 ж. 31 желтоқсаны: 1 АҚШ доллары үшін 339,47 теңге).

ШОҒЫРЛАНУ НЕГІЗІ

Шоғырланған қаржылық есептілікке Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық есептілік кіреді. Еншілес ұйымдар Топтың еншілес ұйымдарды қол астына алу күнін білдіретін иелену күнінен бастап толықтай шоғырландырылады және мұндай бақылауды жоғалтқан күнге дейін шоғырландырыла береді. Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі Топтың есеп саясатының біртіндеп қолданылу негізіндегі бас компанияның есептілігі секілді есепті мерзімде дайындалған. Барлық топ ішіндегі қалдықтар, операциялар, Топ ішіндегі операцияларды іске асыру нәтижесінде туындайтын іске асырылмаған табыстар мен шығындар және дивиденттер толығымен ескерілмеді.

Еншілес ұйымдардың шығындары бұл осындай үлесінің кері сальдосына әкелген жағдайдың өзінде де қатысуының бақыланбайтын үлесіне жатады.

Еншілес ұйымдарда қатысу үлесін оны қол астынан шығармай өзгерту капиталдағы операциялар болып саналады.

Егер Топ еншілес ұйымды бақылауынан шығарып алса, ол:

- Еншілес ұйымдардың активтері мен міндеттемелерін (оның ішінде оған жататын гудвилді) мақұлдауын тоқтатады;
- Бақыланбайтын қатысу үлесінің теңгерімдік құнын мақұлдауын тоқтатады;
- Капиталда көрінген жиналған бағамдық айырмашылықтарын мақұлдауын тоқтатады;

- Алған сыйлықақысының әділ құнын мақұлдайды;
- Қалған инвестицияның әділ құнын мақұлдайды;
- Операцияның нәтижесінде қалыптасқан пайданың немесе шығынның құрамындағы артылған немесе жетіспейтін қаражаттарды мақұлдайды;
- Басқа жалпы табыс құрамында мақұлдалған құрамдастарындағы бас компанияның үлесін ХҚЕС нақты талаптарына сәйкес пайда немесе шығын немесе бөлінбеген пайда құрамына қайта топтайды.

2016 жылдың 31 желтоқсанында және 2015 жылы келесі компаниялар Топтың еншілес ұйымдары болды және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылды:

Компания	Қызмет типі	Аймақ	2016 ж. 31 желтоқсаны, %	2015 ж. 31 желтоқсаны, %
«ХИМ-плюс» ЖШС	Үшхлорлы фосфордың, күйдіргіш соданың, хлордың және глифосаттың өндірісі	Жамбыл облысы	99,65	99,34
«Полимер Продакшн» ЖШС	Полимерлі өнімдердің өндірісі	Атырау облысы	99,78	99,68
«БК ҚҚЗ Қазатомөнеркәсіп» ЖШС	Күкіртті қайта өңдеу және күкірт және аккумулятор қышқылын шығару	Ақмола облысы	90,11	90,11
«Тараз Химиялық паркі» АЭА БК» АҚ	Инфрақұрылым объектілерін салуға инвестициялар тарту	Жамбыл облысы	100	100
«Самұрық құзырет орталығы» ЖШС	Мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыру	Астана	–	99,68
«Бутадиен» ЖШС	Бутадиен өндірісі	Атырау облысы	100	100
«Karabatan Utility Solutions» ЖШС	Газ турбина станциясының құрылысы	Атырау облысы	100	100
«PVH Development» ЖШС	Мұнай химия өнімінің өндірісі	Алматы	100	100
«KLPE» ЖШС	Атырау облысындағы бірінші біріккен газ химия көшенінің құрылысы – Екінші фаза (полиэтилен)	Астана Атырау облысы	100	–

2016 жылы Топ «ХИМ-плюс» жарғы капиталына 2.600.000 мың теңге (2015 ж.: 0 теңге) мөлшерінде ақша қаражаттары түріндегі жарнасын енгізді, осыған байланысты өзінің «ХИМ-плюс» қатысу үлесін 0,31%-ға арттырды.

2016 жылы Топ «Полимер Продакшн» жарғы капиталына 4.000.000 мың

теңге (2015 ж.: 1.406.703 мың теңге) сомасында ақша қаражаттары түріндегі жарнасын енгізді, соған байланысты ол өзінің «Полимер Продакшндағы» қатысу үлесін 0,1%-ға арттырды.

2016 жылы Топ «KLPE» (одан кейін – KLPE) ЖШС-де LG Chem-ге қатысу үлесінің 50%-н сатып алды, нәти-

жесінде, өзінің KLPE-гі қатысу үлесін 100%-ға дейін арттырып, осы компанияны бақылауына алды.

2016 жылы Топ «Самұрық Құзыреттік орталығы» ЖШС-н таратып жіберді.

АЙТАРЛЫҚТАЙ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

ХҚЕС-ге сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтан шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау күні көрінген активтер мен міндеттемелерінің сомасына және есепті мерзім ішіндегі табыстар мен шығындарының көрінген сомала-

рына әсер ететін бағалаулар мен жорамалдарын қажет етеді. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан ерекшеленуі мүмкін.

Келесі қаржы жылының ішіндегі активтер мен міндеттемелерінің теңгерімдік құнының айтарлықтай тү-

зетулерін қалыптастыруға тәуекелді болатын есепті мерзімдегі пайымдаулардың белгісіздігінің келешек және басқа да негізгі қайнар көздеріне қатысты болатын негізгі жорамалдары осыдан кейін жазылған.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық мүмкін болатындары ретінде Топтың келіспейтін немесе егер салық органдары қосымша салық салса, ол сәтті шағымдана алады деп ойламайтын салық заңна-

масының сақталмау салаларын қарастырады. Мұндай түсінік айтарлықтай пайымдаулардың шығаруын қажет етеді және салықтық заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгертулер, өз шешімін

күтуші салықтық қараудың күтілетін нәтижелерін және салықтық органдардың сәйкестікке тексеру үшін жасайтын тексерістерінің нәтижесін анықтау нәтижесінде өзгере алады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер қолданылмаған салық шығындары, жинақталған міндеттемелер мен салықтар бойынша қарсы шегерілетін уақытша айырмашылықтары бар салық салынатын

пайдасының болуының айтарлықтай ықтималдылығы орын алатын дәрежеде мақұлданады. Басшылықтың айтарлықтай пайымдаулары жоспарланатын табыс деңгейі мен мезгілінің, сонымен қатар, салықтық

жоспарлау стратегиясын сәтті пайдалану негізінде мақұлданатын мерзімі асқан салық активтерін бағалау үшін қажет болады. Толығырақ ақпарат 8 ескертпеде жазылған.

Қаржылай емес активтердің құнсыздануы

Ақшалай ағындарды қалыптастыратын активтің немесе бөлімшенің теңгерімді бағасы сатуға кететін шығындарды алғандағы әділ баға мен пайдалану құндылығы деген шамалардың ең үлкені болатын

оның өтелетін бағасынан асатын жағдайда құнсыздану байқалады.

Сатуға кететін шығындарды қоспағандағы әділ бағаның есептелуі ұқсас активтерді сатудың коммерциялық келісімдері бойынша міндетті

күші бар ақпаратқа немесе активтің шығуына байланысты жіберілген қосымша шығындарын ескермегендегі бақыланатын нарықтық бағаларына негізделген. Қолданылу құндылығының есептелуі дисконтталған ақшалай ағындар моделіне негізделген.

Негізгі қаражаттардың пайдалы қызмет мерзімі

Топ жоқ дегенде, әрбір қаржы жылының соңындағы негізгі қаражаттардың пайдалы қызметінің қалған мерзімін бағалайды және

егер күткені бастапқы бағалаулардан ерекшеленсе, өзгерістер 8 «Есеп саясаты, есептік бағалаулардағы өзгерістер мен қателер» ХБЕС сәйкес

есептік бағалаулардағы өзгерістер болып келешекте ескеріледі.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есепте мақұлданған қаржы құралдары мен қаржы міндеттемелерінің әділ бағасы белсенді нарық деректерінің негізінде анықталмаған жағдайда, ол дисконтталған ақшалай ағындар моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін

пайдалана отырып анықталады. Осы модельдер үшін ағымды деректер ретінде мүмкіндігінше қадағаланатын нарықтардағы ақпарат қолданылады, алайда, бұл практикалық тараптан мүмкін болмаған жағдайда әділ бағасын белгілеу үшін белгілі пайымдау үлесі қажет болады. Пай-

ымдауларға тарату тәуекелі, несие тәуекелі және құбылмалылық секілді ағымды деректерінің есептелуі жатады. Осы факторларға қатысты жорамалдардағы өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрінген қаржы құралдарының әділ құнына әсер етуі мүмкін.

Ауыртпалықты міндеттемелер бойынша сақтық қор**«ТАРАЗ ХИМИЯЛЫҚ ПАРКІ» АЭА БК» АҚ**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 13 қарашасындағы №426 ж сәйкес «Тараз химиялық паркі» (одан кейін «Тараз химиялық паркі АЭА») құрылды. Осы жобаны іске асыруымен Топтың толық бақыланатын еншілес ұйымы болып табылатын, арнайы құрылған «Тараз Химиялық паркі» АЭА БК» АҚ (одан кейін «Тараз химиялық паркі АЭА») компаниясы айналысады. Осы жоба Ұлттық қор қаражаттарының есебінен іске асырылады, ақша қаражаттары жарна түрінде «Самұрық-Қазына» Тобының жарғы капиталына түседі.

2014 жылдың 31 желтоқсанында жобаның қолданылатын қаржы-экономикалық моделіне сәйкес жалпы инвестициялар сомасы «Самұрық-Қазына» Басқар-

масының 2014 жылғы 24 қазанындағы шешімімен бекітілген 13,62% мөлшеріндегі капиталына салынған мөлшерлемесін пайдалану кезіндегі жобаның таза келтірілген құнынан атып түсті. Сәйкесінше, жобаға салынған инвестиция сомасының оның таза келтірілген құнынан асуын Топ 2014 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 17.157.980 мың теңге сомасындағы ауыртпалықты міндеттеме деп мақұлдады. Алғашқы мақұлдау күніндегі 16.881.185 мың теңгені құраған ауыртпалықты міндеттемелердің әділ (дисконтталған) құны шоғырландырылған қаржылық есептілікте Акционермен жасалған басқа да операциялар болып көрсетілді. 2016 жылдың ішінде жоба көрсеткіштерінің нашарлауымен Топ ауыртпалықты міндетте-

ме бойынша таза сақтық қор сомасын 486.498 мың теңгеге (2015 ж.: 1.655.760 мың теңге) арттырып, осы операцияны пайда мен шығындар және басқа жиынтық табыстар туралы шоғырландырылған есепте көрсетті. 2016 жылдың 31 желтоқсанында Топ 2.314.961 мың теңге (2015 ж.: 9.053.802 мың теңге) сомасындағы осы сақтық қордың бір бөлігін пайдаланды, мұнда осы баға 2016 жылғы осы жоба бойынша нақты күрделі шығындар болып табылады. Осылайша, 2016 жылдың 31 желтоқсанында осы ауыртпалықты міндеттемелер бойынша сақтық қордың қалдығы 3.892.581 мың теңгені (2015 ж.: 5.359.070 мың теңге) құрады (9, 16 Ескертпелер).

«KARABATAN UTILITY SOLUTIONS» ЖШС

2014 жылдың 29 тамызындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару Кеңесі отырысының Хаттамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен «Ұлттық индустриалды мұнай химия технопаркі» Арнайы экономикалық аймағының аумағында инфрақұрылым объектілерінің құрылысына қаражаттарды бөлу туралы шешім қабылданды. Осы АЭА-ң дамуының бір бөлігі ретінде «Газ турбиналық электр станциясы» жобасын іске асырумен арнайы құрылған «Karabatan Utility Solutions» ЖШС (далее «КУС») компаниясы айналысады. Жобаны іске асыруға арналған ақша қаражаттары «Самұрық-Қазына» Тобының жарғы капиталына жарна түрінде түседі. 2015 жылдың 31 желтоқсанында жобаның қолданылатын қаржы-экономикалық моделіне сәйкес жалпы инвестициялар сомасы

«Самұрық-Қазынаның» 2015 жылдың 19 мамырындағы №13/15 Инвестициялық-инновациялық комитетінің шешімімен бекітілген 12,02% мөлшерінде салынған капиталының орташа табыстылық мөлшерлемесін пайдалану кезіндегі жобаның таза келтірілген құнынан асып түсті. Сәйкесінше, жобаға салынған инвестициялар сомасының оның таза келтірілген құнынан асуын Топ 2015 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 5.958.004 мың теңге сомасындағы ауыртпалықты міндеттеме ретінде мақұлдады. Алғашқы мақұлдау күнінде 5.612.399 мың теңгені құраған ауыртпалықты міндеттеменің әділ (дисконтталған) бағасы 5.612.399 мың теңгені құрап, шоғырландырылған қаржылық есептілікте Акционермен жасалған басқа да операциялар ретінде көрсетілді. 2016 жылдың ішінде жоба көрсет-

кіштерінің нашарлауына байланысты Топ ауыртпалықты міндеттеме бойынша таза сақтық қорының сомасын 58.470.281 мың теңгеге (2015 ж.: 5.612.399 мың теңге) арттырып, осы операцияны шоғырландырылған қаржылық есептілікте Акционермен жасалған басқа операциялар ретінде көрсетті. 2016 жылдың 31 желтоқсанында Топ 27.385.957 мың теңге (2015 ж.: 2.888.251 мың теңге) сомасындағы осы таза сақтық қорының бір бөлігін пайдаланды, мұндағы сома 2016 жылғы осы жоба бойынша нақты күрделі шығындар болып табылады. Осылайша, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы осы ауыртпалықты міндеттеме бойынша сақтық қордың қалдығы 34.154.078 мың теңгені (2015 ж.: 2.724.148 мың теңге) құрады (9, 16 ескертпелер).

KLPE-ге қатысу үлесін сатып алудың опцион келісімшарты

2016 жылдың 27 желтоқсанында Компания LG Chem компаниясынан 2016 жылдың 18 наурызындағы келісімшартына сәйкес 1 АҚШ долларына (0,332 мың теңгеге келеді) оған дейінгі болған «KLPE» ЖШС қатысудың 50-пайыздық үлесіне қосымша тағы 50-пайыздық үлесін сатып алды. Осы келісімінің нәтижесін-

де, Компания өзінің KLPE-ге қатысу үлесін 100%-ға дейін арттырды.

Опцион келісімшартының 4.5.2 бөлімінің 4 бабына сәйкес, таласты ТШО-мен реттегеннен кейін қалған ақша қаражаттарының жартысы (салықты және басқа да міндетті төлемақылар мен ұсталымдарды алып тастағаннан кейін) LG Chem-ға

ауыстырылуы тиіс. 2016 жылдың 31 желтоқсанында есептелген міндеттемелердің құрамында LG Chem-ғы күтілген төлемақы бойынша 1.067.432 мың теңге сомасындағы сақтық қор көрсетілді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ ЕЛЕУЛІ АСПЕКТТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

БИЗНЕС ПЕН ГУДВИЛЛДІ БІРІКТІРУ

Бизнестің бірігуі иелену әдістерін қолдана отырып ескеріледі. Сатып алу бағасы сатып алу күніндегі әділ құны бойынша бағаланған, табыс-талған өтемақының және алынатын объектке қатысуының бақыланбайтын үлестерінің сомасы ретінде бағаланады. Иеленуге байланысты шығындар жұмсалған сәтте әкімшілік шығындарының құрамына қосылады.

Егер Топ бизнес сатып алса және ол келісімшарт шарттарына, экономикалық жағдайларға және сатып алу күніндегі сәйкесінше шарттарға байланысты алған иеленген қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерін топтап, белгілейді. Мұнда объектінің негізгі туынды құралдардың негізгі келісімшарттарына кіргізілген бөлу қажеттілігіне жасалған талдауы жатады.

Сатып алушыға тапсырылатын шартты өтемақы иелену күніндегі әділ құны бойынша мақұлданады. Қаржы құралы болып табылатын және «Қаржы құралдары: мойындау және бағалау» ХҚЕС (IAS) 39 міндеттеме немесе актив ретінде топталатын шартты өтемдеу әділ баға бойынша бағаланып, әділ бағаның өзгерістері пайда мен шығын туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады.

Гудвилл бастапқыда (бақыланбайтын қатысу үлесімен мойындалған және бұрындары сатып алушыға тиесілі болған тапсырылған өтемдеу сомасының Топтың сатып алған сәйкестендірілетін таза активтері мен оның қабылдаған міндеттемелерінің сомасы ретінде анықталатын) алғашқы бағасы бойынша бағаланады. Егер сатып алған таза активтерінің әділ құны тапсырылған өтемдеу сомасынан асса, Топ бар-

лық сатып алынған активтерін және барлық қабылдаған міндеттемелерін, сонымен қатар, сатып алу күнінде мойындалуға тиісті сомаларды бағалау кезінде қолданылған процедураларды анықтау дұрыстығын қайта талдайды. Егер қайта талдаудан кейін тапсырылған өтемақы таза иеленген активтердің әділ бағасынан аз болып жатса, пайдалы сатып алудан түсетін табысы пайда мен шығынның құрамында мақұлданады.

Нәтижесінде гудвилл құнсызданудан жиналған шығындарды алып тастаған кездегі алғашқы бағасы бойынша бағаланады. Компанияның еншілес ұйымды сатып алу күнінен бастағандағы бизнесті біріктіру кезінде алған гудвиллді құнсыздануына тестілеу мақсаттарында гудвилл бірліктердің әрбіреуіне бөлінеді.

ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА САЛЫНАТЫН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдастырылған компания – бұл қызметіне Топ айтарлықтай әсер ете алатын компания. Айтарлықтай әсер ету – бұл инвестиция объектісінің қаржы және операциялық саясаты бойынша шешім қабылдауға қатысу уәкілеттігі, бірақ осы саясатты бақылау немесе бірлесіп бақылау емес.

Бірлескен кәсіпорын – қызметті бірлесіп бақылайтын тараптардың таза қызмет активтеріне құқықтарының болуын жорамалдайтын бірлескен кәсіпкерлік.

Бірлескен бақылау – бұл маңызды қызметке қатысты шешім қабылдау бақылауды өзара бөлісетін тараптардың біржақты келісімін қажет ететін, келісімшартпен қарастырылған қызметті бірлесіп бақылау.

Айтарлықтай әсерінің немесе бірлескен бақылауының болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес ұйымдардың бақылануын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың оның қауымдастырылған компаниялары мен бірлескен кәсіпорындарына жасаған инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған инвестициялар бастапқыда алғашқы құны бойынша мақұлданады. Нәтижесінде, инвестициялардың теңгерімдік құны Топтың қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорының таза активтерінде сатып алған күнінен кейін туындайтын үлесіндегі өзгерістерін мойындау салдарында түзетіледі. Қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жататын гудвилл инвестициялардың теңгерімдік бағасына қосылады және құнсыздануға жеке өзі тесттен өткізілмейді.

Пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есеп Топты қауымдастырылған ұйым немесе бірлескен кәсіпорын қызметінің нәтижелеріндегі үлесін көрсетеді. Мұндай инвестиция объектілерінің ЖСҚ өзгеруі қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның меншікті капиталында байқалады және сәйкесінше, Топ мұндай өзгерістері өз үлесін мойындап, осы деректі қолданылатын кезде жекеменшік капиталында өзгерістер туралы есептілігінде ашып көрсетеді. Топтың қауымдастырылған ұйыммен немесе бірлескен кәсіпорынмен жасаған

операциялары бойынша туындайтын іске асырылмаған пайдалары мен шығындары Топтың қауымдастырылған ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында қатысу үлесінің болу дәрежесінде алынып тасталған.

Топтың қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасы мен шығынындағы үлесі операциялық пайда шеңберінен тыс пайда немесе шығын туралы есептілігінде тікелей жазылған. Ол салық салғаннан кейінгі және қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның еншілес ұйымдарындағы қатысуының бақыланбайтын үлестерінің есепке алынуынан кейінгі пайдасын немесе шығынын білдіреді.

Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі секілді есепті мерзімде жасалады. Қажет болған жағдайда оның ішіне Топтың есеп саясатына сәйкес есеп саясатын келтіру мақсатымен түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін пайдаланғаннан кейін Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпо-

рынға өз инвестициялары бойынша құнсыздануынан қосымша шығынды мойындау қажеттілігін анықтайды. Әрбір есепті күні Топ қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жасалған инвестициялардың құнсыздануын айқын растап отырады. Мұндай растау болған жағдайда Топ құнсыздану сомасын қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға жасалған инвестициялардың өтелетін сомасы мен оның теңгерімдік бағасының

айырмасы ретінде есептеп, шығынды «Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасындағы/(шығынындағы) үлесі» бабы бойынша пайда немесе шығын туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады.

Қауымдастырылған ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның айтарлықтай әсерінен айырылған жағдайда, Топ бірлескен кәсіпорын бойынша қалған инвестицияларды әділ баға-

сы бойынша бағалап, мақұлдайды. Шығып қалуына байланысты қалған инвестицияларға және түсімдерге қатысты айтарлықтай әсерінен немесе бірлескен бақылауынан және әділ бағасынан айырылу сәтіндегі қауымдастырылған ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы инвестициялардың теңгерімдік бағасының арасындағы айырмашылық пайданың немесе шығынның құрамында мақұлданады.

АКТИВТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ТОПТАУ: АҒЫМДАҒЫ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ

Топ қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте оның ағымдағы және ұзақ мерзімдіге топталуы негізіндегі активтері мен міндеттемелерін көрсетеді. Актив төмендегі жағдайлар орындалса ағымдағы болып саналады:

- Егер ол іске асырылады деп күтілуі немесе оның қарапайым операциялық цикл шеңберінде сатылуға немесе тұтынуға арналуы;
- Оның негізінен сату мақсатында ұсталуы;
- Оның есепті мерзім аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың шамасында іске асырылуының жоспарлануы;

немесе

- Оның есепті мерзім аяқталғаннан кейін кемінде 12 (он екі) ай ішінде болатын міндеттемелерін жабуға қажетті ауыстыруына немесе пайдалануына қажетті шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақша қаражаттары немесе ақша қаражаттары баламасының болуы.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

Міндеттемелер төмендегі жағдайлар орындалса ағымдағы болып саналады:

- Оны қарапайым операциялық цикл шеңберінде реттеуінің жорамалдануы;

- Ол тек сату мақсаттары үшін ғана ұсталуы;
- Ол есепті мерзім аяқталғаннан кейін 12 (он екі) ай шамасында реттелуі қажеттілігі;
- Ұйымның есепті мерзім аяқталғаннан кейін жоқ дегенде 12 (он екі) ай уақытқа міндеттемелерінің реттелу мерзімін ұзарту құқығының болмауы.

Топ барлық басқа міндеттемелерін ұзақ мерзімді міндеттемелер ретінде топтайды.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде топталады.

НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТТАР

Негізгі қаражаттар жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды қоспағандағы бастапқы бағасы бойынша есептеледі. Негізгі қаражаттардың бастапқы құнына сатып алу бағасы, оның ішінде, импорттық баждар

және тікелей қатысты өтелмейтін салықтар, сонымен қатар, активтерді жұмыс қалпына келтірумен және жорамалды пайдалану орнына жеткізумен байланысты кез-келген тікелей шығындар жатады.

Тозу негізгі қаражаттардың пайдалы қызмет мерзіміне байланысты желілік әдіспен есептеледі. Кейбір активтердің пайдалы қызметінің есепті мерзімі келесідей ұсынылған:

	жж.
Ғимараттар мен құрылыстар	22-83
Қондырғы	5-25
Көлік	7-9
Басқалары	5-10

Активтердің сатылуы немесе шығуы кезіндегі олардың теңгерімдік бағасы мен жинақталған тозуы қаржылық есептіліктен шығарылып, ал оның шығуы нәтижесінде туындайтын кез-келген пайда немесе шығын пайда мен шығындар және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

Негізгі құралдарды қолданысқа енгізгеннен кейін болған жөндеу және қызмет көрсету секілді шығындар әдетте, осы шығындардың өзі туындаған мерзімдегі шығындарға жатады. Оның бастапқы бағаланған көрсеткіштерінен (пайдалы қызмет

мерзімінің, қуатының және т.б. артуы) жоғары негізгі құралдарды пайдаланудан болатын күтілетін келешек экономикалық пайданы артыруға алып келетін шығындар негізгі қаражаттардың қосымша құны ретінде капиталданады.

Негізгі құралдың тарату құны, пайдалы қызмет мерзімі және тозуының есептелу әдісі әрбір қаржы жылының соңында қайта қаралып, келешекте ондай қажеттілік болған кезде дұрысталады.

МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР

Жеке-жеке сатып алынған бастапқы материалдық емес активтер өзіндік құны бойынша мойындалады. Бастапқы мойындағаннан

кейін материалдық емес активтер жинақталған амортизациясын және құнсызданудан жинақталған шығынын алып тастаған кездегі өзіндік

құны бойынша ескеріледі. Материалдық емес активтер бойынша амортизация 7-10 жылдың ішінде желілік әдіс негізінде есептеледі.

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

Бастапқы мақұлдануы және бағалануы

БЕХС 39 қызмет саласында болатын қаржы активтері сәйкесінше, пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; қарыздар мен дебиторлық берешек; жапқанға дейін ұсталынатын инвестициялар; сату үшін арналған бар қаржы активтері; тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде белгіленген туынды құралдар болып топталады. Топ бастапқы мақұлдануы кезіндегі өзінің қаржы активтерін топтайды.

Қаржы активтері бастапқыда инвестиция жағдайында артқан, пайдасы немесе шығыны арқылы солармен тікелей байланысты келісім бойынша шығындарға қайта бағаланбайтын әділ құны бойынша мойындалады.

Белгілі нарықта («стандартты жағдайлардағы» сауда) қабылданған заңнамамен немесе ережелермен белгіленетін, активтердің мерзімінде жеткізілуін қажет ететін қаржы ак-

тивтерін сату немесе сатып алу бойынша барлық келісімдер келісімге тұру күнінде, яғни, Топ өзіне активті сатып алу немесе сату міндеттемесін қабылдаған күні мақұлданады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаттары мен олардың баламалары, пайдалануы шектелген ақша қаражаттары, несие мекемелеріндегі қаражаттар, сонымен қатар, дебиторлық берешек жатады.

Кейінгі бағалау

Қаржы активтерінің кейінгі бағалануы оның топталуына байланысты болады.

«Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері» санатына саудаға арналған қаржы активтері және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын санатқа бастапқы мақұлдау кезінде жатқызылған қаржы активтері кіреді.

Қаржы активтері олар жақын болашақта сату мақсатымен сатып алынған болса, саудаға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа ішінде Топ БЕХС 39-да белгіленгендей хеджирлеу операцияларындағы хеджирлеу құралдары ретінде анықталмаған келісімшарт бойынша бір тарапты болатын туынды құралдар кіреді. Жеке орнатылған туынды құралдарды қоса алғандағы туынды құралдар да олардың тиімді хеджирлеу құралы ретінде анықталатын жағдайларын ескермегендегі сауда үшін арналған болып жіктеледі. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері әділ құн бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ескеріледі, ал әділ құн өзгерістері пайда мен шығын және басқа да жиынтық табыс туралы қаржы табыстарының немесе қаржы шығындарының құрамында мақұлданады.

Топтың оны пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатындар ретінде алғашқы рет мақұлдану кезінде белгіленген қаржы активтері жоқ.

Негізгі келісімшарттарға орнатылған туынды құралдар жеке туынды құралдар ретінде ескеріліп, оған тиесілі экономикалық сипаттамалары мен тәуекелдерінегізгі келісімшарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болмаса, және осы негізгі келісімшарттар саудаға арналмаған болса және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын болып жіктелмесе әділ құны бойынша белгіленеді. Мұндай белгіленген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланып, ал олардың әділ құнының өзгерістері пайда мен шығын және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады. Есептеу тәртібі тек олай болмаған жағдайда қажет болатын ақшалай ағындардың айтарлықтай өзгеруіне алып келетін келісімшарт жағдайларының өзгеруі жағдайында ғана қайта қаралады.

Қарыздар мен дебиторлық берешектер белсенді нарықта бағаланбайтын белгіленген немесе анықталатын төлемақылары бар түбірлі қаржы активтері болып табылады. Алғашқы рет мақұлданғаннан кейін мұндай қаржы активтері құнсызданудан болатын шығындарын алып тастаған кездегі тиімді пайыздық

мөлшерлемені пайдалана отырып анықталатын амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизациялық құны сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сонымен қатар, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық төлемдерді немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация пайда мен шығындар және басқа да Жиынтық табыстар туралы шоғырландырылған есептегі қаржы табыстарының құрамына қосылады.

Құнсыздануға байланысты туындаған шығындар пайда мен шығын және жалпы және әкімшілік шығындардың құрамындағы басқа да табыстар туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады. Белгіленген немесе анықталатын төлемақылары бар және жабу мерзімі белгіленген түбірлі қаржы активтері, Топ оларды жабу мерзіміне дейін ұстауға қатты бекінген кезде, жабуға дейін ұсталынатын инвестициялар ретінде жіктеледі. Бастапқы бағалаудан кейін жабуға дейін ұсталынатын инвестициялар құнсызданудан болатын шығындарын алып тастаған кездегі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып анықталатын амортизациялық баға бойынша бағаланады. Амортизациялық құны сатып алу кезіндегі дисконттарын немесе сыйлықақыларын, сонымен қатар, комиссияндық төлемдері мен

тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің амортизациясы пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептің қаржы табыстарының құрамына қосылады. Құнсыздануға байланысты шығындар пайда мен шығындар және қаржы шығындарының құрамындағы басқа да жиынтық табыстар туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады. Топтың 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл шамасындағы жабуға дейін ұсталынатын инвестициялары болмады.

Сатуға арналған бар қаржы инвестицияларына үлестік және қарыздық бағалы қағаздар кіреді. Сатуға арналған ретінде топталған үлестік инвестициялар ол пайда немесе шығын ақылы әділ құны бойынша бағаланбайтын, саудаға арналмаған болып топталмаған инвестицияларды айтады. Осы санаттағы қарыздық бағалы қағаздар – бұл

Топтың белгілі уақыт шамасында ұстауға бекінетін және өтімділікті қамтамасыз ету мақсатында немесе нарықтық жағдайлардың өзгеруіне жауап ретінде сатыла алатын бағалы қағаздар.

Алғашқы бағалаудан кейін сатуға арналған қаржы инвестициялары әділ құны бойынша бағаланып, ал солар бойынша іске асырылмаған пайда немесе шығын ішіндегі жинақталған пайда немесе шығындары сатуға арналған құралдарды қайта бағалаудың сақтық қорынан пайда немесе шығын құрамына қайта топталып, операциялық шығын ретінде белгіленетін немесе құнсызданатын инвестициялардың мақұлданыуы тоқтаған сәтке дейін сатуға арналған құралдарды қайта бағалаудың сақтық қорының құрамындағы басқа да жинақтық табыс немесе шығын ретінде мақұлданады, бұл жағдайда Жиынтық пайда және шығын және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданып, құралдарды қайта бағалаудың сақтық қорынан сатуға арналған түріне қайта топталады.

Топ сатуға арналған қаржы активтерін оларды келешекте сату мүмкіндіктері мен ниетінің болуының әділдігіне тексереді.

Егер Топтың оған қажетті белсенді нарықтардың болмауына байланысты осы активтерді сату қолынан келмесе және басшылықтың оларды сатуға қатысты ойлары келешекте өзгеріп жатса, Топ сирек жағдайларда мұндай қаржы активтерін қайта топтау туралы шешім қабылдай алады. Қарыздар мен дебиторлық берешектер санатына қайта топтау, қаржы активі қарыздар мен дебиторлық берешектің анықталуын қанағаттандырған жағдайда және осы ретте Топтың осы активті жақын болашақта немесе жапқанға дейін ұстап тұру мүмкіндігі және ниеті болған жағдайда шешіледі. Жабылғанға дейін ұсталынатын құралдардың құрамына қайта топтау, Топтың қаржы активтерін жапқанға дейін ұстап тұру мүмкіндігі және ниеті болса ғана шешіледі. Топ 2016 және 2015 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған сатуға арналған қаржы активтерінің ешқайсысын сатып алмады.

Мақұлдауын тоқтату

Қаржы активі (немесе, қолданылатын жерде қаржы активінің бір бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі) төмендегідей жағдайларда шоғырландырылған есепте мақұлдауын тоқтатады:

- Активтен ақша ағындарын алу құқығының қызмет мерзімінің асуы;
- Топтың өзінің активтен ақша ағындарын алу құқығын тапсыруы немесе үшінші тараптарға алатын ақша ағындарын «транзиттік» келісім бойынша толық көлемде және қатты кідіріссіз төлеу міндеттемесін өз мойнына алуы; немесе (а) активтен

келетін барлық тәуекелдер мен пайданы тапсырды, немесе (б) активтен келетін тәуекелдер мен барлық пайданы мүлде өзінде сақтамайды, және осы активтің бақылауын ешкімге тапсырмады.

Егер Топ өзінің активтен ақшалай ағындарды алу құқығының барлығын тапсырса немесе транзиттік келісім жасап, осы ретте, бұл құқықты тапсырмаса және солай бола тұра, активтен келетін барлық тәуекелдер мен пайдаларды сақтап қалмаса, сонымен қатар, оны бақылауды басқа біреуге тапсырмаған болса, жаңа актив Топтың тапсы-

рылған активге қатысуын жалғастыратын дәрежеде мақұлданады.

Бұл жағдайда Топ та тиісті міндеттемені мақұлдайды. Тапсырылған актив пен тиісті міндеттеме Топтың сақтаған құқықтары мен міндеттемелерді айқындайтын негізде бағаланады.

Тапсырылған актив бойынша кепілдеме нысанын қабылдайтын, одан әрі жалғасатын қатысу келесі шамалардың ең азы бойынша мақұлданады: активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе төлемақысы Топтан сұралуы мүмкін максималды сома.

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

Ақша қаражаттары мен олардың баламалары кассадағы және банк есепшоттарындағы қаражаттар, со-

нымен қатар, бастапқы жабу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын қысқа

мерзімді жарналар болып табылады.

ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Алғашқы мақұлдау және бағалау

БЕХС 39-ң қызмет саласында болатын қаржылық міндеттемелер пайда немесе шығын, несиелер мен қарызға алу немесе тиімді хеджирлеу кезіндегі хеджерлеу құралдары

ретінде белгіленген туынды құралдар арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржы міндеттемелері ретінде тиісті түрде топталады. Топ өзінің бастапқы мақұлданыу кезін-

дегі қаржылық міндеттемелерін топтайды.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда қарыз және несие алу жағдайла-

рында онымен тікелей байланысты келісім бойынша шығындарға артқан әділ құн бойынша мақұлданады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне несие берешегі мен қарыздар кіреді.

Кейінгі бағалау

Қаржы міндеттемелерінің кейінгі бағалануы олардың келесідей топталуына байланысты болады.

«Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына сатуға арналған қаржы міндеттемелері және пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бастапқы мақұлдау кезінде қайта бағаланатын белгіленген қаржы міндеттемелері кіреді.

Сатуға арналған міндеттемелер бойынша пайда мен шығындар пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады.

Топтың өзінің пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша қайта бағаланатын алғашқы мақұлдау кезінде белгіленген қаржылық міндеттемелері жоқ.

Алғашқы мойындағаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизациялық баға бойынша бағаланады. Мұндай қаржы міндеттемелері бойынша пайда мен шығындар оларды мақұлдауды тоқтатқан кезде пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте, сонымен қатар, тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, амортизацияның есептелу шамасына қарай мақұлданады.

Амортизацияланған баға сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сонымен қатар, тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық төлемақыларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөл-

шерлеменің амортизациясы пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептің қаржы шығындарының бөліміне қосылады.

Мақұлдауын тоқтату

Міндеттемесі жабылса, жойылса немесе қызмет мерзімі асып кетсе, қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеме енді мақұлданбайды. Егер бар қаржылық міндеттемені дәл сол несие берушінің алдында шарттары айтарлықтай ерекшеленетіндей басқа міндеттемемен алмастырса, немесе егер бар міндеттеменің шарттары айтарлықтай өзгертілген болса, мұндай алмастыру немесе өзгертулер алғашқы міндеттеменің мақұлдануын тоқтату және жаңа міндеттемені мақұлдай бастауын білдіреді, ал олардың теңгерімдік бағасындағы айырмашылық пайда мен шығын және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨЗАРА ЕСЕБІ

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады, ал нетто-сума – осы сәтте заңды қорғаумен мақұлданған сомаларды

өзара есепке алудың қамтамасыз етілген құқығы болғанда және нетто-негізде есептеу жасауға, активтерді іске асыруға және сонымен

бірге бірізгілікте міндеттемелерін жабуға ниеті болғанда қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есепте жазылады.

ҚАРЖЫ ИНСТИТУТТАРЫНЫҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Әрбір есепті күні белсенді нарықтарда сатылатын қаржы институттарының әділ құны келісім бойынша шығындарды алмағандағы нарықта белгіленген бағаларға немесе делдалдардың белгілеген бағаларына (ұзын позицияларды сатып алуға арналған баға белгіленімі мен қысқа

позицияларды сатуға арналған баға белгіленімі) байланысты анықталады.

Белсенді нарықта сатылмайтын қаржы құралдарының әділ құны тиісті бағалау әдістемелерін пайдалана отырып анықталады. Мұн-

дай әдістемелерге жақында болған келісімдердің коммерциялық негізіндегі бағаның қолданылуы, ұқсас құралдардың ағымдағы әділ құнының қолданылуы; дисконтталған ақшалай ағындардың талдауы немесе басқа да бағалау модельдері кіреді.

ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Қаржы активтері

Әрбір есепті күні Топ қаржы активтерінің немесе қаржы активтері тобының құнсыздануының объективтік белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі мен қаржы активтерінің тобы олардың күтілетін келешектегі ақшалай ағындарына сенімді бағаланатын әсер берген активтің алғашқы мақұлдануынан кейін орындалатын бір немесе одан да көп оқиғалардың нәтижесіндегі құнсыздануының объективтік айғағы болған жағдайда ғана құнсызданған деп есептеледі.

Құнсыздану айғағына қарызданушының немесе қарызданушылар тобының айтарлықтай қаржылық қиындықтардан өтіп жатқандығын, өзінің берешегін өтей алмауын немесе қарыздың пайыздарын немесе негізгі сомасын дұрыс төлемеуін, сонымен қатар, олардың банкроттық процедураны немесе сол сияқты қаржылық қайта ұйымдастыруды жасау ықтималдығын жатқызуға болады. Сонымен қатар, мұндай айғақтарға бағаланатын қаржы құралы бойынша күтілетін келешектегі ақшалай ағындардың болуын көрсететін, бақыланатын деректерді,

атап айтқанда, қарыздарды төлеу бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуымен белгілі өзара байланысты болатын мерзімі асқан берешектің немесе экономикалық шарттардың көлемдерінің өзгеруі секілді деректер жатады. Бұрын мақұлданған шығындардың құнсызданбауы үшін түзетілуі шығынның құнсызданудан азаюы бағаның төмендеуінен кейін болған оқиғамен айқын байланыста болған кезде ескеріледі. Мұндай түзету пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте табыс ретінде ескеріледі.

Қаржылық емес активтер

Әрбір есепті күні Топ активтің мүмкін болатын құнсыздану белгілерінің болуын анықтайды. Егер мұндай белгілер болса, немесе егер активті жыл сайын құнсыздануына тексеру қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Ақшалай ағындарды қалыптастыратын бөлімшенің немесе активтің өтелетін құны (ААҚБ) – бұл келесі шамалардың ең үлкені: сатуға кететін шығындарды ескермегендегі активтік әділ құны (ААҚБ), және активті пайдаланудың құндылығы (ААҚБ). Өтелетін баға актив басқа активтерден немесе активтер тобынан қалыптасатын ағындардан тәуелсіз болатын, ақша қаражаттарының ағынын қалыптастырмайтын кездегі жағдайларды есептемегенде, жеке актив үшін белгіленеді. Егер активтің немесе ақша ағындарын қалыптастыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның

өтелетін бағасынан асса, актив құнсызданған болып есептеледі де, өтелетін бағаға дейін алынып тасталады. Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақшалай ағындар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасы мен активке тиесілі тәуекелдерін көрсететін салық салуға дейінгі дисконнтау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады.

Жалғасып келе жатқан қызметтің құнсыздануынан болатын шығындар пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептің құнсызданған активтердің қызметтеріне сәйкес келетін шығындар санатының құрамында мақұлданады.

Әрбір есепті күні Топ активтік құнсыздануынан ертеректе мақұлданған шығындардың енді жоқ екендігінің немесе қысқарғанының белгілерінің

болуын анықтайды. Егер мұндай белгі болса, Топ ақшалай ағындарды қалыптастыратын активтің немесе бөлімшенің өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болатын бұрын мақұлданған шығындар құнсызданудан болған шығынды соңғы мақұлдау кезіндегі активтің өтелетін құнын анықтау үшін қолданылған бағалауда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келеді. Оның қалпына келуінің өзі келесідей шектелген: активтік теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан аспайды, сонымен қатар, өткен жылдары құнсыздануынан болатын шығын мақұлданбаған жағдайда осы актив мақұлданып отырған амортизацияны есептемегендегі теңгерімдік бағадан аспайды. Бағаның осылай қалпына келуі пайда мен шығын және жалпы жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданады.

САҚТЫҚ ҚОРЛАРЫ

Сақтық қорлары Топтың бұрын болған оқиғалардың нәтижесінде ағымды (құқықтық немесе практикадан шығатын) міндеттемесі болған кездегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте айқындалады, сонымен қатар, міндеттемелерін жабу үшін экономикалық пайдамен байланысты қаражаттарының жұм-

салуының және осы міндеттемеге тиісті дұрыс бағаның берілу ықтималдығы бар.

Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болса, сақтық қорлары күтілетін келешектегі ақша қаражаттарының қозғалысын ақшаның уақытша құнының ағымдағы на-

рықтық бағасын және тиісті жерде міндеттемеге қатысты тәуекелдерді көрсететін салықтарды төлегенге дейінгі мөлшерлемесі бойынша дисконттау арқылы есептеледі. Дисконттауды пайдалану кезінде уақыттың өтуіне байланысты сақтық қордың артуы қаржы шығындары ретінде танылады.

ТАБЫСТАР МЕН ШЫҒЫНДАРДЫ МАҚҰЛДАУ

Табыс Топтың экономикалық пайда көріп, табыс сомасының дұрыс бағалануының ықтималдығы болатын дәрежеде мақұлданады. Сатудан түсетін табыс қосымша салықтарды есептемегенде ескеріледі.

Тауарларды сату

Тауарларды сатудан келетін табыс тауар жеткізіліп, тәуекелдер мен пайданың көбі сатып алушыға тапсырылған жағдайда мақұлданады.

Қызмет көрсету

Зерттеу қызметтерін көрсетуден болатын табыс жұмыстың аяқталу сатысына байланысты мақұлданады. Жұмыстың аяқталу сатысы әрбір келісімшарт бойынша жұмсалған жұмыс уақытының жұмыс

сағаттарының жалпы есептік санына шаққандағы пайызы ретінде бағаланады. Егер келісімшарттың қаржылай нәтижесі сенімді түрде бағаланбаса, табыстары өтелетін шығындардың сомасының шеңберінде ғана мақұлданады.

Пайыздық табыс

Барлық пайыздық қаржы құралдары бойынша табыс қаржы құралының жорамалды қолданылу мерзімінде және егер мүмкін болса, ұзаққа созылған мерзімнен активтің теңгерімдік бағасына дейінгі аз уақытта күтілетін келешек төлемақылар мен ақша қаражаттарының түсімдерін дәл дисконттайтын тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланумен мақұлданады. Пайыздық табыс пайда мен шығындар және басқа да жиынтық табыс туралы шоғырлан-

дырылған есептегі қаржы табыстарының құрамына кіреді.

Жалға беруден түсетін табыс

Операциялық жалға беруден түсетін табыс жалға алу мерзімінің шамасында желілік әдіс бойынша ескеріліп, операциялық табыстар құрамына кіреді.

Шығындары

Шығындар ақша қаражаттары мен олардың баламаларының төленіп, олардың жататын мерзіміндегі шоғырландырылатын қаржылық есептілікте көрсетілуіне қарамастан, тиісті тауарлар мен қызметтерді нақты алу сәтінде ескеріледі.

ҚАРЫЗ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР

Ұзақ мерзімді активті сатып алуға, салуға немесе өндіруге байланысты, оны Топтың қалауына қарай пайдалануға және сатуға дайындау үшін міндетті түрде ұзаққа созылған уақытты қажет ететін қарыздар бой-

ынша шығындар мұндай активтің алғашқы құнының бір бөлігі ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық басқа шығындар олардың жұмсалған есепті мерзімдегі шығындарына жатады. Қарыздар бойынша

шығындарға пайыздарының төленуі мен Топтың қарызға алған қаражаттарын алуына байланысты жұмсаған шығындары жатады.

ТАБЫС САЛЫҒЫ

Есепті мерзім ішіндегі ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органының күтілетін өтемақы сомасына немесе салық органы бойынша төлемақысына байланысты есептеледі.

Осы соманы есептеу үшін қолданылған салықтық мөлшерлемелер мен салық заңнамасы Қазақстан Республикасында есепті күні қызмет еткен немесе заңдастырылған мөлшерлемелер мен салық болып табылады.

Мерзімі ұзартылған табыс салығы активтердің салықтық базасы мен міндеттемелерінің және қаржылық есептілікте арналған олардың теңгерімдік құнының арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтар бойынша көрсетіледі.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтарға мақұлданады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер келешекте осы ше-

геріске жатқызылатын уақытша айырмашылықтар қарсы есептелетін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы болатын дәрежедегі шегеріске жататын барлық уақытша айырмашылықтар үшін мақұлданады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтің теңгерімдік құны әрбір есепті күні қайта қаралып, салық заңнамасына сәйкес айырмашылықтарды тұжырымдауға қатысты белгісіздік болған кездегі мерзімі асқан салық бойынша аталған активтердің бір бөлігін немесе тұтастай іске асыруына мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданың болу ықтималдығының ендігі болмайтында дәрежесінде азаяды.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер күтіліп отырғандай, есепті күні күшіне енген немесе нақты заңдастырылған салық салу мөлшерлемелеріне (салық салу заңнамасына) қарай активті іске асыру немесе міндеттемелерін реттеу мерзімінде қолданылатын мөлшерлеме бойынша бағаланады.

Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелер ағымдағы салықтық міндеттемелерге қарсы ағымдағы салықтық активтерді есепке алудың заңды, заңды күші бар құқықтарының болуы кезінде ескеріледі.

БК ҚҚЗ Казатомөнеркәсіп, Топтың еншілес ұйымы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігінің инвестиция бойынша Комитетімен 2008 жылдың 30 желтоқсанындағы № 19-05-12-2008 «Инвестициялық жеңілдіктерді қарастыратын инвестицияларды іске асыру» келісімшартын жасасты, нәтижесінде ол 2012 жылдың 12 маусымында толықтырылды (одан кейін «Инвестициялық келісімшарт»). Инвестициялық келісімшартқа сәйкес бұл еншілес ұйымның салық бойынша жеңілдіктері бар, атап айтсақ, инвестициялық жобаның шеңберіндегі негізгі қаражаттарды қолданысқа беру сәтінен табыс салығын және мүлктік салықты төлеуден 5 жылға босатылады.

БАСҚА ДА САЛЫҚТАР

Топ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес, жалақы сомасының 11%-н бекітілген мөлшерлемесі бойынша Қазақстан Республикасының бюджетіне әлеуметтік салық төлейді.

Топ сонымен қатар, 2016 жылы өздерінің жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде өз жұмыскерлерінің жалақысының 10%-на дейінгі, бірақ 171.442 теңгеден аспайтын мөлшерін ұстап отырады. Заңнамаға сәйкес зейнетақы

аударымдары жұмыскердің міндеттемесі болып табылады және Топтың жұмыскерлердің зейнетақыға шығуынан кейін оларға төлемақы төлеудің ағымдағы не болмақ келешек міндеттемелері болмайды.

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ

Салық органдары сату немесе сатып алу бойынша ҚҚС-н нетто-негізде жабуға мүмкіндік береді.

Төленетін ҚҚС

ҚҚС сатып алушылардан дебиторлық берешек алынғаннан кейін барып салық органына төленуге тиісті. Есепті күні есептелген сатып алу бойынша ҚҚС төленетін сомадан шегеріледі.

Сонымен қатар, есепті күні есептеліп болмаған, сатуға қатысты ҚҚС да төленетін ҚҚС сомасына қосылады. Егер дебиторлық берешектің құнсыздануымен сақтық қоры құрылған болса, құнсызданудан болған

шығын ҚҚС қосқандағы бүкіл берешек сомасына есептеледі. ҚҚС бойынша тиісті міндеттеме салық мақсаттарындағы дебиторлық берешекті есептен шығарғанға дейінгі қаржылық есептілікте көрінеді.

Өтелетін ҚҚС

Өтелеті ҚҚС есепті күні төленбеген сатып алу операцияларына жатқызылады. Өтелетін ҚҚС сатып алған

затты төлеуіне байланысты саудаға жататын ҚҚС бойынша берешек со-

масына қарсы есепке алу жолымен қайтарылады.

ШАРТТЫ АКТИВТЕР МЕН ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мақұлданбайды. Табыс сөзсіз іске асырылған кезде, тиісті актив шартты актив болмайды және тиісті түрде ескеріледі.

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте ескерілмейді. Олар экономикалық ықтималдықты алумен үйлесімде ресурстардың шығу мүмкіндігі бо-

лып, міндеттемелердің сомасы үлкен болған кезде ғана ашылады.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

Байланысты тараптарына «Самұрық-Қазына» тобының ұйымдары, «Самұрық-Қазына» компаниясы-

ның негізгі басшы қызметкерлерінің бақылауындағы ұйымдар, Топтың негізгі басшы қызметкерлері және

ҚР Үкіметімен бақыланатын басқа да ұйымдар кіреді.

ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Есепті күні Топтың қаржылық жағдайы туралы қосымша ақпаратты ұсынбайтын жылдың аяқталуынан кейін болған оқиғалар (түзе-

туші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте жазылады. Түзетуші оқиға болмайтын, жылдың аяқталуынан кейін болған оқиғалар

егер олар маңызды болса, ескертпелерде ашылып жазылады.

ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ЖАСАЛҒАН ДҰРЫСТАУЛАР

2016 жылы Топ 2016 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын, жылдық мерзімдерге қатысты күшіне енетін кейбір жаңа стандарттарды және қолданылатын стандарттарға жасалған дұрыстауларды алғашқы рет пайдаланды.

16 ХҚЕС (IAS) және 38 «Рұқсат етілген амортизациялау әдістерінің түсіндірмесі» ХҚЕС-на (IAS) жасалған дұрыстаулар

Бұл дұрыстаулар (IAS) 16 «Негізгі қаражаттар» және 38 «Материалдық емес активтер» ХҚЕС-ң (IAS) ақшалай түсімнің активті пайдалану шеңберінде қолданылатын экономикалық пайданы емес, бизнес қызметінің нәтижесінде қалыптасатын (бір бөлігі актив болатын) экономикалық пайданы көрсетуіне негіз-

делетін принциптерін түсіндіреді. Нәтижесінде, ақшалай түсімге негізделген әдіс негізгі қаражаттардың амортизациясы үшін қолданыла алмайды, бірақ сирек жағдайларда материалдық емес активтердің амортизациясы үшін пайдаланылады. Дұрыстаулар келешектегі негізде қолданылады және Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпейді, себебі, ол ұзақ мерзімді активтерді амортизациялауға қажетті, ақшалай түсімге негізделген әдісті қолданған жоқ.

ХҚЕС-Н ЖЫЛ САЙЫНҒЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ, 2012–2014 ЖЖ.

Бұл құжатқа келесідей дұрыстаулар кіреді:

5 «Сауда жасауға, және қызметті тоқтатуға арналған ұзақ мерзімді активтер» ХҚЕС (IFRS)

Активтер әдеттегідей сату немесе меншік иелеріне тарату жолымен шығарылады. Дұрыстаулар бір шығару әдісінен екіншісіне ауысу ол шығудың жаңа жоспары емес, бастапқы жоспардың жалғасы болу керектігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХҚЕС(IFRS) талаптарының қолданылуы үзілмейді. Бұл дұрыстау келешекте қолданылады.

7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» ХҚЕС (IFRS) (i) Қызмет көрсету келісімшарттары

Дұрыстаулар сыйақының төлеуін қарастыратын келісімшарттың қаржы активіндегі одан әрі қатысуының жалғасын білдіру мүмкіндігін түсіндіреді. Ақпаратты ашу қажеттілігін анықтау үшін ұйым 7 ХҚЕС-на (IFRS) созылмалы уақыт қатысуының нұсқауларына сәйкес сыйақы беру және келісу сипатын бағалауы тиіс. Қызмет көрсетудің қандай келісімшарттарының созылмалы қатысуын білдіретіндігі ретроспективалы бағалануы керек. Алайда, ақпаратты ашу ұйымның осы түзетудің алғашқы рет

қолданатын жылдық мерзіміне дейін басталатын уақытты қажет етпейді.

(ii) Қысқартылған аралық қаржылық есептіліктегі 7 ҚЕС-на (IFRS) дұрыстаулар енгізу

Дұрыстаулар өзара есеп туралы ақпаратты ашуға қойылатын талаптардың мұндай ақпараттың соңғы жылдық есептілігінде көрсетілген ақпараттың айтарлықтай жаңартылуын білдіретін жағдайларды қоспағандағы, қысқартылған аралық қаржылық есептілікте қолданылмайтындығын түсіндіреді. Бұл дұрыстаулар ретроспективалы түрде қолданылады.

19 «Жұмыскерлерге сыйақы беру» ХҚЕС (IFRS)

Дұрыстаулар жоғары сапалы корпоративтік облигациялар нарығының дамуының облигациялар шығарылған елдің емес, облигациялардың ірілендірілген валютасының негізінде бағаланатындығын түсіндіреді. Белгілі валютада ірілендірілген жоғары сапалы корпоративтік облигациялардың дамыған нарығы болмаған кезде, мемлекеттік облигациялар бойынша мөлшерлеме-

лерді қолдану қажет. Бұл дұрыстау келешекте қолданылады.

«Аралық қаржылық есептілік» ХҚЕС (IAS)

Дұрыстаулар аралық мерзімдегі ақпараттың аралық қаржылық есептілікте тиісті қиылысу сілтемелері көрсетіле отырып, аралық қаржылық есептілікте немесе аралық қаржылық есептіліктің басқа жерінде (мысалы, басшылықтың түсіндірмелерінде немесе тәуе-

келдерді бағалау туралы есепте) ашылу керектігін түсіндіреді. Аралық қаржылық есептіліктегі басқа ақпарат пайдаланушыларына аралық қаржылық есептілік секілді шарттармен және мерзіммен қолжетімді болуы керек. Бұл дұрыстаулар ретроспективалы түрде қолданылады.

Дұрыстаулар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер етпейді.

ШЫҒАРЫЛҒАН БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР

Төменде шығарылған, бірақ Топтың қаржылық есептілігін шығару күніне әлі күшіне енбеген түсіндірмелері келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануды жоспарлап отыр.

9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS)

2014 жылдың шілдесінде ХҚЕС Кеңесі 39 «Қаржы құралдары: мақұлдау және бағалау» ХҚЕС-н (IAS) және 9 ХҚЕС-н (IFRS) барлық алдыңғы басылымдарын алмастыратын 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-н (IFRS) соңғы басылымын шығарды.

(IFRS) 9 ХҚЕС (IFRS) қаржы құралдарын есепке алу бойынша жобаның: жіктеу және бағалау, құнсыздандыру және хеджерлеуін есепке алу секілді үш бөлігін біріктіреді. 9 ХҚЕС (IFRS) 2018 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті мерзімдерге қатысты күшіне енеді, осы ретте, ол ұзақ мерзімді қолданылады. Хеджерлеудің есепке алуды ескермегенде стандарт ретроспективалы түрде қолданылады, бірақ салыстырмалы ақпаратты ұсыну міндетті болып табылмайды. Хеджерлеуді есепке алуға қатысты талаптар негізінен, кейбір шектеулі ерекшеліктерімен келешекте қолданылады. Топ жаңа стандартты оның күшіне енуіне қажетті күнінен бастап қолдануды жоспарлап отыр. Жалпы, Топ 9 ХҚЕС-ғы (IFRS) құнсыздануға қойылатын талаптардың қолданылуын ескермегенде, өзінің бухгалтерлік теңгеріміне және өзіндік капиталына жаңа талаптардың ешбір айтарлықтай әсерін күтпейді.

(а) Жіктеу және бағалау

Топ 9 ХҚЕС-н(IFRS) топтауына және бағалауына қойылатын талаптарды

қолдану кезіндегі өзіндік капиталын және қаржылық жағдайы туралы өз есептілігіне келетін айтарлық әсерін күтпейді. Топ қазіргі уақытта әділ баға бойынша бағаланатын барлық қаржылық активтерді әділ құны бойынша бағалауды жоспарлап отыр.

Қарыздар, сонымен қатар, сауда дебиторлық берешегі келісімді ақшалай ағындарды алу үшін ұсталады, және олар қарыз мен пайыздардың негізгі сомасының есебіне ғана төленетін төлемақылар болатын ақшалай ағындардың пайда болуына алып келеді деп күтілуде. Нәтижесінде, Топ 9 ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес олар амортизацияланған бағасы бойынша одан әрі ескеріледі деп болжауда. Алайда, Топ барлық құралдардың 9 ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес амортизацияланған бағаны бағалауға арналған критерийлеріне жауап беретіндігі туралы қорытынды жасамас бұрын, осы құралдар бойынша келісімді ақшалай ағындардың сипаттамаларын жете талдайды.

(б) Құнсыздануы

9 ХҚЕС (IFRS) Топтың барлық қарыздық бағалы қағаздары, қарыздары және сауда дебиторлық берешегі бойынша 12 айлық болжалды несие шығындарын немесе бүкіл мерзімдегі болжалды несие шығындарын көрсетуін талап етеді. Топ жеңілдетілген амалды пайдалануын және сауда дебиторлық берешегі бойынша бүкіл мерзімдегі болжалды несие шығындарын көрсетуін жоспарлап отыр. Топ қарыздар мен дебиторлық берешектің қамтамасыз етілмеуіне себепті осы талаптардың оның өзіндік капиталына айтарлық әсер ететіндігін болжайды, бірақ ол әсер ету көлемін анықтауға арналған болжалды ақпаратты қоса отырып,

барлық дәлелденген және расталатын ақпаратты ескеретін аса толық талдауды жасауы керек болады.

15 «Сатып алушылармен жасалған келісімшарттар бойынша түсім» ХҚЕС (IFRS)

15 ХҚЕС (IFRS) 2014 жылдың мамырында шығарылды және сатып алушылармен келісімшарттар бойынша түсімге қатысты қолданылатын бес сатыдан тұратын модельді қарастырады. 15 ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес ақшалай түсім өтемақыны көрсететін сомада мақұлданады, ұйым оған қатысты құқығын сатып алушыға тауарларды немесе қызметтерді ұсынуының орнына алуын қарастырады.

Ақшалай түсімнің жаңа стандарты түсімді мойындауға қатысты барлық талаптарды алмастырады. 2018 жылдың 1 қаңтарынан және осы күннен кейін басталатын жылдық мерзімдерге арналған толық ретроспективті немесе жаңартылған ретроспективті пайдалану қажет болады, осы ретте, оны мерзіміне дейін пайдалану рұқсат етіледі. Топ жаңа стандартты қажетті күшіне енетін күннен бастап толық ретроспективті пайдалану нұсқасын қолдануды жоспарлайды. Топ 2016 жылдың сәуір айында ХҚЕС Кеңесімен шығарылған дұрыстауларды назарға алып, келешекте өзгерістерін байқап отырады.

10 ХҚЕС-на (IFRS) және 28 «Инвестор мен оның қауымдас-тырылған ұйымының немесе бірлескен кәсіпорынның арасындағы келісімдер активтерінің сатылуы немесе жарна ретінде төленуі» ХҚЕС-на (IAS) жасалған дұрыстаулар

Дұрыстаулар 10 ХҚЕС (IFRS) мен 28 ХҚЕС-н (IAS) арасындағы, қауымдастырылған ұйымға немесе бірлескен кәсіпорнына сатылатын немесе соларға енгізілетін еншілес ұйымның бақылауынан айырылу тұрғысындағы қарама-қайшылықтарын қарастырады. Дұрыстаулар инвесторлар мен оның қауымдастырылған ұйымының немесе бірлескен кәсіпорнының арасындағы келісімдегі 3 ХҚЕС (IFRS) белгілеуі бойынша бизнес болып табылатын активтерді сату немесе жарна ретінде төлеу нәтижесінде туындайтын пайданың немесе шығынның толық көлемде мақұлданынын түсіндіреді. Алайда, бизнес болып табылмайтын активтерді сату немесе жарна ретінде төлеу нәтижесінде туындайтын пайда немесе шығын қауымдастырылған ұйымдағы немесе біріккен кәсіпорындағы ұйымға қарағанда, басқаларында бар қатысу үлесінің шеңберінде ғана мақұлданады. ХҚЕС кеңесі осы дұрыстаулардың күшіне ену күнін белгісіз бір мерзімге жылжытты, алайда, осы дұрыстауларды мерзіміне дейін пайдаланатын ұйым, оларды келешекте пайдаланулары тиіс.

7 «Ақпаратты ашу саласындағы бастама» ХҚЕС-на (IAS) жасалатын дұрыстаулар

7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп» ХҚЕС-на (IAS) жасалатын дұрыстаулар ХҚЕС Кеңесінің ақпаратты ашу саласындағы бастамасының бір бөлігі болып табылады және ұйымның қаржылық есептілігін пайдаланушыларға ақшалай ағындарға байланысты өзгерістер мен оларға байланысты емес өзгерістерді қоса алғандағы қаржы қызметіне байланысты міндеттемелердегі өзгерістерді бағалауына мүмкіндік беретін ақпаратты ашуын талап етеді. Осы дұрыстауларды алғашқы пайдалану кезінде ұйымдар алдағы мерзімдерге салыстырмалы ақпаратты ұсынуға міндетті емес. Бұл дұрыстаулар 2017 жылдың 1 қаңтарында немесе осы күннен кейін басталатын жылдық мерзімдер үшін күшіне енеді. Оларды мерзіміне дейін пайдалануға болады. Бұл дұрыстауларды пайдалану Топтың қосымша ақпаратты ашуын қажет етеді.

12 «Іске асырылмаған шығындарға қатысты мерзімі ұзартылған салық бойынша активтерді мақұлдау» ХҚЕС-на (IAS) жасалатын дұрыстаулар

терді мақұлдау» ХҚЕС-на (IAS) жасалатын дұрыстаулар

Дұрыстаулар ұйымның салық заңнамасының шегерілетін уақытша айырмашылықты қалпына келтіру кезіндегі қарсы шегерістерін жасай алатын салық салынатын пайданың қайнар көздерін шектеуін немесе шектемеуін ескеру керектігін түсіндіреді. Сонымен қатар, дұрыстауларға ұйымның келешектегі салық салынатын пайданы қалай анықтайтындығына және салық салынатын пайданың олардың теңгерімдік құнынан асатын сомасындағы кейбір активтерінің өтелуін қарастыра алатын міндеттемелерін қалай сипаттайтындығына қатысты нұқсаулар кіреді.

Ұйымдар бұл дұрыстауларды ретроспективалық түрде қолданулары керек. Алайда, дұрыстауларды алғашқы рет пайдалану кезінде ең ерте салыстырмалы мерзімнің басындағы өзіндік капиталының өзгеруі мерзімнің басындағы өзіндік капиталының бөлінбеген пайдасы мен басқа да құрамдастарының арасындағы өзгерістерін түсіндірусіз мерзімнің басындағы бөлінбеген пайданың құрамында (немесе сәйкесінше, өзіндік капиталдың басқа құрамдасының құрамында) мақұлданыуы мүмкін. Осы босатуды пайдаланатын ұйымдар осы деректі ашулары тиіс.

Бұл дұрыстаулар 2017 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық мерзімдер үшін күшіне енеді. Оларды мерзіміне дейін пайдалануға болады. Егер ұйым осы дұрыстауларды аса ерте мерзімге қатысты қолданса, ол бұл деректі ашуы тиіс. Осы дұрыстаулар Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп болжануда.

2 «Акция негізіндегі төлемақылар бойынша операциялардың топталуы және бағалануы» ХҚЕС-на (IFRS) жасалатын дұрыстаулар

ХҚЕС кеңесі 2 «Акция негізіндегі төлемақылар» ХҚЕС-н (IFRS) шығарды, оларда келесідей үш аспект қарастырылады: құқықтардың ақша қаражаттарымен есептеліп, акциялардың негізіндегі төлемақылар бойынша операцияларды бағалауға ауысу шарттарының әсері; операциялардың қайнар көзден ұсталынатын салық бойынша міндет-

темлеерге арналған нетто-негіздегі есептеулер шартымен акциялар негізіндегі төлемақылар бойынша топталуы; нәтижесінде, операция ақша қаражаттары есептелетін операция секілді топталуын қойып, үлесті құралдары есептелетін операция ретінде топтала бастайтын акциялар негізіндегі төлемақылар бойынша операциялардың шарттарының өзгеруін есепке алу.

2 «Акция негізіндегі төлемақылар бойынша операцияларды топтау және бағалау» (жалғасы) ХҚЕС-на (IFRS) жасалған дұрыстаулар

Дұрыстаулар енгізу кезінде ұйымдар алдыңғы мерзімдегі ақпараттарын қайта қарауға міндетті емес, алайда, барлық үш аспектке қатысты дұрыстаулар енгізіліп, басқа критерийлер сақталған жағдайда ретроспективалық қолдануға жол беріледі. Бұл дұрыстаулар 2018 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық мерзімдер үшін күшіне енеді. Оларды мерзіміне дейін пайдалануға болады. Осы дұрыстаулар Топтың қаржылық есептілігіне әсер етпейді деп болжануда.

16 «Жалға алу» ХҚЕС (IFRS)

16 ХҚЕС (IFRS) 2016 жылдың қаңтарында шығарылды және 17 «Жалға алу» ХҚЕС-н (IAS), ХҚЕТК (IFRIC) 4 «Келісімде жалға алу белгілерінің болуын анықтау» түсіндірмесін, 15 «Операциялық жалға алу – ынталандырма» ПКР (SIC) түсіндірмесін және 27 «Жалға алудың заңды нысаны бар операцияның мәнін анықтау» ПКР (SIC) түсіндірмесін алмастырады. 16 ХҚЕС (IFRS) жалға алу туралы ақпаратты мақұлдау, бағалау, ұсыну және ашу қағидаларын белгілейді және жалға алушылардың қаржылық жалға алуға арналған 17 ХҚЕС-да (IAS) қарастырылған есепке алу тәртібіне ұқсас теңгерімдегі бірыңғай есепке алу моделін қолдана отырып, барлық жалға алу келісімшарттарын көрсетуін талап етеді. Стандарт жалға алушыларға арналған төмен бағалы активтерді (мысалы, дербес компьютерлердің) жалға алуға және қысқа мерзімді жалға алуға (яғни, мерзімі 12 айдан аспайтын жалға алу) қатысты мақұлдауынан екі босатуды қарастырады. Жалға алу мерзімі басталған күні жалға алушы жалға алу төлемақыларына қатысты міндеттемелерді (яғни, жалға алу бойынша міндет-

темелерді), сонымен қатар, жалға алу мерзімінде базалық активпен пайдалану құқығын беретін активті (яғни, пайдалану құқығы нысанындағы актив) мақұлдайды.

Жалға алушылар жалға алу міндеттемесі бойынша пайыздық шығынды актив амортизациясы бойынша шығындардан жеке пайдалану құқығы формасында мақұлдауға міндетті болады.

Жалға алушылар сонымен қатар, белгілі оқиғаның басталуы (мысалы, жалға алу мерзімдері өзгергенде, мұндай төлемақыларды анықтау үшін қолданылатын индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеру нәтижесіндегі келешек жалға алу төлемақыла-

ры өзгергенде) кезіндегі жалға алу міндеттемелерін қайта бағалаулары тиіс. Көптеген жағдайларда, жалға алушы бойынша міндеттемелерді қайта бағалау сомасын пайдалану құқығы нысанындағы активтік түзетуі ретінде ескеретін болады.

16 ХҚЕС-на (IFRS) сәйкес жалға берушіге арналған есепке алу тәртібі қазіргі сәтте қолданылатын 17 ХҚЕС-ң (IFRS) талаптарымен салыстырғанда мүлде өзгермейді. Жалға берушілер осы ретте операциялық және қаржылық деген жалға алудың екі түрін бөліп көрсете отырып, жалға алуды 17 ХҚЕС-ғы (IFRS) топтамалардың дәл сол қағидаларын пайдалана отырып, топтауын жалғастырады.

Сонымен қатар, 16 ХҚЕС (IFRS) жалға берушілер мен жалға алушылардан 17 ХҚЕС (IFRS) қарағанда үлкен көлемдегі ақпараттың ашылуын талап етеді. 16 ХҚЕС (IFRS) 2019 жылдың 1 қаңтарынан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық мерзімдерге қатысты күшіне енеді. Оларды мерзіміне дейін, бірақ ұйымның 15 ХҚЕС (IFRS) пайдалану күнінен кешірек пайдалануға болады. Жалға алушы осы стандартты ретроспективті амалды немесе түрлендірілген ретроспективті амалды пайдалана отырып қолдана алады. Стандарттың өтпелі ережелері белгілі босатуларды қарастырады.

4. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

2016 жылдың 27 желтоқсанында Компания LG Chem-нан оған дейін болған 50-пайыздық қатысу үлесіне қосымша ретінде 2016 жылдың 18 наурызының опцион келісімшартына сәйкес 1 АҚШ долларына (0,332 мың теңгеге теңбе-тең) «KLPE» ЖШС-не қатысудың 50-пайыздық үлесін сатып алды.

Осы келісімнің нәтижесінде, Компания өзінің KLPE-де қатысу үлесін 100%-ға дейін арттырды. «KLPE» ЖШС Атырау облысындағы біріккен газ химиялық кешенінің Екінші фазасын іске асыру мақсаттарында құрылған біріккен кәсіпорын болды.

2016 жылдың 31 желтоқсанында KLPE-де қатысудың 50-пайыздық үлесін сатып алуының әділ құны 15.573.605 мың теңгені құрады. Сатып алу бағасының әділ құны халықаралық бағалау стандарттарына сай және 3 «Бизнесті біріктіру» ХҚЕС-на сәйкес сатып алу күніне есептелді.

Сатып алынған активтер мен қабылданған міндеттемелер

Сатып алу күніндегі KLPE-ң сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің әділ құны келесідей:

Мың теңге	Сатып алу кезінде мақұлданған әділ құны
Негізгі қаражаттар (9 ескертпе)	25.881.801
Материалдық емес активтер	3.004
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	3.130.167
Берілген алғытөлем	2.102
Басқа да қысқа мерзімді активтер	114.337
Қолданылуы шектелген ақша қаражаттары	3.254.258
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	977.559
Жалпы: активтер	33.363.228
Несие берешегі мен басқа да міндеттемелер	2.216.018
LG Chem төлемақысы бойынша шартты міндеттемелер (19 ескертпе)	
Жалпы: міндеттемелер	2.216.018
Таза активтер	31.147.210
Қатысудың 50-қ үлесінің әділ құны	15.573.605
Төленген сыйақы	0,332
Пайдалы сатып алудан келген табыс	(15.573.604,7)
Еншілес ұйыммен алған таза ақша қаражаттары	977.559

Мың теңге	Сатып алу кезінде мақұлданған әділ құны
Ақша қаражаттарының төленген сомасы	(0,332)
Сатып алу кезіндегі таза ақшалай ағындар	977.558,7

Компания 15.573.605 мың теңге мөлшеріндегі пайдалы сатып алудан түскен табысты Жиынтық табыс туралы есептілігінде мақұлдады.

Компания еншілес ұйыммен алған 977.559 мың теңге мөлшеріндегі таза ақша қаражаттарын ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық қызметтен түскен түсім ретінде көрсетті.

Қазіргі уақытта «KLPE» ЖШС жобаға инвестицияларды салу үшін стратегиялық серіктесті іздеу жұмыстарын жүргізуде. Осыған байланысты, Компания серіктеске «KLPE» ЖШС-де қатысу үлесін келешек сату бағасы жобаға инвестиция-

ларды тарту мақсатымен кіру кезінде 1 (бір) АҚШ долларын құрайды деп жорамалдайды. Нәтижесінде, 2016 жылдың 18 наурызындағы опцион келісімшартына сәйкес LG Chem-ң алдында міндеттеме туындамайды.

5. ІСКЕ АСЫРУДАН БОЛҒАН ТАБЫС

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Өзіндік өндіріс өнімін сатудан келетін табыс	4.941.835	524.734
Сатып алынатын күкірт қышқылын сатудан келетін табыс	1.116.129	3.127.795
Жартылай вагондарды жалға беруден келетін табыс	352.614	362.449
Басқа да табыс	–	2.748
	6.410.578	4.017.726

6. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Өзіндік өндіріс өнімін сатудың өзіндік құны	3.840.122	473.960
Теміржол тарифі	484.836	393.058
Жартылай вагондарды жалға беру	330.602	577.575
Сатып алынатын күкірт қышқылын сатудың өзіндік құны	323.861	1.045.383
Басқасы	68.073	35.542
	5.047.494	2.525.518

7. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫНДАР

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Жалақы және әлеуметтік аударымдар	1.944.040	1.869.150
Кеңес беру қызметтері	480.312	83.995
Табыс салығынан басқа салықтар	294.858	261.690
Жалға беру бойынша шығындар	224.915	208.883
Іссапар шығындары	196.658	173.953
Күмәнді қарыздың сақтық қорлары, берілген және өтпейтін ТМҚ алғы төлемдерінің құнсыздануы бойынша шығындар	46.976	65.445
Тозу және амортизация	92.405	156.283
Тасымалдау шығындары	88.022	115.176
Жөндеу және қызмет көрсету	37.798	22.886
Күзет шығындары	32.868	24.269
Байланыс қызметтері	23.453	19.029

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Банк қызметтері	12.467	18.394
Шикізат пен материалдар	9.130	5.395
Басқасы	459.866	313.128
	3.943.768	3.337.676

8. ТАБЫС САЛЫҒЫ

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Ағымдағы табыс салығы	199.235	1.457.560
Мерзімі ұзартылған табыс салығы	–	–
	199.235	1.457.560

Төменде 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішіндегі ағымдағы табыс салығы бойынша шығыннан тұра-

тын табыс салығының ресми мөлшерлемесі бойынша салық салғанға дейінгі пайдаға қолданылатын корпоративтік табыс салығы бойынша

шығынның салыстырмасы келтірілген:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Салық салғанға дейінгі пайда	7.799.884	10.050.067
Салықтың ресми мөлшерлемесі	20%	20%
Ресми мөлшерлеме бойынша табыс салығы бойынша шығындар	1.559.977	2.010.013
Мерзімі ұзартылған салық бойынша мақұлданабаған активтердегі өзгерістер	678.490	746.871
Қауымдастырылған компаниялардың және бірлескен кәсіпорындардың пайдадағы / (шығындағы) салық салынбайтын үлесі	855.422	(1.729.257)
Басқа да алынбайтын шығындар	(2.894.654)	429.933
Табыс салығы бойынша шығындар	199.235	1.457.560

31 желтоқсанда мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің құрамдастары келесідей келтірілген:

Мың теңге	2016 ж.	Жиынтық табыс туралы есепке жатқызылған	2015 ж.	Жиынтық табыс туралы есепке жатқызылған	2014 ж.
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер					
Ауыстырылатын салық шығыны	3.382.084	839.170	2.542.914	1.235.118	1.307.796
Жіберілетін қаражаттар бойынша есептелген сақтық қорлары мен басқа да міндеттемелер	62.378	35.242	27.136	6.755	20.381
Тозған ТМҚ бойынша сақтық қорлары	784	(1.252)	2.036	(398)	2.434
Басқа да сақтық қорлары	9.725	(4.753)	14.478	(5.078)	19.556
Негізгі қаражаттар	5.593	3.625	1.968	1.035	933
Салық	759	699	60	(70)	130
Дебиторлық берешек	24.601	24.601	–	–	–
Басқа да міндеттемелер	62.084	62.084	–	–	–
	3.548.008	959.416	2.588.592	1.237.362	1.351.230
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер					
Негізгі қаражаттар	(796.172)	(275.509)	(520.663)	(490.491)	(30.172)
Дебиторлық берешек	(5.417)	(5.417)	–	–	–

Мың теңге	2016 ж.	Жиынтық табыс туралы есепке жатқызылған	2015 ж.	Жиынтық табыс туралы есепке жатқызылған	2014 ж.
Кемшілігі: мерзімі ұзартылған салық бойынша мақұлданбаған активтер	(2.746.419)	(678.490)	(2.067.929)	(746.871)	(1.321.058)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша таза активтер	-	-	-	-	-

2016 жылдың 31 желтоқсанындағы 2.745.419 мың теңге (2015 ж.: 2.067.929 мың теңге) мөлшеріндегі мерзімі ұзартылған салық бойынша мақұлданбаған таза активтер негізінен бұрыңғы жылғы 16.910.420 мың теңге (2015 ж.: 12.714.570

мың теңге) мөлшеріндегі ауыстырылатын салық шығынына жатқызылды. Осы шығындардың 10 (он) жыл шамасында қолданылуына байланысты, уақытша айырмашылық бойынша салықтық актив туындайды. Осы шығындардың қарсы қолда-

нылуы мүмкін болатын келешектегі салық салынатын пайданың болу ықтималдығына қатысты белгісіздікке себепті мерзімі ұзартылған салық бойынша тиісті актив мақұлданбады.

9. НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТТАР

Мың теңге	Жер, ғимараттар және құрылыстар	Қондырғы	Көлік	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жалпы
Бастапқы құны						
1 қаңтар 2015 ж.	373.429	113.930	4.495	127.493	25.226.397	25.845.744
Түсімдер	19.662	2.254	-	51.093	17.173.018	17.246.027
Шығыс	(87.343)	(14.310)	-	(4.610)	(128.032)	(234.295)
ТМҚ аударымдары	-	-	-	-	(517)	(517)
Ішкі қозғалыстар	11.422.338	8.427.554	-	455.998	(20.305.890)	-
31 желтоқсан 2015 ж.	11.728.086	8.529.428	4.495	629.974	21.964.976	42.856.959
Түсімдер	28.075	4.858.767	6.878	60.178	31.053.876	36.007.774
Бизнесті біріктіру кезіндегі түсімдер (4 ескертпе)	-	-	-	12.359	25.869.442	25.881.801
Шығыс	(3.451)	(96.356)	-	(382)	-	(100.189)
ТМҚ-ға/ дан болған аударымдар	-	-	-	(6)	294	288
Ішкі қозғалыс	238.877	5.333.266	2.793	(353.889)	(5.221.047)	-
31 желтоқсан 2016 ж.	11.991.587	18.625.105	14.166	348.234	73.667.541	104.646.633
Жинақталған тозу						
1 қаңтар 2015 ж.	(38.898)	(43.522)	(2.651)	(44.556)	(4.400.869)	(4.530.496)
Бір жылдағы аударымдар	(123.905)	(126.019)	(510)	(38.803)	-	(289.237)
Сақтық қордың қолданылуы (15 ескертпе)	-	-	-	-	(11.942.053)	(11.942.053)
Шығыс	-	7.831	-	3.196	-	11.027
31 желтоқсан 2015 ж.	(162.803)	(161.710)	(3.161)	(80.163)	(16.342.922)	(16.750.759)
Бір жыл ішіндегі аударымдар	(268.804)	(548.053)	(732)	(66.178)	-	(883.767)
Сақтық қордың қолданылуы (15 ескертпе)	-	-	-	-	(29.700.918)	(29.700.918)
Шығыс	3.451	94.376	-	199	-	98.026
Тозу бойынша ішкі қозғалыстар	(13.083)	8.770	(1.909)	6.222	-	-

Мың теңге	Жер, ғима- раттар және құрылыстар	Қондырғы	Көлік	Басқасы	Аяқталмаған құрылыс	Жалпы
31 желтоқсан 2016 ж.	(441.239)	(606.617)	(5.802)	(139.920)	(46.043.840)	(47.237.418)
Қалдық бағасы						
31 желтоқсан 2015 ж.	11.565.283	8.367.718	1.334	549.811	5.622.054	26.106.200
31 желтоқсан 2016 ж.	11.550.348	18.018.488	8.364	208.314	27.623.701	57.409.215

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталмаған құрылысы Компанияның «KLPE» ЖШС-гі бақылауын алу күніндегі әділ құны бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосылған 15.769.632 мың теңге (2015 ж.: 9.053.803 мың теңге) сомасындағы «Тараз химиялық паркі» арнайы экономикалық аймағының құрылысымен, 30.274.208 мың теңге (2015 ж.: 2.888.251 мың теңге) сомасындағы газ турбиналық станцияның құрылысына кететін шығындармен, сонымен қатар, Атырау облысындағы 25.833.698 мың теңге (2015 ж.: нөл) сомасындағы біріккен газ химиялық кешенінің Екінші фазасының құрылысымен байланысты болды. 2015 жылы аяқталмаған құрылысқа 11.724.857 мың теңге

сомасындағы күкірт қышқылы зауытын қайта құруға кететін шығындар қосылған.

2016 жылдың ішінде Топ полимерлі өнімді өндіретін үш тармақтан тұратын өндірістік желінің үшінші жолын іске қосты, екі жолы 2015 жылы қосылған. 2016 жылдың 31 желтоқсанында Еуропалық даму банкімен жасалған несие келісімшартының шарттарына сәйкес 2.346.417 мың теңге (2015 ж.: 1.391.549 мың теңге) сомасындағы күкірт қышқыл зауытының қондырғысы кепілде тұр (17 ескертпе).

2016 жылы Топ аяқталмаған күрделі құрылыс құрамына 138.959 мың теңге (2015 ж.: 692.329 мың теңге)

мөлшеріндегі пайыздық шығындарын салды (17 ескертпе).

2016 жылы Топ сонымен қатар, 2.314.961 мың теңге (2015 ж.: 9.053.802 мың теңге) сомасындағы ауыртпалықты міндеттеме бойынша сақтық қорын пайдалану есебінен «Тараз Химиялық Паркінің» аяқталмаған құрылысының теңгерімдік құнын азайтты (16 ескертпе).

2016 жылы Топ сонымен қатар 27.385.957 мың теңге (2015 ж.: 2.888.251 мың теңге) сомасындағы ауыртпалықты міндеттеме бойынша сақтық қорын пайдалану есебінен газ турбиналық станцияның аяқталмаған құрылысының теңгерімдік құнын азайтты (16 ескертпе).

10. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРГЕ БЕРІЛГЕН АЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР

2016 жылдың 31 желтоқсанында берілген ұзақ мерзімді активтерге Атырау облысындағы «Ұлттық индустриалды мұнай химиялық технопарк» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымы объектілерінің құрылысы» жобасының шеңберіндегі газ турбиналық электр станциясының құрылысын жобалау, материалдық-техникалық қамтамасыздандыру және басқару келісімшарты бойынша корейлік «Doosan Heavy Industries & Construction

Co. Ltd» компаниясының берген 27.818.239 мың теңге (2015 ж.: 35.350.619 мың теңге) сомасындағы алғы төлемдері кірді. Жобаны іске асыру мерзімі – 2018 жылға дейін.

Сонымен қатар, 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы ұзақ мерзімді алғы төлемдерінің құрамына мердігерлерге 2.040.882 мың теңге (2015 ж.: нөл) сомасындағы «Тараз химиялық паркі» АЭА-ң ин-

фрақұрылымы объектілерін салуға берілген алғы төлемдері мен 1.945.147 мың теңге (2015 ж.: 63.821 мың теңге). «KazSMU» ЖШС компаниясына «Глифосат (гербицид) өндірісі», «Күйдіргіш сода мен хлордың өндірісі», «Үш хлорлы фосфордың өндірісі» секілді инвестициялық жобалар бойынша құрылыс жұмыстарына берілген алғы төлемдері кірді.

11. ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАР МЕН БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ЖАСАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

31 желтоқсандағы Қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен

кәсіпорындардың қызметі, олардың

орналасқан елі және Топтың осы ұйымдардағы қатысу үлесі келесідей:

Жарғы капиталындағы %

Компания	Қызмет типі	Ел	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.
Бірлескен кәсіпорындар				
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС бірлескен кәсіпорындары	Атырау облысындағы алғашқы біріккен газ химиялық кешенінің құрылысы - Бірінші фазасы (полипропилен)	Қазақстан	51	51

Компания	Қызмет типі	Ел	31 желтоқсан 2016 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.
KAPIC FZCO	Қарашығанак және Қашаған кен орындарының шикізаты базасындағы мұнай химия өндірісінің ұйымдастырылуы	БАӘ	50	50
«KLPE» ЖШС	Атырау облысындағы бірінші біріккен газ химиялық көшенің құрылысы – Екінші фаза (полиэтилен)	Қазақстан	–	50
Қауымдастырылған компаниялар				
«БХК Инжиниринг» ЖШС қауымдастырылған компаниялары	Техникалық-экономикалық дәлелдердің, техникалық регламенттердің және стандарттардың аудиті, жасалуы	Қазақстан	25	25
«KAZGOLD Reagents» ЖШС	Көгерткіш қышқыл мен натрий цианидін өндіру көшенің құрылысы	Қазақстан	–	15
ҰИМТ АЭА БК	«Ұлттық индустриалды мұнай химиялық тех-нопаркiнiң» арнайы экономикалық аймағының «АЭА туралы» заңға сәйкес қызметін қамтамасыз ету	Қазақстан	6,65	2,5

31 желтоқсандағы қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардағы инвестициялар келесідей:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Бірлескен кәсіпорындар		
«Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС («KPI» ЖШС)	33.034.149	35.840.382
KAPIC FZCO	27.440	–
«KLPE» ЖШС	–	29.515.714
Қауымдастырылған компаниялар		
ҰИМТ АЭА БК АҚ	431.666	162.032
«KAZGOLD Reagents» ЖШС	–	26
«БХК Инжиниринг» ЖШС	–	–
	33.493.255	65.518.154

Қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың инвестицияларындағы өзгерістер келесідей ұсынылған:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
1 қаңтардағы сальдо	65.518.154	56.721.176
(Шығынның) / пайданың үлесі	(4.277.106)	8.646.285
«ҰИМТ» АЭА БК АҚ-н сатып алу	–	150.693
Дивидендтер	(422)	–
Қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың жарғы капиталына акциялар/салым ақша салу	321.340	–
Қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарды тарату	(26)	–
KLPE жарғы капиталының бір бөлігінің қайтарылуы	(12.495.080)	–
Бақылауға алуына (қайта топтауына) байланысты KLPE-гі инвестициялардың шығуы	(15.573.605)	–
31 желтоқсандағы сальдо	33.493.255	65.518.154

2016 жылы өзінің жарғы капиталының азаюына байланысты «KLPE» ЖШС ақша қаражаттарымен Компанияның есептік шотына 12.495.080 мың теңге (2015 ж.: нөл) мөлшеріндегі сомасын қайтарды.

2016 жылдың желтоқсанында Топ 50-пайыздық үлесін сатып алып, су үлесін 100%-ға дейін арттырып, LG Chem-нан KLPE-ге қатысудың нәтижесінде, өзінің KLPE-ге қаты- KLPE-гі 15.573.605 мың теңге со-

масындағы инвестицияларды бірлескен ұйымдардан еншілес ұйымдарға қайта топтады.

2014 жылдың желтоқсанында Топ «Sat & Company» ЖШС-нен KLPE-ң жарғы капиталына қатысудың 25-пайыздық үлесін сатып алды, келісімнің құны 12.112.540 мың теңгені құрап, толығымен ақша қаражаттарымен төленді. Бағалау туралы есептілігіне сәйкес, KLPE-ге қатысудың 25-пайыздық үлесінің әділ құны 12.407.000 мың теңгені құрады. Топ 294.460 мың теңге көлеміндегі сатып алу бағасы мен әділ баға арасындағы айырмашылықты пайда және шығындар және басқа операциялық емес табыстардың құрамын-

дағы басқа да жиынтық табыстар туралы шоғырландырылған есепте мақұлдады.

2016 жылы Топ 293.900 мың теңге сомасына 293 900 дана мөлшеріндегі «ҰИМТ» АЭА БК АҚ-ң жарияланған қарапайым акцияларын сатып алды, нәтижесінде, Компанияның «ҰИМТ» АЭА БК АҚ-ң акционерлік капиталындағы үлесі 2016 жылдың 31 желтоқсанында 6,65% (2015 ж. 31 желтоқсанында: 2,5%) құрады.

2016 жылы Компания KAPIC FZCO жарғы капиталына 27.440 мың теңге (2015 ж.: нөл) мөлшеріндегі жарнасын енгізді.

2016 жылы Компания «KAZGOLD Reagents» ЖШС-н таратып жіберді.

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топ кәсіпорынның жақын болашақтағы қызметін жалғастыру мақсатымен қажет болған жағдайда KPI-ға қаржылай көмек көрсету міндеттемесін өз мойнына алды.

Төменде қауымдастырылған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындар туралы жалпыланған қаржы ақпараты, сонымен қатар, осы ақпараттың шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі инвестициялардың теңгерімдік құнымен түзетілімі келтірілген:

Мың теңге	«KPI» ЖШС	«KLPE» ЖШС	«БХК Инжиниринг» ЖШС	KAPIC FZCO	ҰИМТ АЭА БК АҚ
31 желтоқсан 2016 ж.					
Ағымдағы активтер	31.661.663	–	13.186	54.880	127.947
Ұзақ мерзімді активтер	38.147.935	–	11.105	–	6.368.828
Ағымдағы міндеттемелер	(4.943.751)	–	(414.187)	–	(5.557)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(93.006)	–	(3.330)	–	–
Капитал	64.772.841	–	(393.226)	54.880	6.491.218
Инвестицияның теңгерімдік құны	33.034.149	–	–	27.440	431.666
2016 ж.					
Табыс	–	–	–	–	–
Іске асырудың өзіндік құны	–	–	–	–	–
Жалпы және өкімшілік шығындар	(805.085)	(325.737)	–	–	(364.710)
Басқа да операциялық емес табыс/ (шығын)	(4.515.610)	(3.200.433)	–	–	6.152
Бағамдық айырмашылық	(295.728)	258.077	–	–	–
Қаржылай табыс	550.055	469.084	–	–	–
Қаржылай шығын	(436.049)	–	–	–	–
Салық салуға дейінгі шығын	(5.502.417)	(2.799.009)	–	–	(358.558)
Табыс салығы бойынша шығындар	–	(95.049)	–	–	–
Бір жылдағы таза шығын	(5.502.417)	(2.894.058)	–	–	(358.558)
Топтың бір жыл ішіндегі таза шығындағы үлесі	(2.806.233)	(1.447.029)	–	–	(23.844)
31 желтоқсан 2015 ж.					
Ағымдағы активтер	40.918.884	34.538.135	13.186	24.230	50.868
Ұзақ мерзімді активтер	34.783.228	27.476.636	11.105	–	6.437.029
Ағымдағы міндеттемелер	(4.862.989)	(2.983.343)	(414.187)	(24.230)	(6.617)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(563.864)	–	(3.330)	–	–
Капитал	70.275.259	59.031.428	(393.226)	–	6.481.280
Инвестицияның теңгерімдік құны	35.840.382	29.515.714	–	–	162.032

2015 ж.					
Табыс	–	–	103.932	–	135.792
Іске асырудың өзіндік құны	–	–	(100.702)	–	–
Жалпы және әкімшілік шығындар	(915.351)	(754.731)	(226.350)	(3.436)	(112.304)
Басқа да операциялық емес табыс/ (шығын)	(4.413.468)	(499)	(132.113)	–	(349)
Бағамдық айырмашылық	14.465.239	12.840.679	–	–	–
Қаржылай табыс	383.922	6.559	314	–	–
Қаржылай шығын	(369.542)	–	–	–	–
Салық салуға дейінгі пайда/ (шығын)	9.150.800	12.092.008	(354.919)	(3.436)	23.139
Табыс салығы бойынша шығындар	(1.683.639)	(2.435.183)	–	–	–
Бір жылдағы таза шығын	7.467.161	9.656.825	(354.919)	(3.436)	23.139
Топтың бір жыл ішіндегі таза шығындағы үлесі	3.808.252	4.828.413	–	(1.718)	11.338

Топ өзінің «БХК Инжиниринг» ЖШС-гі шығындарының үлесін мақұлдауын тоқтатты. «БХК Инжиниринг» ЖШС-гі 2016 ж. ішіндегі шығындарының мақұлданбаған үлесі жоқ (2015 ж.: 88.730 мың теңге). 2016 жылдың 31 желтоқсанында «БХК Инжиниринг» ЖШС-гі шығындардың мақұлданбаған үлесі 98.307 мың теңгені (2015 ж.: 98.307 мың теңге) құрады.

12. НЕСИЕ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ҚАРАЖАТТАР

2016 жылдың 31 желтоқсанында несие мекемелеріндегі 2.844.107 мың теңге мөлшеріндегі қаражаттар Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріне шоғырланды-

рылды (2015 ж.: 4.149.320 мың теңге). 2016 жылдың ішінде несие мекемелеріндегі қаражаттарға жылына 0,4% дан 15,0%-ға дейінгі мөлшерлеме бойынша сыйақы

есептелді, бұл 324.977 мың теңгені (2015 ж.: 158.351 мың теңге) құрады.

13. ҚОЛДАНЫЛУЫ ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топтың «Казкоммерцбанк» АҚ-ғы аккредитивінде ұзақ мерзімді активтер ретінде топталған 38.145.747 мың теңге мөлшеріндегі (2015 ж.: 43.162.641 мың теңге) ақша қаражаттары болды. Бұл ақша қаражаттары «Karabatan Utility Solutions» ЖШС мен «Doosan Heavy Industries & Construction Co. Ltd» корейлік компаниясының арасындағы газ турбиналық станциясының құрылысы бойынша жұмыстар мен қондырғы-

сы бойынша жасалған келісімі бойынша төлемақы төлеуге арналған.

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топтың «AltynBank» АҚ-да 3.254.258 мың теңге (2015 ж.: нөл) мөлшеріндегі ақша қаражаттары болды. Бұл ақша қаражаты Компания мен LG Chem арасындағы опцион келісімшартының шарттарына сәйкес «Тенгизшевройл» ЖШС мен KLPE-ң дауын шешуге арналған.

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топтың екінші деңгейлі банктерде қолданылуы шектелген, ағымдағы активтер ретінде топталған 20.250 мың теңге (2015 ж.: нөл) сомасындағы ақша қаражаттары болды. Бұл сома 3 айдан 1 жылға дейінгі мерзімге несие мекемелерінде орналастырылған қаражаттар бойынша азайтылмайтын қалдық болып табылады.

14. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Теңгемен алынған ағымдағы банк есепшоттары	31.995.748	26.192.005
АҚШ долларымен алынған ағымдағы банк есепшоттары	13.557.896	798.361
Еуромен алынған ағымдағы банк есепшоттары	15.455	262.739
Ресей рублімен алынған ағымдағы банк есепшоттары	398.733	206
Теңгемен алынған қысқа мерзімді салым ақша	1.680.536	890.840
	47.648.368	28.144.151

Қысқа мерзімді банктік салымдар 3 (үш) айға дейінгі әр түрлі мерзімдерге белгіленген. 2016 жылы салымдар бойынша сыйақы жылына 1% дан 35%-ға дейінгі (2015 ж.: жылына 1% дан 18%-ға дейін) мөлшерлемелер бойынша есептелді. Ағымдағы банктік есепшоттар

бойынша сыйақы жылына 0,2% дан 10,0%-ға (2015 ж.: жылына 0,5% дан 14,5%-ға дейін) дейінгі мөлшерлер бойынша есептелді.

2016 жылы қысқа мерзімді банктік салымдар мен ағымдағы есепшоттар бойынша сыйақы 1.040.851

мың теңгені (2015 ж.: 264.899 мың теңге) құрады.

2016 жылдың 31 желтоқсанында ақша қаражаттары алынған қарыздар бойынша қамтамасыздандыру ретінде салынбады (2015 ж.: нөл).

15. КАПИТАЛ

ЖАРҒЫ КАПИТАЛЫ

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында Компанияның жарғы капиталы сәйкесінше, 233.515.621 мың теңгені және 195.428.730 мың теңгені құрады.

2016 жылы «Самұрық-Қазына» Компанияның жарғы капиталына 33.674.646 мың теңге сомасында ақша қаражаттары мен қосымша жарнасын (2015 ж.: 82.170.115

мың теңге), сонымен қатар, 4.412.245 мың теңге сомасында газ турбиналық электр станциясының жобалау-сметалық құжаттамасы түріндегі жартасын енгізді.

ҚАТЫСУДЫҢ БАҚЫЛАНБАЙТЫН ҮЛЕСТЕРІ

Қатысудың бақыланбайтын үлестері келесідей:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
«БК КҚЗ Казатомөнеркәсіп» ЖШС	744.549	687.531
«ХИМ-плюс» ЖШС	24.878	25.559
«Полимер Продакшн» ЖШС	9.562	11.806
	778.989	724.896

16. САҚТЫҚ ҚОРЛАРЫ

АУЫРТПАЛЫҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР БОЙЫНША САҚТЫҚ ҚОРЫ

Мың теңге	«Тараз химиялық паркі»	КУС	Жалпы
1 қаңтар 2015 ж.	12.480.316	–	12.480.316
Ауыртпалықты міндеттемені мақұлдау	2.017.735	5.958.004	7.975.739
Дисконт есептеу	(361.975)	(345.605)	(707.580)
Таза сақтық қоры	1.655.760	5.612.399	7.268.159
Сақтық қорын пайдалану (8 ескертпе)	(9.053.802)	(2.888.251)	(11.942.053)
Дисконт амортизациясы	276.796	–	276.796
31 желтоқсан 2015 ж.	5.359.070	2.724.148	8.083.218
Ауыртпалықты міндеттемені мақұлдау	582.108	62.650.740	63.232.848
Дисконт есептеу	(95.610)	(4.180.459)	(4.276.069)
Таза сақтық қоры	486.498	58.470.281	58.956.779
Сақтық қорының пайдаланылуы (8 ескертпе)	(2.314.961)	(27.385.957)	(29.700.918)
Дисконт амортизациясы	361.974	345.606	707.580
31 желтоқсан 2016 ж.	3.892.581	34.154.078	38.046.659

«ТАРАЗ ХИМИЯЛЫҚ ПАРКІ» АУЫРТПАЛЫҚТЫ МІНДЕТТЕМЕСІ БОЙЫНША САҚТЫҚ ҚОРЫ

2016 жылдың ішінде Компанияның еншілес ұйымы болып саналатын «Тараз химиялық паркі» іске асыратын «Тараз химиялық паркі» АЭА құрылысы жобасының шығынға ұшырауына байланысты

Топ ауыртпалықты міндеттеме бойынша 486.498 мың теңге (2015 ж.: 1.655.760 мың теңге) сомасындағы қосымша таза сақтық қорын мақұлдады. Жобаның шығынды болуы жобаға салынатын инвестиция-

ның «Самұрық-Қазына» 8,7% (2015 ж.: 12,82%) мөлшеріндегі табысының ішкі мөлшерлемесін пайдалануы кезіндегі оның таза келтірілген құнынан асуы ретінде белгіленді. Бұл ауыртпалықты мін-

деттеме Топ жобаның іске асыруын аяқтауды күткен мерзімдегі сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша мақұлданған міндеттеменің ішкі сомасын дисконттаумен анықталған, мақұлдау күніндегі оның әділ (келтірілген) құны бойынша мақұлданды.

Ауыртпалықты міндеттеме бойынша 486.498 мың теңге (2015 ж.: 1.655.760 мың. теңге) нетто сомасындағы қосымша сақтық қоры Жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте мақұлданды.

2016 жылдың ішінде Топ «Тараз химиялық паркінің» 2.314.961 мың теңге (2015 ж.: 9.053.802 мың теңге) сомасындағы аяқталмаған күрделі құрылысының теңгерімдік құнын азайту жолымен ауыртпалықты міндеттеме бойынша сақтық қордың бір бөлігін пайдаланды (9 ескертпе).

КУС-Ң АУЫРТПАЛЫҚТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ БОЙЫНША САҚТЫҚ ҚОРЫ

2016 жылдың ішінде Компанияның еншілес ұйымы болып саналатын «Karabatan Utility Solutions» ЖШС іске асыратын газ турбиналық станциясы құрылысы жобасының шығынға ұшырауына және құрылыс көлемінің артуына байланысты Топ 58.470.281 мың теңге (2015 ж.: 5.612.399 мың теңге) сомасындағы ауыртпалықты міндеттеме бойынша қосымша таза сақтық қорын мақұлдады. Жобаның шығынды болуы жобаға салынатын инвестицияның «Самұрық-Қазынаның» 8,7% (2015 ж.: 12,02%) мөлшеріндегі табысының ішкі мөлшерлемесін пайдалануы кезіндегі оның таза келтірілген құнынан асуы ретінде белгіленді. Бұл ауыртпалықты міндеттеме Топ жобаның іске асыруын аяқтауды күткен мерзімдегі сыйақының нарықтық мөлшерлемесі бойынша мақұлданған міндеттеменің ішкі сомасын дисконттаумен анықталған, мақұлдау күніндегі оның әділ (келтірілген) құны бойынша мақұлданды. Топ жобаны іске асырылуының аяқталуын болжап отыр.

Ауыртпалықты міндеттеме бойынша 58.470.281 мың теңге (2015 ж.: 5.612.399 мың. теңге) сомасындағы қосымша сақтық қоры капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте Акционермен жинақталған шығынды арттырудың басқа операциялары ретінде мақұлданды.

2016 жылдың ішінде Топ «Тараз химиялық паркінің» 27.385.957 мың теңге (2015 ж.: 2.888.251 мың теңге) сомасындағы аяқталмаған күрделі құрылысының теңгерімдік құнын азайту жолымен ауыртпалықты міндеттеме бойынша сақтық қордың бір бөлігін пайдаланды (9 ескертпе).

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топ негізінен «KLPE» ЖШС объектілеріне 1.119.393 мың теңге (2015 ж.: 403.290 мың теңге) сомасындағы газды жіберуге қажетті «Тенгизшевройл» ЖШС өндірістік объектілерінің кешенді технологиялық желілеріне қосылу шығындары бойынша есептелген міндеттемелерінен, сонымен қатар, 1.067.432 мың теңге (2015 ж.: нөл) сомасындағы опцион келісімшартына сәйкес, LG Chem алдындағы есептелген міндеттемелерінен тұратын басқа да сақтық қорларын көрсетті.

БАСҚА ДА САҚТЫҚ ҚОРЛАРЫ

2016 жылдың 31 желтоқсанында Топ негізінен «KLPE» ЖШС объектілеріне 1.119.393 мың теңге (2015 ж.: 403.290 мың теңге) сомасындағы газды жіберуге қажетті

«Тенгизшевройл» ЖШС өндірістік объектілерінің кешенді технологиялық желілеріне қосылу шығындары бойынша есептелген міндеттемелерінен, сонымен қатар, 1.067.432

мың теңге (2015 ж.: нөл) сомасындағы опцион келісімшартына сәйкес, LG Chem алдындағы есептелген міндеттемелерінен тұратын басқа да сақтық қорларын көрсетті.

17. ҚАРЫЗ

Банк	Валюта	Жабу күні	Пайыздық мөлшерлеме	2016 ж.	2015 ж.
«Еуразиялық даму банкі» АҚ	теңге	1 наурыз 2022 ж.	10,5–16	4.303.828	4.762.723
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	еуро	27 тамыз 2023 ж.	6 ай EURIBOR + 6,5–8,5	4.789.084	4.609.763
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	АҚШ доллары, еуро, теңге	27 тамыз 2016 ж.	9–13,2 жылына	485.352	1.798.001
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	еуро	27 тамыз 2023 ж.	6 ай EURIBOR + 6,5%-8,5%	421.688	1.260.654
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	еуро	27 тамыз 2023 жыл	6 ай EURIBOR + 6,5	1.076.247	1.096.613
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	еуро	27 тамыз 2023 жыл	9–13,2 жылына		460.424
—					
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	еуро	27 тамыз 2023 ж.	6 ай EURIBOR + 6–9	91.444	273.403
Жалпы: қарыздары				11.167.643	14.261.581
Минус: 12 ай ішіндегі жабылатын сома				(1.882.036)	(2.877.022)
Қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі				9.285.607	11.384.559

«ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІ» АҚ-НАН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗДАР

«Еуразиялық даму банкі» АҚ-нан қарыз күкірт қышқылын өндіру зауытын қайта құру шеңберінде алынды. Қарыз 2011 жылдың 31 қазанынан бастап, бірінші траншты алғасын 36 ай өткеннен кейін белгіленген кестеге сәйкес жабылуы тиіс.

Пайыздары алғашқы траншты алғасын 24 айдан кейін, яғни, 2011 жылдың 31 қазанынан бастап жабылады. 2015 жылдың 5 мамырында Топ 2015 жылдың 2 сәуірінен кейін алынған траншке есептелген жылдық 10,5% дан 16%-ға дейінгі сыйақының пайыздық мөлшерле-

месінің өзгеруінің қосымша келісіміне қол қойды.

2016 жылы Топ қаржы шығындарының құрамында (2015 ж.: қаржы шығындарына 155.800 мың теңге жатқызылды, аяқталмаған құрылыс құрамына 374.485 мың теңге капитал жасалды) толығымен ескерілген 590.822 мың теңге (2015 ж.: 530.285 мың теңге) мөлшеріндегі қарызы бойынша пайыздық шығындарын есептеді. 2016 жылдың 31 желтоқсанында төленуге тиісті пайыздардың ағымдағы бөлігі 553.159 мың теңгені (2015 ж.:

611.100 мың теңге), төленетін пайыздардың ұзақ мерзімді бөлігі 425.042 мың теңгені (2015 ж.: 383.630 мың теңге) құрады.

Қарызға алу келісімшартының шарттарына сәйкес, несие қаражаттарының есебінен алынатын қондырғы кепілдік мүлік ретінде ұсынылады (9 ескертпе). 2016 жылдың 31 желтоқсанындағы осы қарыз бойынша қосымша қамтамасыздандыруға сонымен қатар, Компанияның БК КҚЗ Казатомөнеркәсіп қатысуының 100-пайыздық үлесі болып табылады.

«СБЕРБАНК РОССИИ» АҚ ЕБ-НЕН АЛЫНҒАН ҚАРЫЗ

2016 жылдың 31 желтоқсанында «Сбербанк России» АҚ ЕБде бар қарыздар бойынша EURIBOR сыйақы мөлшерлемелерін белгіледі (6 ай + 4,5%) және жуықтағанда 4,5% құрайды. 2016 жылдың 31 желтоқсанында төленетін пайыздар 76.489 мың теңгені (31 желтоқсан 2015 ж.: 163.152 мың теңге) құрады.

2016 жылы қаржы шығындары 623.912 мың теңгені (2015 ж.: 449.545 мың теңге) құрады, оның ішіндегі 138.959 мың теңге сомасы (2015 ж.: 317.844 мың теңге) аяқталмаған құрылыстың құрамын-

дағы капиталына салынып, 484.953 мың теңге сомасы қаржылай шығындардың құрамында ескерілді.

2016 жылдың 31 желтоқсанында осы қарыздар бойынша еуромен және АҚШ долларымен алынған қамтамасыздандыру ретінде Компанияның «Полимер Продакшн» ЖШС-не қатысуының 10-пайыздық үлесін айтуға болады.

2013–2015 жылдардағы еуроның несие желісінің шеіберінде Топқа экспорттық несие агенттігінің сақтандыру сыйақысын төле-

уіне 1.751.984 еуро (баламасы – 2016 жылдың 31 желтоқсанына шаққанда 617.434 мың теңге) мөлшеріндегі қарыз берілді, бұл өз кезегінде қаржыландыру шығындары болып табылады. Осыған байланысты, Топ осы соманы қысқа мерзімді активтердің құрамындағы басқа қаржы шығындарымен мақұлдап, одан кейін игерілген қарыздарға пропорционал болатындай амортизациялады. 2016 жылдың 31 желтоқсанында қарыздар бойынша амортизацияланған комиссиялардың сомасы жоқ (2015 ж.: 11.501 мың теңге).

18. ҚАРЖЫ ШЫҒЫНДАРЫ МЕН ТАБЫСТАРЫ

31 желтоқсанда аяқталған қаржы шығындары мен қаржы табыстарына төмендегілер кірді:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Қаржы шығындары		
Банк қарыздары бойынша пайыздары (17 ескертпе)	(1.075.775)	(287.500)
Дисконттау шығындары	(754.718)	(276.796)
	(1.830.493)	(564.296)
Қаржы табыстары		
Қысқа мерзімді банктік салымдар мен депозиттік есепшоттар бойынша пайыздар	1.365.828	454.840
Дисконттау бойынша табыстар	472.934	–
	1.838.762	454.840

19. БАСҚА ШЫҒЫНДАР МЕН ТАБЫСТАР

31 желтоқсанда аяқталған басқа да шығындарға төмендегілер кірді:

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Басқа шығындар		
Басқа тауарлар мен қызметтерді іске асырудың өзіндік құны	(124.530)	–
	(2.163)	(135.871)

Мың теңге	2016 ж.	2015 ж.
Басқа да шығындар	(23.149)	(140.754)
	(149.842)	(276.625)
Басқа табыстар		
KLPE-ні пайдамен сатып алудан келетін табыс (4 ескерту)	15.573.605	–
Басқа тауарлар мен қызметтерді іске асырудан келетін табыс	127.637	68.030
Айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы бойынша табыстар	116.272	28.923
Өтеусіз алынған мүліктен келетін табыс	97.028	18.939
Басқа да табыстар	86.370	54.280
	16.000.912	170.172

20. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН КЕЛІСІМДЕР

Байланысты тараптармен болған келісімдер міндетті түрде нарықтық мөлшерлемелер бойынша іске асырылмаған, тараптардың арасында келісілген шарттармен жасалды.

